



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3
2022

ISSN 2310-3353



PUBLISHINGS of Kostanay State Pedagogical Institute	 BAITYRSYNOV UNIVERSITY	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАҒЫЫСЫ	ВЕСТНИК Костанайского государственного педагогического института
--	--	--	---

2022 ж., шілде, №3 (67)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бас редактор: Исмуратова Ғ.С., экономика ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары: Ташетов А.А., PhD докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

Жаксылыкова К.Б., педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

Благодарзумына О.Н., экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

Доман Э., лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

Жилбаев Ж.О., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

Кульгильдинова Т.А., педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

Монова-Желева М., PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

Чаба Толгизи, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.04.2019 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті)

Тел. (7142) 54-84-43 (258)

№3 (67), июль 2022 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова*

Главный редактор: *Исмуратова Г.С.*, доктор экономических наук, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан

Заместитель главного редактора: *Ташетов А.А.*, доктор PhD, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия

Жаксылыкова К.Б., доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан

Благодарная О.Н., кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы

Доман Э., доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия

Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия

Жилбаев Ж.О., кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан

Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция

Катцнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США

Кульгильдинова Т.А., доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия

Монова-Желева М., доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария

Чаба Толгизи, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19.04.2019 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118
(Департамент науки и послевузовского образования)
Тел. (7142) 54-84-43 (258)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздің қолыңызда «ҚМПИ Жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналының кезекті саны. Біз сіздердің назарларыңызға басылымның 2022 жылғы үшінші санын Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап, ұсынып отырмыз.

Басылымда университетіміздің ғалымдары мен студенттерінің өзіндік ғылыми зерттеу жұмыстары жарияланады.

Журналдан сіз өзіңіздің ғылыми зерттеулеріңізді дамытуға арналған қызықты тақырыптарды, ғылыми-әдістемелік тәжірибені қорытуға арналған материалдарды, университет оқытушыларының инновациялық жаңалықтары мен жаңартылған озық педагогикалық тәжірибелерін таба аласыз. Журнал бөлімдері біздің университеттің жетекші ғалымдарының,

әлеуметтік серіктестердің, жұмыс берушілердің, шетелден шақырылған ғалымдардың материалдарын қамтиды. Журналдың бұл санында аталмыш бөлімдер сіздерге ғылыми мәтінді түсінуге арналған әдістер, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жұмыстар, инклюзивті білім беру, студенттердің оқу мотивациясын арттыру, ана тіліміз арқылы ағылшын тілін үйрету сынды тағыда басқа көптеген пайдалы тақырыптар ұсынылып отыр.

Редакцияға келіп түскен әрбір материал сараптамалық тексеруден және авторлық шолудан өтеді. Журнал материалдарына қойылатын талаптар мақала авторының ғылыми ұстанымдарының нақты және айқын болуы, берілген жағдайды сапалы өзгерте алу, автордың барынша мәселені жақсартуға деген ұсыныстың болуы, мәселені қоя білу және т.б. Бұл нөмірге профессор, аға оқытушылармен магистранттардың бірлесе жазған жұмыстары енгізілген. Материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған.

«ҚМПИ Жаршысы» журналы басылымдар бағытын кеңейтеді. Бұл көпөлшемділік ғылыми қордың жаңаруы мен толықтырылуына ықпал етеді. Журналдың редакциялық алқасы материалдар авторлар мен оқырмандар арасында үлкен қызығушылық тудырады деп үміттенеді. Біз сіздерден қызықты және сапалы жұмыстар күтеміз.

Исмуратова Г.С.,
«ҚМПИ Жаршысының» бас редакторы,
экономика ғылымдарының докторы

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

В ваших руках очередной выпуск научно-методического журнала «Вестник КГПИ». Мы представляем вашему вниманию третий номер издания 2022 года, посвященный 150-летию юбилею Ахмета Байтурсынулы.

В научно-методическом издании публикуются результаты исследований ученых и студентов университета.

В журнале вы найдете интересные темы для развития собственных исследований, материалы обобщения научно-методического опыта, актуальный обзор инновационных находок и передовой педагогический опыт преподавателей университета. В разделах журнала располагаются материалы ведущих ученых нашего университета, социальных партнеров, работодателей, приглашенных ученых из зарубежья. В данном выпуске журнала представлены статьи по академическому письму, конкретно, по методам для понимания научного текста, материалы по методике работы с детьми дошкольного возраста, актуальные проблемы инклюзивного образования, пути и методы повышения учебной мотивации студентов, вопросы изучения английского языка с помощью родного языка и многое другое.

Каждый материал, поступивший в редакцию, проходит экспертную проверку и рецензирование. В основе требований к материалам журнала – ясность и четкость научных позиций автора статьи, научный стиль изложения, рекомендации автора по методологии улучшения, качественного изменения ситуации, постановка проблемы и т.д. В этот номер включены работы, написанные профессорами, старшими преподавателями совместно с магистрантами. Материалы написаны на казахском, русском и английском языках.

Журнал «Вестник КГПИ» будет расширять направления публикаций. Такая многоаспектность, будет способствовать обновлению и пополнению научного фонда. Редакция журнала надеется, что материалы вызовут большой интерес у авторов, у читателей. Ждем интересных и качественных работ.



Исмуратова Г.С.,
главный редактор «ҚМПИ Жаршысы»,
доктор экономических наук

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 82.0 (574)

Қалқаман Жақып

А. Байтұрсынов атындағы

*Қостанай өңірлік университетінің профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты*

*Ахмет Байтұрсынов мұражайының директоры,
Қазақстан, Қостанай*

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШ РУХЫ»

Түйін

XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдегі деңгейге, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай, адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарына негізделген талай тарландар тарих сақынасына шықты – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов.

***Кілт сөздер:** Алаш қозғалысы, ұлт-азаттық қозғалыс, қазақ автономиясы.*

1 Кіріспе

Алаш қозғалысы XIX – ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, жоғары сатысы. Ахмет Байтұрсынұлы оқу білімді ағартушылықты «ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көкке теңгеретін» бостандық жолы деп таныды. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы тек ағартушы саласында қалмай, оны ұлт-азаттық қозғалысының ең бірі айбынды қаһарманы ретінде қабылдауымыз керек. Әлихан Бөкейханов қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық, демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына салса, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт-азаттық қозғалысына гуманисттік, ұлттық сипат берді.

Халқымыз үшін сол кездегі ең маңызды мәселе – ұлттық тәуелсіздігімізді алу, қазақ қоғамын өркениетті әлемдік қауымдыстықтың қатарына енгізу.

Осы жолда Ахмет Байтұрсынұлы қазақ автономиясын құруда, бөлшектеніп кеткен қазақ жерін түгендеуде, аштарға көмек ұйымдастыру да, халық ағарту саласын жүйеге келтіруде, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз етуде, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қоюда өлшеусіз еңбек сіңіргенің бүгінгі ұрпақ білулері керек.

2 Материалдар және әдістер

Ахмет Байтұрсынұлын өз замандастары «Ғылымның алғашқы шамшырағы» деп жоғары бағаласа, Сәкен Сейфулин Ахмет Байтұрсынұлын «Ұлтының ар намысы бола білген» десе, Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлын. «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялысының қолбасшысы, Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейін Ахметті қоямыз. Бұл – төрт бұршымыздың түгелденгендігінің белгісіндей» деп толықтыра түседі.

Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахмет Байтұрсынұлына «Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді, ол сенің ағаң емес па? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ» – деп қортындылайды.

«Алаш партиясы» XX ғасырдың басындағы Ресейдегі көптеген саяси партиялардан жоғары тұрады, сауатты және мықты партия болды. Себебі «Алаш» партиясына кіру үшін:

1. Партия бағдарламасын қабылдап оны іске асыруға тырысатын, асығатын болулары керек.

2. Өтірік айтпайтын, шындықтан қайтпайтын.

3. Туыскандыққа бүйрегі бұрмайтын.

4. Дүниеге қазағып сатылмайтын.

5. Шыншыл, әділ, тура адамдар осы партияға мүше болатын. Әттең бүгінгі Қазақстандағы саяси партияларға осы талаптар жетіспейді-ау!

Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын сөзі ісіне үйлеспейтін, Алаш жолынан ауып, айтысып, тартысуға жарамайтын, ауырлық болса жалт беретін, қорқақ, айнымалы мінезі бар адамдар Алаша партиясына кірмейтін.

Алашшылар қарапайым пендешілікке салынып, жиған білімі мен лауазым-қызметін жан бағуға да арнай алар еді. Бірақ ол жолға түспеді. Оған ары да, халыққа деген адалдығыда жібермеді.

Алаш қайраткерлері ұлттық сана-сезімді мемлекеттік деңгейге көтере білді. Олардың басты мақсаты – ұлттық мемлекет құру. Ондай мемлекет құрды. Алаш орда үкіметі екі жыл үш ай ресми билік құрды. Алашшылардың мінездері мықты, рухтары күшті болатын.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Біздер «ұлттық рух» – деген сөздерді жиі қолданамыз, Ахмет Байтұрсынұлының «рух» туралы арнайы трактаттары болмаса да еңбектерін зерттеп, зерделеп қарасақ «рухты» айқындайтын қасиеттерді құрамдас бөліктерін табамыз. Ахмет Байтұрсынұлы бір сөзбен ұлттық рухты «қазақылық» деген.

Ал оған жататын қасиеттер: ана тіліміз, ұлттық әдет-құрыптарымыз, билер дәстүрі, батырлар үлгісі, жыраулар өнері, ақындық өнер, қазақтың қара өлендері т.б.

Біз Тәуелсіз деген сөзді де жие айтамыз, әсіресе саяси мағынада. Иә, саяси тұрғыдан біз тәуелсізбіз. Ал Тәуелсіздік тек саяси дербестік ғана емес. Сонымен қатар уланған сана, әлсіз ой, намыстың мұқалуы, рухымыздың тайыздылығы. Бұлардан арылатын бір жол ол А. Байтұрсынұлы айтқан қазақылықты бойымызға сіңіру. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны мен шығармашылығын, жалпы Алашшылардың ұлықтаудың сыры неде? Ең алдымен қазақтың қазақтығын, қазақтың қазіргі тілі мен әдебиетін, жалпы мәдениетін қалыптастырған, бүгінгі еліміздің іргесін қалап, шекарасын белгілеп кеткен азаматтарымызды ұлықтау-бүгінгі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде үлгі тұтатын өнеге болу үшін ауадай қажет.

Тарихтан белгілі нәрсе Алашшылар айдалды, атылды, отбасылары азапталды, көбінің ұрпақтары да қалмады. Алайда олрадың соңғы демі таусылғанша «Елімнен, халқымнан, ұлтымнан жаным садақа» деп өмірден өтті. Міне осы қасиеттерді бүгінгі және ертенгі мемлекеттік қызметкерлердің бойына сіндіре білсек, Тәуелсіз Қазақстанның келешегі кемелді болмақ. Өткенге тағзым – тарихтан тағлым деген міне осы болар еді.

5 Қорытынды

Қорытындылай келе айтпағым: Тарихымыздан белгілі Алаш орталығы үш жерде орналасқан Семей, Орал, Қостанай-Торғай өңірлері. Алдыңғы екі өңірде Алашшыларға арналған аллеялар, монумент-ескерткіштер бар. Ал біздің өңірде өкініштісі әлі жоқ. Қостанай қаласының орталығында «Алаш аланының» бой көтеруі жайында билік басшыларына ұсыныс жасап, айтып келе жатқанама бес жылдан асты. Қарсылық жоқ. Уәде бар. Сондықтан кешіктірмей сенімімізді ақтап, үмітімізді үзбесе екен демекпіз. Бұл біріншіден.

Екіншіден, біраз жылдар бойы айтылып келе жатқан ұсынысым сәті түсіп, университетіміздің атауы Ахмет Байтұрсынұлы емес, Ахмет Байтұрсынұлы болып өзгеруіне байланысты керекті құжаттарды дайындап жатырмыз.

Үшіншіден, «Жаңа Қазақстанды» құрып көтеретіндер, дем беріп дамытатындар, өркендеп өрлеуіне жол ашатындар жаңа және жас кадрлар болса керек. Соларды мемлекеттік қызметке дайындағанда міндетті түрде Ахметтану, Алаштану пәндері оқытылсын.

Сондықтан тәуелсіздік пен ұлт тағдыры жолында қызмет кылған алыптарымыздың іс-әрекеті мен өнегелі ғұмырын әспеттеу, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру отаншылдық, ұлттық сезімді қалыптастыруда ерекше маңызды екені даусыз. Қазақта «Өшкен жанды, өлген тірілді» деген сөз бар. Егер біз өзімізді Алаш қаһармандарының ізбасарымыз деп есептесек,

олардың биік рухани және азаматтық ерлігін бүгін мен болашақтың қасиетті қазынасы айналдыруға міндеттіміз. Отанға шынайы, адал қызмет етудің үлгісі – Алаш зиялылары!

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. Жинақ: М 44 Астана: Елорда, 1998. – 248 б.
2. Тәуелсіз Қазақстан жолындағы мәдени-ағартушылық және саяси тұрғыдан «Алаш» партиясы көшбасшыларының халыққа қызметі. – Алматы: Мектеп, 2017 – 160 б.

Материал редакцияға түсті: 19.04.2022

КАЛКАМАН, Ж.

«АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ – ДУША АЛАША»

В Смутное время в стране начала XX века существовало движение политических сил – Алаш. В начале этого движения в историю вышли многие тарланы, политическая культура которых соответствовала мировому уровню, времени учебы, грамотной, профессиональной подготовки, нравственно-нравственные качества которых основывались на многовековых ценностях предков А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова.

Ключевые слова: Алашское движение, национально-освободительное движение, казахская автономия.

KALKAMAN, ZH.

«AKHMET BAITURSYNULY – THE SOUL OF ALASH»

In the Time of Troubles in the country at the beginning of the twentieth century, there was a movement of political forces – Alash. At the beginning of this movement, many Tarlans whose political culture corresponded to the world level, the time of study, competent, professional training, whose moral qualities were based on the centuries-old values of the ancestors of A. Bukeikhanov, A. Baitursynov, M. Dulatov, went down in history.

Key words: alash movement, national liberation movement, kazakh autonomy.

ӘОЖ 82.0 (574)

Мырзағалиева, Қ.М.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты*

Нұрсұлтанова, А.С.

*педагогика ғылымдарының магистрі,
психология кафедрасының оқытушысы,
П. Чужинцев атындағы
Экономика және құқық институты,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫНЫҢ АТА-БАБАЛАРЫ

Түйін

Шежіре – ата-бабамыздың аты-жөні, тарихы. Біреу білсе, біреу біле бермеуі мүмкін, ата-әкенің әкесі, жеті атадан санағанда үшінші ұрпақ болса, баба, жеті атадан санағанда төртінші ұрпақ, қасиетті, ұзақ ғұмыр сүрген қария – атамыздың әкесі. Қазақ тарихында өткеніміз жайында сыр

шертіп, рулас, аталас, бауырлас ата-бабаларымыздың қандай кісілер болғанын, жалпы қазақ тарихын зерттеуде шежіренің атқарар рөлі зор.

Кілт сөздер: *шежіре, тарих, ұлт, ұрпақ, ұстаз, ру, Арғын.*

1 Кіріспе

Қазақ тарихында өткеніміз жайында сыр шертіп, рулас, аталас, бауырлас ата-бабаларымыздың қандай кісілер болғанын, жалпы қазақ тарихын зерттеуде шежіренің атқарар рөлі зор.

Қарағандылық ғалым Мақсат Алпысбес «Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде» атты докторлық диссертациясында қазақ шежіресіне жан-жақты талдау жасай отырып, олардың аса маңызды тарихи дерек екендігін дәлелдейді [1].

Махмұд Қашқари (1029-1101) «Түрік тілінің сөздігі» кітабында «Мен бұл кітапты хикмет сөздер, сежілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, ремез және нәсір секілді әдеби сөздермен безендіріп, лесексұс әліппесі ретімен түзеп шықтым» [2: 591], – деп жазады.

Бұл энциклопедиялық туынды 1072-1078 жылдары жазылғанын ескерер болсақ, «шежіре» (сежілер) сөзін алғаш қолданған М.Қашқари деуге негіз бар.

«Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, кешегісіз бүгін жоқ. Ата-бабаларымыз болмаса, біз қайдан пайда болар едік?! Сондықтан да қазақ «Өлі риза болмай, тірі байымайды», – деп тарихымызды ұмытпай, жадына тоқып, кейінгі ұрпаққа ауызша да, жазып та қалдырып отырған. Оған көңіл бөлмегендерді сынап, мінеп «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп азамат қатарына қоспаған.

2 Материалдар және әдістер

Шежіре жазу бүкіл түрік халықтарында бар десек, артық айтқандық емес. Мысалы, башқұрттар біз сияқты «шежіре» десе, татарлар «шаджара», түркімендер «шежіле», қырғыздар «санджыра», қалмақтар «шаштир», монғолдар «цээлинджээр» деп атайды екен.

Бұл, түбіміз бір түркілігімізді, ағайындығымызды аңғартады.

1911 жылы Орынбор мен Қазан қалаларының баспаханасында басылып шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегі кітап болып шыққан тұңғыш шежірелер жинағы. Бұл кітапқа А. Байтұрсынұлы 1926 жылы жазған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өз пікірін білдірген [3;247].

Қазақтың алғашқы шежірешісі Өтеміс қажы. Ол ортағасырлық белгілі тарихшы. Оның 2005 жылы жарық көрген «Шығыс нама» кітабы сұлтандар шежіресіне арналып жазылған.

Нұржан Наушабаевтың «Манзумат қазақия» (Қазан, 1913) кітабында қазақ шежіресінен біраз мағлұмат бар. Нұржан шежірені өлеңмен жазған.

Осы сияқты М.Тынышбаевтың, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің, Файзолла Сатыбалдыұлының, Сабыржан Шүкіровтің, Қоғабай Сәрсекеевтің, т.б. шежіре кітаптары жарық көрді. Әсіресе егемендігімізді алғаннан кейін әр тайпа, ру өз шежірелерін шығара бастады.

Ахмет Байтұрсынұлы шежіреде «уақиғаны жылдап тізгендіктен басқа еш тәртіп болмайтынын» айта келіп, «Ел шапқан мен қатын-бала шапқан әңгімесі қатар тұрады; бір жерінде әңгімені қойылтып, маңызды түрде айтса, екінші жерінде рас болған уақиғаны сөйлетсе, екінші жерінде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді» [3; 247], – деген пікір айтады.

Дегенмен, қазақ тарихында өткеніміз жайында сыр шертіп, рулас, аталас, бауырлас ата-бабаларымыздың қандай кісі болғанын, жалпы, қазақ тарихын зерттеуде шежіренің атқарар қызметі зор.

Сабыржан Шүкірұлы әдеби шығармаларда ғылыми-зерттеу, сондай-ақ энциклопедиялық еңбектерде кіші Арғын деп аталатын Арғын руының Торғай даласын мекендеген бір өркенінің шежіресіне арналған «Атамды менің сұрасаң...» деп аталатын этнографиялық эссесінде «ру атын шығарған Арғынға дейін де, кейін де бірнеше Ата болған шығар», – дей келіп, Арғын руын Жанарыстан таратады [4;59].

Осы жерде бір айта кететін жайт – Сабыржан ағамыз А. Байтұрсынұлының шежіре жайындағы ой-пікірін ескерген тәрізді. Бірді айтып, бірге кетпей, мейлінше жүйелеп, жинақтап, талдап, таразылап, айқындап, бұрысын бұрыс, дұрысын дұрыс деп дәлелдей жеткізеді.

«Арғын руы – Қарақожа...» (С.Шүкірұлы)

Қарақожа кім?

«Ер Едіге» жырында:

Өткір семсер байланған

Жау қарасын көргенде

Жауар күндей торланған.

Кетер құстай сайланған,

Алладан тілек тілеп зарланған

Арғындардың басы едің,

Қарақожа батырым[5;16]. –

делінсе, Бұқар жырау:

Бәрімізді сұрасаң,

Қотанбайдың баласы,

Арғындардың сабасы.

Қарақожа бас болып,

Қабыл да болған дуасы» [6; 16]

деп жырлайды.

«Арғын аға – Қотан тайшы...» (Шүкірұлы С.)

Қотан тайшы қандай кісі болған?

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Әлкей Марғұлан: «... Халық аңызына қарағанда ақындық өнердің алғашқы өкілі Құтан ақын болса керек, – деп жазады. – Қарқаралы, Баянауыл, Көкше өлкелерінің ақындары өздерін «Құтанның ұрпақтарымыз» – деп мақтан тұтатын болған. Мәселен, бірде қазіргі Абай ауданындағы кеудесі шежіре, көне көз қариясы Жарқын ақсақал Жанақ ақынды сынау барысында: «Ата-бабаңда ақын-жыраулар болды ма?» – деп сұрапты. Жанақ былайша жауап қайтарса керек:

Ертеде Арғын ата болған зерек,

Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.

Арғынның түп атасы ақын Құтан

Өлеңге бізден ұста болса керек» [7;327]

«Алтын орда» деп аталатын балалар энциклопедиясында бұл өлеңді Көтеш ақын айтқан делінеді [6,16].

Сондай-ақ Ә.Х. Марғұлан орыс шежірелерінде Құтанның ру басы болғандығын да айтады.

Шәмшиябану Сәтбаева көне қазақ поэзиясының тарихында Құтан тайшының аты және оның баласы Ақжолды (Дайырқожаны) Қобыланды өлтіріп кеткенде шығарған жоқтауының

«Қарақыпшақ Қобыланды нең бар еді құлыным,

Сексен асып, таянғанда тоқсанға

Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?»

деген жолдарын келтіріп, жоқтаудың толық мәтіні бізге жетпегеніне өкініш білдіреді. Ал «бұл есімнің бірде Қыдан, бірде Қодан, бірде Құтан болып аталуы әркімнің (сырт жұрттардың) әрқалай сөз қолданысына байланысты болар деймін,» – дейді Сабыржан Шүкірұлы. Бұл анық жайт – орыстардың аты-жөнімізді дұрыс жазбағанынан әлі күнге дейін аты-жөніміз бұрмаланып, (Әмірханды американ деп жазған сияқты) түсініксіз күйге түскен жоқ па?!

Құтан – құс (Көкқұтан, аққұтан). Құс аң емес, алайда қазақ «аң-құс» деп екеуін қо-сақтап айтатыны шындық. Құлан деген сөздің төркіні – «құла аң» емес пе? Құлан да аң емес, жануар ғой...

Қотан – қой отарын түнде түнететін, күндіз жусататын орын. Бұқар жырау Қотанбай дейді. Қотаным бай болсын деп осылай атаған да болуы мүмкін.

Ш. Сәтбаева Құтан – Қыдан тайшы моңғол шапқыншылығының соңғы кездерінде өмір сүріп, жасында, есейгенде топ басқарып, жаумен қақтығыста болған деген деген жорамал жасап, маңғолдардың ыза-өшпенділігі содан күшейгенін айтады. «Қыдан басқарған топ бірден жауға бағына салмай, әбден қарсыласып баққаны кейбір деректерден байқалады, – дейді автор. – Маңғолдар жағының күші басым болғандықтан шығар, Қыдан тайшы бір-сыпыра адамды, өз тобын аман алып қалу үшін көршілес отырған орыс князьдықтарының біріне – Галицкий князьдығына жеткізген тәрізді. Сол кезде орыс князьдықтары да бірлікте емес, бөлек. Орыс жылнамаларының бірінде Құтан князь ретінде аталатыны туралы Ә.Х. Марғұлан жазған дерек қызғылықты».

Ш. Сәтбаева осы жайттарды баян ете келіп, біраз деректер маңғолдар тарихын арнайы зерттеген ғалым Эренжен Хара-Даван еңбегінде де бар екенін ескертеді [7,323-327].

Ш. Сәтбаеваның бұл жазбасын ғалым Эрен-жен Хара-Даванның «Чингис хан как полководец и его наследие» культурно-исторический очерк Мангольской империи XII-XIV веков» атты кітабындағы «Тем временем русские князья против неведомого врага, о котором половцы с своим кн. Котян, тестем русского князя С. Мстислова Галицкого, передают ужасы, собирают сильное ополчение с которым и выступают против монголов, присоединив к себе оправившихся после порожения половцев» деген сөзі растай түседі [6; 323-327].

Енді бір деректерде Құтан тайшының 1452 жылы Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрғаны айтылса [8;], тағы бірінде Қоданның би, ақын, жырау, Арғын руының көсемі, Қазақ хандығының құрылуының куәгері, тарихи тұлға екендігі, XIV ғасырдың 70 жылдары туып, XV ғасырдың 60 жылдар шамасында қайтыс болғаны, Арғын тайпасының ақындары оны өздерінің түп атасы санайтыны әңгіме болады [6;16].

Бұл айтылғандардан Құтанның ер жүрек батыр, би, ақын, айналасына өте ықпалды билеуші, ел қамын ойлаған ерен тұлға екенін білеміз.

«Ақжол би – Дайырқожа...» (Шүкірұлы С.)

Еңсегей бойлы ер есімнің сенімді серігі бола білген Аманжол Есімнің хандық құрған тұсында, яғни 1596-1640 жылдары ғұмыр кешкен.

Ақжол (Дайырқожа) – би. Үнемі ақ, шындықтың шырайын шығарып нақ сөйлегендіктен, әрі әділ қазылық жасаған оны халық Ақжол атап кеткен. Жаугершілік заманда есімі ел ұранына айналған айтулы тұлға.

1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап Ташкент қаласында, кейін 1925-1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, Кеңес мекемелерінің органы болып Шымкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті мен академик Р. Нұрғалиев құрастырған 1991 жылғы А. Байтұрсынұлы кітабының (Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу) «Ақ жол» аталуы да жайдан-жай емес.

Газетті шығарушылар да, кітапты баспаға дайындаушы да Алаш азаматтары жолының ақтығын, әрі Ақ жол бидің де есімін ескерген сияқты.

Ғазымбек Бірімжан «Ақ жол» газетінің уақытша редакторы, 1921-1922 жылдары редакторы болған (Ақжол – Ғ. Бірімжанның да бабасы).

...Шақшақ... (Шүкірұлы)

Шақшақтың аты ел аузына ілініп, тарихқа енуі қалмақтарды Қап тауына қарай қусыра қуған кезге тұспа-тұс келеді.

Еділдің арғы бетінен жау қарасы көрінгенде бергі жақтан ала тайына міне шауып, он жеті жасар Шақшақ суға қойып кетеді. Ол сол бетінде «Әркімнің өз атасының аты дәрі, менің ұраным – Аманжол», – деп ұрандатқан күйде жауға ұмтылады. Осы сәтті күтіп тұрғандай Арғын әскері жас батырдың соңынан ереді. «Дем беруші табылған олар бие сауым уақыт ішінде жау шебінің тас-талқанын шығарады. Жеңіске жетіп әбден масайрағаннан кейін ғана олар бүгін өздерін киелі ұрысқа Аманжол батырдың баласы жас ұлан Шақшақ сынды қол-

басшының бастап шыққанын ұғады. Сол күннен бастап тоқал арғынның жауынгерлі ұра-ны ретінде «Аманжол» алынады» [10;16].

1943 жылы Алматыдағы опера және балет театрында өткен республикалық ақындар айтысында Халық ақыны Нұрхан Ахметбеков Солтүстік Қазақстан облысының ақыны Молдахмет Тырбиевпен айтысқан кезде өзін, елін көрермендерге таныстырғанда:

Сайраған Сарыарқаның бұлбұлымын,
Торғайдың топтан озған дүлдүлімін.
Атамыз ала тайлы батыр Шақшақ,
Сомалтын бәйбішенің кенже ұлымын.
Еділден атам Шақшақ есіп өткен,
Жайықтың жалпақ суын кешіп өткен [11; 49], – деп жырлауы сондықтан.

5 Қорытынды

Шақшақтың ұрпақтары – Жәнібек Қошқарұлы (Шақшақұлы да делінеді), Ахмет Байтұрсынұлы да билік үшін күрескен жоқ, ел тәуелсіздігі, қазақтың мемлекеттігі үшін күресті. Екі тұлғаның да қазақ үшін аса қадірлі болуының бір себебі осында жатса, енді бір себебі – бірінің батырлығында, бірінің ғалымдығы, ақындығында ғана емес, ақыл-парасаттарының кемелдігінде, айқайламай, ойсыз атойламай, қандай мәселе болмасын, байыппен қарап, байқампаздық танытып, байсалдылықпен шешулерінде, рухани жан-дүниелерінің байлығында, тектілігінде. Екеуі де көсемдікке лайық.

Ибраһим Ағытаев құрастырған Үмбетей батырдан тарайтын Аралбай ата ұрпағының «Өзінен бастап аяқ жетер жердегі қазаққа ірілігімен танылғаны» айтылады [4;180].

«Бергі атамыз Аралбай,
Шыға бір шапқан қамалға-ай,
Қызыр дарып, ер болып,
Нәсілі қалды заманда-ай», – деп Қарпық акын айтқандай, Аралбай да батыр.

Шошақтан тараған Ақтас, Ахаңның әкесі Байтұрсын, Сабалақ, Ерғазы, Ермағанбеттер де осал адамдар емес. Оған Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың Торғай уезінің басшысы Яковлевті әпербақан – зорлық-зомбылығына шыдамай басын жарып, Сібірге қоторміне айдалулары айғақ. Оны Қарпық Шолақұлы Ақтас пен Байтұрсын айдаудан келгендегі марқайыс толғауында:

Айбатың жұрттан асқан арыстаным,
Ақылың дария мысал данышпаным,
Халқыңды сырт дұшпанын арашалап,
Қам ойлап қарашаға болысқаның.

Өзіңнің болып тұрған заманында,
Не дүлділ, не жүйрікпен жарысқаның.
Он бес жыл Сібірге айдап жіберсе де,
Бағынбай Яковлевке қарысқаның.

Суырып пәуескеден басын тіліп,
Барында қайратыңның қарыштадың.
Алты жыл айсыз, күнсіз жерде тұрып,
Сонда да ақылыңнан ауыспадың.

Дегенге мен қазақпын түгел жетті,
Істеген ерліктерің дабыстарың...
Тұлпардан қалған тұяқ топқа түсіп,
Халыққа көрсетіп тұр шабыстарың! [12; 232], – деп жырлайды.

«Тұлпардан қалған тұяқ» – Ахмет Байтұрсынұлы еді.

«Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түр-

лі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтардан ғана алады. Тарихшылардың мақсаты уақиғаның уақытын ғана көрсету яки не түрде болған қысқа сиқын көрсету ғана емес, ол уақиғаның болуына қандай нәрселер, нендей уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру» [3;250], – дейді Ахаң.

Біз бұл мақаламызды жазғанда Ахаңның осы айтқандарын басшылыққа алып, Арғын тайпасының, Ұлтының ұлы ұстазы туып-өскен Үмбетей ұрпақтарының шежіресіне көз жүгірте отырып, белгілі ғалымдардың жазбаларының өзін елеп-екшеп, түрлі мағлұматтармен салыстырып, шындыққа жүгіндік, аңыз әңгімелерге көп тоқталмадық. Өйткені «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих. Тарихтың қызметі бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, иә топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» [6;249], – дейді Ахаң. Аңыз әңгімелердің көбі шындыққа жанаса бермейді. Әрі олар жайындағы аңыздарды қозғасақ, сөз ұзаққа созылары анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Алпысбес М. «Қазақ шежірелері-тарихи дерек ретінде» докторлық дәреже алу орындалған автореферат. Алматы. Шығыстану институты, 2007.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Алматы, 1997.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы; «Ел-Шежіре», 2013.
4. Шүкірұлы С. Атамды менің сұрасаң... Этнографиялық эссе. – Алматы: «Нұр-Принт-75». 2011.
5. Едіге жыры. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. 39 том. – Астана: «Фолиант», 2006.
6. Бұқар жырау. Бәрімізді сұрасаң... Алтын орда: Қазақстан балалар энциклопедиясы.- Алматы: «Аруна» баспасы, 2006.
7. Сәтбаева Ш. Уақыт шуағы. Шәкәрім Құдайбердиев. Бес томдық шығ. жинағы. V том.- Астана; Елорда, 2013.
8. Иса Г. 15.12. 2015.
9. Қодан тайшы. Оқымыстылар, ағартушылар. – Адамдар- каталог файлов. – Казахский портал. 03.02. 2022.
10. Қосабаев Ж. Атамекен ақиқаты: Торғай туралы толғау. – Алматы: Айқап, 1995.
11. Оспанұлы С.Халықтың тілін діл еткен ақын. Ахмет өскен ақындық орта. – Қостанай. Шапақ, 2004.
12. Торғай ақындарының антологиясы. 1- том. – Арқалық, 2014.

МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., НУРСУЛТАНОВА, А.С. РОДОНАЧАЛЬНИКИ АХАНА БАЙТУРСЫНОВА

Генеалогия – это имя, история наших предков. Кто-то знает, кто-то может не знать отца – отец отца, если считать от семи дедов, третье поколение, если считать от семи дедов, то четвертое поколение, святой, долгожитель-отец деда.

Родословная играет важную роль в изучении казахской истории в целом, рассказывая об истории казахского народа, каким народом были наши предки, двоюродные братья и братья.

Ключевые слова: генеалогия, история, нация, поколение, учитель, род, Арғын.

MYRZAGALIEVA, K.M., NURSULTANOVA, A.S. ANCESTORS OF AKHAN BAITURSYNOV

Genealogy is the names and history of our ancestors. Someone knows, but someone may not know the name and who the grandfather was - the father of the father, if you count from seven grandfathers – the ancestor, if you count the fourth generation from seven grandfathers, this is a sacred, old man who lived a long life – this is grandfather's father.

Pedigree plays an important role in the study of Kazakh history in general, telling about the history of the Kazakh people, what kind of people were our ancestors, cousins and relatives.

Key words: genealogy, history, nation, generation, teacher, clan, argyn.

ӘОЖ 82.0 (574)

Оспанұлы, С.О.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,

Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты

Мырзағалиева, Қ.М.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,

Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты

Нұрсұлтанова, А.С.

педагогика ғылымдарының магистрі,
психология кафедрасының оқытушысы

П. Чужинцев атындағы

Экономика және құқық институты,

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

АЛАШЫЛ, ҰЛТШЫЛ, ҚАҺАРМАН ҚАБДЕШ

Түйін

Қ. Жұмаділов романдарында Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы есімі жиі қайталаанады. Мақалада оның себебі, 1916 жылдары Қытай еліне ауып кеткен Қытай қазақтарының оралуына елеулі үлес қосқан жазушы Қ. Жұмаділовтің азаматтық ерлік ісі, Ұлы Ахаңның есімін біз атауға зар болып жүрген Кеңес өкіметі тұсында Қытайда, Шығыс Түркістанда тұратын қандастарымыз оның оқулықтарымен сауаттарын ашқаны айтылады.

Кілт сөздер: Шәуешек, роман, Тарбағатай, Алаш, Қытай, Әліп би, араб жазуы, Үрімжі, Мәскеу, консул, азаматтық парыз.

1 Кіріспе

«Бұл күнде Шәуешек шаһарындағы ел көзіне алдымен шалынатын ең айбынды да алып ғимарат қалалық түрме еді» [1, 4].

Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының және «Барыс» орденінің иегері, Тарбағатай, Ұржар, Аягөз аудандарының құрметті азаматы Қабдеш Жұмаділовтің 1981 жылы Алматының «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Соңғы көш» романының екінші кітабы осылай басталады.

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Тарбағатай тауының күнге бетіндегі Шәуешек қаласынан не бәрі елу шақырымдай жердегі «Малдыбай бұлағында» дүниеге келген.

«Шәуешек – менің көзімді ашып көрген тұңғыш шаһарым ғой. Кейін дүниенің талай қаласын аралап көрсем де, көңілімдегі Шәуешек бейнесі көмескі тартқан емес» [2, 83], – деп өзі айтқандай, Қ.Жұмаділов бұл қаланың тарихын, тұрмыс-тіршілігін ең жақсы білетіндердің қатарында.

1918 жылы Алаш қайраткерлерінің Шәуешек қаласына барған сапары жайында жазған қаламгер Аманжан Жақыппен бірге өскен. Ол жайында «Таңғажайып дүние» атты ғымырнамалық романында жиі әңгіме қозғалады.

1960 жылдары сол Алаш қайраткерлерінің (Құнанбай, Тәттімбет, Ахмет) мақсат-мүддесін жалғастырғандардың бірі де Жоңғар шапқыншылығына (1960 жылдар) қарсы тұрып, қазаға ұшыраған Бұқа батырдың ұрпағы, есімі төртуыл елінің ұранына айналған Баймұрат батырдың немересі Қабдеш Жұмаділов еді.

1962 жылы шекараға таяу Алтай мен Іле аймақтары тырп етпей жатып алғанда көктемгі көк өзек шақта Тарбағатай аймағы аяқ астынан неге дүрк көтерілді? Небәрі жиырма шақты күннің ішінде (10 сәуірден бірінші мамырға дейін) ұйымдасқан түрде 200 мыңдай қазақ империя шекарасын бұзып, атажұртқа қалай тез өте шықты?! Көшті ұйымдастырушы кім? [2, 362].

2 Материалдар мен әдістер

Қабдеш 1956 жылы Қытайдың Шәуешек қаласынан келіп Алматыдағы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Екінші курсты аяқтағалы тұрғанда шетелдегі студенттерді Қытай өкіметі қайтадан шақырып алады. Бұл кезде онда «стиль түзету» науқаны жүріп жатқан. Еш жазықсыз студент Қабдеш үш күн тергеуге алынып, сол ұзаққа созылған «күрес» жиналысында оған «ұлтшыл» деген айып тағылады.

«Сөйтіп мен жиырма екі жасымда «ұлтшыл» атандым, – дейді Қ. Жұмаділов. – Бұл менің империялық өкімет берген тұңғыш атағым еді. Әуелде құлаққа түрпідей тигенімен, келе-келе етім үйреніп, бұл аттан онша үрікпейтін болдым. Тіпті, мақтаныш етуге де болатындай. Алаяқ, сатқын, ұры-қары, қарақшы атанбай, «ұлтшыл» атанғанымға мың мәрте тәуба! Әрине, кейін абыройға жетіп, елге танылған кезімде халық берген, үкімет бекіткен басқа да атақ-дәрежелерім бар. Сол қатарда жастай тағылған «ұлтшыл» деген айдарды да далаға тастағым келмейді. Өйткені, бұл атақты маған анау-мынау емес, миллиардтың басын құраған білдей империя берді ғой. Тегінде, қай елге болмасын, отаршыл өкіметтің «халық жауы» дегендерін – «Халық қаһарманы», «ұлтшыл» деп атағандарын «елін сүйген патриот» деп ұқсақ қателеспейміз [2, 278].

Өте дұрыс айтқан! Ұлтшыл дегеннен неге қашамыз?! Туған халқын кім сүймейді?! Қазір «ұлтжанды» деген жасанды сөз жиі қолданылатын болды. Ұлтшыл болу керек, бірақ басқа ұлтқа көлеңке түсірмеу – әділдік, сыйластық.

Қабдеш қайткен күнде де Алматыдағы оқуын жалғастыруды, Қытайдағы азап шегіп, кемсіту, кемшілік көріп отырған қандастарын туған Отанына қайтаруды көздейді.

Сол тұста Шәуешекке Құлжадан вице-консул келіп, халықтың сұрауы бойынша оншақты күн болып, тұрғындарды кезегімен қабылдай бастайды. Қабылдауында Қабдеш те болып бұрын Алматыда университетте оқығанын, соңғы жылдары саяси ауқымға байланысты оқуының орта жолдан үзілгенін айтып, қалтасында жүрген зачет кітапшасы мен студенттік билетін көрсетіп:

- Совет Одағына барып, сол оқуымды жалғастыру үшін не істеуім керек? – дейді.

- Барлық сабақты түгел беске оқыған екенсіз, Сізге шынында да, обал болған екен!

Үзілген оқуды қалайда жалғастыру керек – дейді.

- Қалай жалғастырамын? Соның жолын айтыңызшы!

- Мұнда сіз ғана емес, туған жерімізге қайтамыз деушілір тіпті көп көрінеді. Айтыңызшы, бұл – адамдардың белгілі бір тобы ғана ма, әлде жалпы халықтың ауқымы солай ма? – дейді вице-консул.

- Мұны тұтас халықтың, оның ішінде қазақ қауымының талабы деп ұғыңыз! – дейді Қабдеш. – Қазіргі қалыптасқан жағдай адамдарды осындай жанкештілікке әкеліп отыр. Егер саяси езгі мен ашаршылық осы бетінде тұра берсе, алдағы көктемде жұрт тұтас қозғалып, Совет Одағынан қорғаныс, пана сұрауы тіпті де ғажап емес.

- Жаңа жылға қарай біз де шекарадан шығып кетеміз. Халықтың бұл талабын жоғарыға жеткізуге тырысамыз! – дейді вице-консул.

- Сіздер кетіп қалсаңыздар, арыз айтатын да ешкім қалмайды-ау!

- Неге? Біз кеткенмен, Бежиндегі бас елшілік қозғалмайды. Бірер жағдай болса соларға жазындар. Тіпті халықтың өтініш-тілегін тікелей Мәскеуге, Кремльге де жазуға болады...

Консулдың осы ақылы демеу болып, Қабдеш КСРО-ның жоғарғы өкіметіне көп адам қол қойған арыз-хаттар жөнелтуді кезек күттірмес бірінші міндет санайды. Өйткені, біріншіден, Кеңес өкіметі Қытайдағы қазақтардың қал-жағдайларынан хабардар болады. Қалың ел шекараға ошарылып жетіп барғанда, бұл оларға тосын жағдай болып көрінбейді. Арты халықаралық дауға айналған күнде де, мыңдаған адамның өтініші айғақты құжат ретінде қолда тұруы керек... Екіншіден, бұл – елді оятудың, қозғау салудың ең тиімді жолы. Арызға қол қойған адамдар жұртшылыққа ұйытқы болады.

Сөйтіп, Қабдеш Мәскеуге жіберілетін арыз-хаттың бірнеше нұсқауын дайындайды...

Халық үдере көше бастайды. Жергілікті үкімет көшкен елді тоқтата алмай, өздерін ақтау мақсатында көшті ұйымдастырушыларды қамауға алу үшін іздестіреді, жазалануға тиісті жеті адамның ең басында Қабдештің аты-жөні жазылған. Мұны Қабдешке жеткізіп, дереу қашу керектігін ескерткен досы –Қажытай Илиясов еді.

«Біз дуалдан асып кетісімен, арада жарты сағат өтпей, біздің қораға сақшылар сау ете түсіпті – деп жазады Қабекең. – Егер сол жолы ұсталып қалғанымда маған бүйтіп жер басып жүру жоқ еді. Кезекті науқанның құрбаны болып кете барарымда күмән жоқ. Әлі де татар дәмім, су ішерлігім бар қатерден қазып қалғаны анық. Мен мұны өмірі ұмытқан емеспін» [4, 423].

Міне, ұлы көшті бастаған Алматыдан оқып келген студент – Қабдеш Жұмаділов болатын.

Қабдеш аға мұны «азаматтық парызым, ұлтыма қызметім» дейді. Біз қаһармандық деп білеміз. Қабдеш Жұмаділовтің әр жазған шығармасы, әр ісі батылдыққа, батырлыққа толы. Ақиқаттың ақ алмасындай.

«Менің алдымда 1986-жылы, Үрімжіде Шынжаң халық баспасынан жарық көрген «Алгебралық есептердің қиын түйіндерін талдау» атты жұқалтаң кітап жатыр. Кітап авторы – Халмет Жұмаділұлы. Көзіме бірден жылыұшырай кетті. Көзіме оттай басылғаны – Халмет екеуміздің фамилиямыз аттас болғандығы ғана емес, Шынжаңда он жыл оқып білім алған араб жазуы, бәріміздің көзімізді ашқан Ахмет Байтұрсыновтың Әліпбиі. Сол сәт көз аддыма естен кетпес Шәуешек Гимназиясы да дарқ ете қалды ғой! Жасөспірім балалық шақ, болашаққа, ғылымға талпынған арманды жылдар...[3, 61-93], – дейді Қабыкең.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы шығармаларында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының есімі жиі ұшырасады. Өйткені, ол ес білгелі Ахаң есімін естіп өскен, ардақ тұтқан жазғандарынан үлгі-өнеге алып, биік те өшпес күрескер рухын сезінген.

«Жиналғандар – кілең еркектер. Ең жасы жиырмада, алды елуге тақап қалған кісілер. Оқитындары – Байтұрсын әліппесі (не үшін екен Ахмет Байтұрсынов оқулығын бұл елде осылай атайтын)» [2, 28], – дейді.

Қытайдығы қандастарымыз бастауыш сыныпта А.Байтұрсынұлы әліппесімен оқығанын білетінбіз, ересектер де Ахаңның әліппесінен сауат ашқан екен-ау. Бұл ұлт ұстазының үлкендер үшін жазған 1926 жылы Қызылордада жарық көрген «Әліппе» кітабы болуы мүмкін.

Ол кезде Қытайдағы қазақтар оқу құралдарын Қазақстаннан алдырып тұрған.

Қ. Жұмаділов Шәуешек гимназиясының шәкірті болып жүрген кезде Семейдің мұғалімдер семинариясында Мұхтар Әуезовпен қатарлас дәріс алған Тұрсын Мұстафин сабақ беріпті. Сол кісінің грамматика, математика, орыс тіліне жетік екенін айта келіп: «Қазақ тілін, әдебиетін өткенде де оқулықпен шектеліп қалмайды, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсыновқа жүгініп, қызғылықты мысалдар келтіреді» [2, 98], – дейді.

Майталман шебер, қашанда шындыққа жүгінетін жазушы «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романының «Самғау» бөлімінде Илияс Есенберлин жайында әңгіме қозғап 1995 жылы сексен жылдығы тойланғанда әдеби кеш, не ғылыми конференция ұйымдастырылмағанына реніш білдіреді. «Аласа адамдардың өзінен биіктерді еске алғысы келмейтіні несі екен?» – деп, Илияс Есенберлиндей жазушының елеусіз қалатын кісі еместігін, әдебиетте

Әуезовтен кейін халықтық бағыттың туын ұстап қалған жазушы екенін, артына өлмес мұра қалдырып кеткенін, алпысыншы – жетпісінші жылдарда тарихи романның көшін бастап, қазақ прозасының тұтас бір мектеп қалыптастырғанын айтады. Одан әрі «Ұлттық сананың оянуына, тарихи зерденің жаңғыруына үлес қосты, – дейді. – Егер Есенберлин сәл ары таман туып, ғасырдың бас кезінде өмір сүрсе, сөз жоқ, Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрер еді. Кейде ол менің көзіме кешегі Әлихан мен Ахметтің, Міржақып пен Мағжанның сарқыты сияқты болып көрінетін. Амал не, өз ұлтын сүйген есіл ер тәуелсіздік таңын көре алмай, арманда кетті. Алайда, біздің азат заманымыздың әр таңында Кенесары хан бастатқан құрбандардың киелі қаны алаулап тұрғаны секілді, Ілияс Есенберлиннің де қалам ізі жатқанында күмән жоқ [2, 530].

Шындық! Жазушы Жүсіпбек Қорғасбековпен әңгімесінде Қ. Жұмаділов Кеңес дәуірінің шындықты айту оңай болмағанын, жамандықты да, жақсылықты да тікелей айтып, өзінің қарсы-ласын көрсету де оңай соқпағанын айтып: «Сәбит Мұқанов кімге арқа сүйеді?» – деп сұрақ қойып, Совет өкіметіне арқа сүйеді, партияға арқа сүйеді, – дейді. – Ол кезде Сәбеңе сөгіс жоқ. Совет өкіметі құлайды-ау, өзгереді-ау деген күмән жоқ. Алатау орнынан қозғалса қозғалар, бірақ Совет өкіметі мен Коммунистік партия орнынан қозғалады деп ешкім ойлаған жоқ. Соның ішінде әсіресе Сәбең. Сәбеңнің батыл болатын себебі, советтік саясатқа сүйене отырып, көп нәрсені жазды. Бірақ, Сәбеңнің ескермеген бір нәрсесі бар екен. Кейінгі ұрпақ қалай ұғатынын, «мына дүние осы бетімен тұра ма, тұрмай ма» дегенді ескермеген. Бір жерде айтқаным бар еді, кейінгі кездері өзімнен өзім цитат алатын болып жүрмін: «Сен қорықсаң басқадан қорықпа, қағазға түскен өз сөзіңнен қорық» деген. Сол алдыңнан шығады екен ғой. Сәбең бір кезде мақтанып айтқан фактілер, Сәбеңнің өзіне мін болып тағылды, міне. Сәбең «Өмір мектебінде»: «Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жыл Орынборда 50 жылдық мерейтойы өтіп жатқанда, бір шіріген картоп лақтырып, жұмыртқа лақтырып өткізбей тастадық», – дейді. Мағжанға да қатысты солай айтады. Сосын Алаш қайраткерлерімен қалай алысқанын, оларды қалай жеңгенін айтады. Әрине, Сәбит Мұқанов женеді. Өйткені, артында Совет өкіметі тіреп тұр. Совет өкіметіне дәл Сәбиттей еңбек сіңірген жазушы жоқ. «Мен сенің өгізіңмін өрге жегер» дейтіні содан. Совет өкіметіне шын сенген адам» [5, 56].

Жазушының бұл сөзінен де оның қашандаа шындыққа жүгінетінін аңғару қиын емес. Тағы да Ахмет Байтұрсынұлының атын атайды. Қабдеш те атылып кетпегені болмаса, құғын-сүрген, айтыс-тартысты, әділетсіздікті көп көрді ғой...

Қ. Жұмаділовтің «Мәңгілік майдан» хикаятының бас кейіпкері Айжарық – жазушы құр мақтан, көлгір сөз, өтірік уәде, біреуді біреу алдап, сырт айнала бере бірін-бірі сатып жүрген пенделердің, жақсылық атаулыны бір ғана адамның басына үйіп-түйіп, жоғарырадағының адамына төмендіегілер құрдай жорғалап заманның жайы аңдал, налып, ойға батады: «Жалпы, өмірден өгейлік көру – жазушылардың көбінің басына түскен жәй ғой. Лев Толстой өмірінің соңында патшамен түс шайысты, шіркеумен кетісті, үй-ішімен де тіл табыспай, әлдебір темір жол бекетіне барып өлді. Ұлы сықақшы Гоголь сыртқы қысымға шыдамай, өз ұстанымынан қайтып, өлер алдында қолжазбаларын өртеп жіберді. Пушкин мен Лермонтовтың тағдыры анау: екеуі де кірмелердің, сарай адамдарының арандатуымен жау оғынан мерт болды. Ал, қазақ жазушылары... Оларды түп-түгел құрбандық десе де болады. Ақымет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрім, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сымағұл... түгелімен Империя мылтығының қарауылына ілінді. Шәкәрім қажы қызыл балшабектердің бәлесінен қашып, Шыңғыстауда бой тасалап жүргенде, артынан қуып барып атты-ау! Ал, Әуезов екі жыл абақтыда жатып, ақыры «жаңа жүйені» қабылдаймын деп ант беріп, әрең босады... [6, 227-228].

Айжарық – жазушы Қ. Жұмаділовтің өз прототипі. Өтірікке, көлгірсуге, жағымпаздыққа жаны қас, адалдық іздеп аң ұрған жанның ойы бұл. Астарлы сөз, ақиқат пікір, ойландырады, толғандырады. Заманымыз не болып бара жатыр?..

Жазушы «Академиктің көз жасы» деректі хикаятында: «Сонау бір аты шулы 1937 жылдан бері арада он бес жылдай уақыт өтті ғой, – деп жазады. – Осы мерзім ішінде баяғы «Алаш» қайраткерлерінің, атылып-шабылған басқа да ұлт серкелерінің орны толмаса да, өр-

теңге шыққан алшындай жаңа бір толқын жайқалып өсіп келе жатқан-ды. Қазақтың әдебиеті мен мәдениетінде, тарих ғылымында ілгірілеп өсу нышаны байқалған. Қазақстанда Ғылым академиясы құрылып, ғалымдар әр салада тәуелсіз өсу жолына түскен. Қазақтар ауылда мың-ғырған мал өсірін қана қоймай, геолог-ғалымдары жер асты байлығын пайдалануда дүниежүзіне атағы шыға бастаған.

Міне, осыны Кремльде отырған отаршылдар да байқап қалыпты. «Әй, мыналар қайда барады?», – деген ғой бірден секем алып. Бұларды дер кезінде тоқтатпаса болмайды. Білесің ғой – қазаққа сәл-пәл еркіндік берсең не істейтінін. Өздері ілім-білімге зерек, аса зерделі халық көрінеді. «Алашорданың» Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермаков секілді ғалымдары 1922 жылы В.И. Лениннің өзімен тірескені естеріңізде болар. Солар ұлы көсем-мен білім жарыстыра отырып, Қазақстанның картасын бекіттіріп алған жоқ па? Азияның қақ ортасында ойып тұрып орын алды-ау! Және қандай жерлер десейші! Көлемі – бес Франция сыйып кетердей, ұлан байтақ, бай өлке...

Абырой болғанда, «Алаш» қайраткерлерін дер кезінде құртып тыңдық. Әйтпегенде, бас асаулық танытып, бой бермей кетуі де, мүмкін еді. Енді, міне, қазақ оқығандары тағы да бас көтере бастады. Мұндай қатердің алдын алмаса болмайды. Демек, тағы бір науқанның кезегі келіп тұр. Оны «ұлтшылдыққа қарсы күрес» дейсің бе, «тарихи еңбектерді маркстік-лениндік тұрғыдан қайта қарау» деп атайсың ба, қай-қайсы да жарап тұр. Басын бастап берсең, одан ары шолақ белсенділердің өздері-ақ дүрілдетіп алып кетеді. Күрес әдістері – сол баяғыдай: ел ішінде ала ауыздықты өршіту, зиялыларды бір-біріне айдап салу, қысқасы, таланттарды талантсыздарға талату... [7, 37-38].

Диктатордың бұл ой-мақсаты 1950 жылдың 26 желтоқсанындаа бомба болып жарылды. «Правда» газетінде жарияланған: «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақала, шынында да, бомбадан кем болған жоқ» [6, 39], – деп автор сол тұстағы қуғын-сүргінде тарихымыздың қалай талқандалғанын... академик Қаныш Сәтпаевқа қалай тұзақ құрылғанын ашына жазады.

5 Қорытынды

Қ. Жұмаділовтің қай шығармасын оқысаңыз да көркем шындыққа айналған тарихи шындық мен мұңдалып, тағдыры өткеннің өкініш-күйініші мен бүгінің өтірік-өсегі, бүлігі айқындала көрінеді.

«Қабдеш Жұмаділов шығармашылығы: ұлт тағдыры және көркем шындық» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған Руда Зайкенова «Қ. Жұмаділов шығармашылығы тұрғысынан айтқанда, тақырыпты шекараның арғы беті, бергі бетінен ғана емес, екі өлкедегі қазақ ұлтының басындағы ұқсас трагедиялық тағдыр, яғни «орыстың отаршыл өкіметі ХҮІІІ ғасырдың басынаан бастап, қазақ даласын отарлауға кіріскеннен» кейінгі үш ғасырлық «отар мәселесі» тұңғыш рет Қ. Жұмаділов романдары арқылы қалың оқырманға жеткендігін айту – тек тәуелсіздігіміздің арқасындаа ғана жүзеге асқан шындық» [8], – дейді.

Жазушы шығармашылығын жақсы білетін ғалымның шынайы пікірі. Шындығында да Қ. Жұмаділовтің арқасында қаншама көмілген алтын көмбе жарқырап көрініп, қаншама жабулы қазанның беті ашылды, ұмытылып бара жатқан ұлыларымызды таныдық... Қабдеш ағамыз шындықтың шырақшысы еді ғой...

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмаділов Қ. Соңғы көш: Екінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 1981.
2. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. Ғұмырнамалық роман. – Алматы: «Тамыр», 1999.
3. Зайкенова Р. «Сиам егіздеріндей» болған екеу. Қарасөздің дарабозы. Қабдеш Жұмаділов туралы эссе-естеліктер мен мақалалар. – Алматы: Әдебиет баспа үйі, 2021.
4. Жұмаділов Қ. Аққуды атпас болар. Хикметтер, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой толғамдар. – Алматы: Әдебиет баспа үйі, 2021.
5. Қорғасбек Ж. Мемуар жазу – екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Ашық әңгіме // «Алқа» журналы, 2014.

6. Жұмаділов Қ. Қыл көпір. Роман, хикаят, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.
7. Жұмаділов Қ. Академиктің көз жасы. Хиқаяттаар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015.
8. Зайкенова Р. Қара сөздің қарагері. 18.03.2016.

Материал редакцияға түсті: 15.06.2022

**СЕРИКБАЙ О., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., НУРСУЛТАНОВА, А.С.
КАБДЕШ АЛАШЕВЕТ, НАЦИОНАЛИСТ, ГЕРОЙ**

В романах К. Жумадилова часто повторяется имя народного учителя А. Байтурсынова. В статье отмечается, что причиной этого стал гражданский подвиг писателя К. Жумадилова, внесшего значительный вклад в возвращение китайских казахов, выехавших в Китай в 1916 году, его учебники и грамотность раскрыли наши соотечественники, жившие в Китае, Восточном Туркестане при советской власти, имя которого мы называем Аханом.

Ключевые слова: Чугучак, роман, Тарбагатай, Алаш, Китай, алфавит, арабское письмо, Урумчи, Москва, консул, гражданский долг.

**SERIKBAY O., MYRZAGALIEVA, K.M., NURSULTANOVA, A.S.
KABDESH ALASHEVETS, NATIONALIST, HERO**

In the novels of K. Zhumadilov, the name of the national teacher A. Baitursynov is often repeated. The article notes that the reason for this was the civil feat of the writer K. Zhumadilov, who made a significant contribution to the return of the Chinese Kazakhs who left for China in 1916, his textbooks and literacy were revealed by our compatriots who lived in China, East Turkestan under Soviet rule, whose name we call Achan.

Key words: Chuguchak, novel, Tarbagatai, Alash, China, alphabet, Arabic script, Urumqi, Moscow, consul, civic duty.

ӘОЖ 82

Бекбосынова, А.Х.

филология ғылымдарының кандидаты,
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,

Қуанышбаева, Г.Ш., Жақсылық, А.Ж.

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
білім беру бағдарламасының 2курс студенттері,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай

ҚОРҚЫТ АТА НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Түйін

Берілген мақала ұлт тарихындағы кемеңгер, мәшһүр, дана тұлға Қорқыт мұрасын, қазынасын, халқымыздың шығармашылық даналығын, философиялық дүниетанымын, гажайып күйшілік қабілетін терең танытуға бағытталған. Қорқыт ата кітабы – ұлт тарихы мен мәдениетінің бас кітабы. Мұхиттай шалқыған ойдың, даналық дәрістердің, сөз сауһарларының әлемі.

Кілт сөздер: Қорқыт ата, нақыл сөз, қорқыт ата кітабы.

1 Кіріспе

Түрік тектес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының әдебиетінде өмірде болған-болмағаны нақты дәлелденбеген тұлғалар жетерлік. Олар жайлы түрлі аңыздар, өтірік-шыны аралас оқиғалар ауыздан-ауызға таралып бүгінгі күнге дейін жеткен. Халық арасында кең танымалдыққа ие сондай кейіпкерлерге – Жиренше шешен, Асан қайғы, Майқы би, Қорқыт атаны жатқызамыз. Еуропа әдебиетінде Қорқыт есімі 19 ғасырдан бастап белгілі бола бастады. Оның аңыз-әңгімелерін жинап, жинақ етіп шығаруда В.В. Бартольд, Ә.А. Диваев, И. В. Аничков, И. Жетпісбаев, В.А. Каллаур, И. Кастанье, П.И. Спиридонов секілді ғалымдардың үлесі зор.

Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарының қазіргі таңдағы өзектілігін таныту – өзекті мәселелердің бірі. Оның дидактикалық тұрғыдан берілетін нақыл сөздерінің, оның ішінде ата-салтын қастерлеу, жалпы адамзаттық, адамгершілік құндылықтар туралы айтқан қағидалары бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Нақыл сөздерінің де тәрбиелік мәні тереңде жатыр.

Қорқыт ата кім, қандай тарихи тұлға деген сұраққа әртүрлі пікір, жауаптар бар.

«Қорқыт» сөзінің этимологиясын Ә. Қоңыратбаев «*құтты адам, құт әкелетін адам*» [1] – деп көрсетсе, С.Қасқабасов «*өмір сарқылды, адам өлді*» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Е. Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, «*дада, дедө*» деген сөздерді «*насихат айтушы жырау*» деп түсіндіреді. В. Жирмунский Қорқыт Атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады.

«Қорқыт» сөзі ертедегі түркілердің «*Хұр – кісі*» және «*хыт – құт*» сөздерінен шыққан. Ол «Құт әкелуші кісі» деген мағынаны береді [2].

Қорқыт ата – тарих сахнасында Сырдария өңірін мекен еткен, оғыз-қыпшақ ортасынан шыққан ақылгөй, данышпан, болашақты болжаған қария түрінде кезігеді. Қорқыт туралы аңыз көп тараған. Бір аңызда: оның ерекше туу тарихы, анасының оны үш жыл көтергені, ұзақ толғатқаны, сәби дүниеге келер кезде аспанды қара бұлт басып, найзағай ойнағаны, нөсер жаңбырдың құйғаны, адамдардың бұл құбылыстан қатты қорқып, балаға Қорқыт деп ат қойғаны, бала туған кезде аспан шайдай ашылып, әлемге күн сәулесінің төгілгені, сәбидің бірден сөйлеп кеткендігі айтылады. Тағы бір аңызда Қорқыт желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Бірақ оның алдынан шыққан көк майса «*қурап солдым*» деп, аспанмен тілдескен асқар тау «*бұрын сәулетті едік, мыжырайғыш біттік*» – деп мұңаяды. Жапырағы сарғайған қара орман қайғымен басын шайқайды. Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға кездеседі. Қорқыт өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен де ештеңе шықпайды. Соңында «*өлмейтін нәрсе жоқ екен*» деген қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобызда мәңгіліктің күйін тартумен өткізеді. Өлмеуді, мәңгі өмірді қобыз үнінен іздейді. Ол күйлерін толассыз тартып, дүниеден өтеді [3].

Қорқыт бабамыз асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы. Күйші қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұңын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды.

Қорқыт – түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыршылық өнерлерінің атасы болып табылады.

Оғыз-қыпшақ тайпаларының тікелей мирасқоры қазақ және түрік ұлты саналатындықтан «Қорқыт айтты» делінетін сөздер көбіне осы екі халықтың арасында сақталып қалған. Сонымен қатар кейінірек оғыздар Кіші Азияға қоныс аударған кезде өздерімен ала барған әдеби мұралары түрік халқының ауыз әдебиетінен де кездесіп жатады.

Қорқыттың кім болғаны жайлы пікір-талас әлі күнге дейін тарқаған емес. Бір тобы өмірде болмаған, халықтың сан ғасырлық аңызының жиынтық бейнесі ретінде қараса енді біреулері оны өмірде болған адам ретінде көреді. Осы екі пікірге қарама-қарсы Қойшығара Салғараұлының жеке пікірі бар. Оның зерттеулерінше «біздің Қорқыт деп жүргеніміз шын мәнісінде Екінші Шығыс Түрік қағанатының негізін қалаушылардың бірі, заманының білім-

паз ойшылы, ел бірлігіне ұйытқы бола білген, көріпкел әулие ретінде танылған данышпан Тонүкөк болуы керек. Екеуі де бір кезеңнің перзенті – VII ғасырдың орта шенінде туып, VIII ғасырдың басында қаза болады. Екеуі де оғыз тайпасынан шыққан. Екеуі де өз ғұмырларында бірінен кейін бірі билік басына келген үш ханға (қағанға) уәзір болып қызмет істейді. Шынына келсек, оларды бір кісі емес пе деген ойға шақыратын басты дерек те екеуінің осы үш бірдей билеушіге уәзір болулары [4].

Әрине түрлі салыстырулар арқылы қаншалықты ұқсастық табылғанымен оның әлі де ғылыми түрде мойындалмағанын ескерсек бұл да бір болжам болып қала береді.

Қорқыттың бізге жеткен ең үлкен мұрасы ол – «Қорқыт ата кітабы». Осы уақытқа дейін «Қорқыт ата кітабының» екі түрлі нұсқасы белгілі деп келдік. Бірі 12 батырлық дастаннан тұратын неміс ғалымы Генрих Фридрих Дитц тауып, жария еткен Дрезден нұсқасы. Екіншісі 6 дастаннан тұратын Ватикан нұсқасы. 2019 жылы Уәлимұхамед Қожа есімді азамат Иранның астанасы Тегеран қаласындағы ескі кітаптар дүкенінен табылғанын жария етті. Ғылыми айналымға толық түспей, анығырақ зерттелмей тұрған бұл нұсқа әзірше түркі жұрты үшін үлкен жаңалық болып тұр.

«Қорқыт айтты» дейтін сөздер қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін көп кездеседі. «Қорқыт» дастанында мынадай өлең жолдары бар: *«Өшкен келмейді, өлген тірілмейді», «Қадір тәңірі бермесе, ер байымас», «Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас», «Жаяудың жұлдызы болмас, қалың құлан жауғасыз болмас»*. Әуел баста Қорқыт айтқан бұл даналық сөздерді қазақ елі ғасырлар бойы есінде берік ұстап келген, ой атасы Қорқыттан сарқылмайтын бұлақ көзін мирас еткен. Қорқыт дәстүрінің қазақ сахарасында кең өріс алып, одан жарқын із қалғанын сипаттайтын айқын дәлелдің бірі осы. Оғыз заманынан келе жатқан эпикалық аңыздың көбі де қазақ халқының ерлік жырларында көркем, сәулетті түрде айтылып келеді. Олардың ашық дәлелі ретінде «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозұғлан», «Бозжігіт», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» тәрізді толып жатқан хикая, аңыздарды келтіруге болады. Бұл жырларды оқығанда көзге ерекше түсетін мәселелер – олардың сюжет құрылысы, эпикалық бейнелері. «Қорқыт» дастаны мен «Оғыз намеде» айтылатын эпикалық сарындармен өте ұқсас болып отыратындығы. Мәселен, оғыз-қыпшақ дәуірінен дәстүр болған әлеуметтік көрініс – ақын-жыраулар той үстінде қобыз бен домбыраның үніне қосылып, ерлік жырын айтып, өткен дәуірді еске түсіру. XVI ғасырда қағаз бетіне түскен «Қорқыт» дастанының негізі о баста Орта Азияда, Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша көп заман ауызша айтылып келген. «Қорқыт» туралы қария сөз қазақ сахарасында да кездеседі [5] – деп баяндайды академик Бартольд.

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Қорқыттың дүниеге келуі, өліммен көресуі сынды аңыздар, Қорқыт ата кітабы, зерттеген ғалымдар туралы қарастырылды. Қажетті материалдар жинақталып мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Қорқыттың нақыл сөздерін теріп жазып, қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдер салыстыра отырып, тәрбиелік мәнін ашып қарастырдық.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

«Қорқыт айтты» дейтін қазақ халқының мақал-мәтелдері осы күнге дейін көп кездеседі. Қорқыт ата нақыл сөздерін мазмұнына қарай 5 түрге бөліп қарастырдық. Біз алпысқа жуық нақыл сөздеріне талдау жасап, кестеге түсірдік.

Тұрмыс-тіршілікке қатысты	Ана туралы	Өнеге, тәлім-тәрбиеге байланысты	Өмір мен өлім туралы	Туған жер, елге байланысты
1. Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас. 2. Тәкаппарды тәңірі сүймес.	1. Ананың көңілі балада болар. 2. Ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел.	1. Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті. 2. Ата даңқын шығарып өзінің тегін қу-	1. Өмір барда өлім бар, өзгеру бар. 2. Өлмес өмір жоқ сынбас те-	1. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін жер біледі. 2. Қар қаншама қалың

3. Өтірік сөз өрге баспайды. 4. Қонақ келмеген кара үйдің құлағаны игі. 5. Жалған сөз бұл дүниеде болмаса екен.	3. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. 4. Қыз анадан көрмейінше үгіт алмас. 5. Ана – ердің серігі, батырдың бағдаршысы, ұрпақтың ұлы анасы.	ған балаға ешкім жетпейді. 3. Құл – төбе болмас, күйеу бала ұл болмас. 4. Көңілі пасық ерде дәулет болмас. 5. Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып қаққанмен ол саған ұл болмайды, бәлки ол тәрбиелеген адамға көрдім, білдім деген сөзді де айтпас.	мір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді. 3. Ажал уақыты жетпейінше ешкім де өлмес. 4. Өлген адам тірілмес, шыққан жан қайтып келмес. 5. Өлімді тоқтатса тек өнер ғана тоқтатар.	жауғанымен – жазға бармас. 3. Құстың қонар жерін су білер, Малдың барар жерін ну білер.
---	---	--	---	--

Қорқыт айтқан мақал-мәтелдерді замандастарының айтқанымен, сонымен қатар, қазіргі таңдағы өзгеріске ұшыраған мақалдармен салыстыра отырып қарастырдық.

Қорқыттың мақал-мәтелдері	Замандастарының мақал-мәтелдері	Қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдер
1. Ананың көңілі балада болар.	1. Ананың көңілі ұяда, баланың көңілі қияда. (Халық)	1. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.
2. Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас.	2. Сүйексіз құрма – қабықсыз жаңғақ болмас. (М.Қашқари)	2. Сиырды қанша сауғанмен бие болмас.
3. Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ел байымас.	3. Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ел байымас.	3. Алла деп бастаған іс алдымен бітеді.
4. Өтірік сөз өрге баспайды.	4. Шындық сөз – бал, жалған сөз – пияз. (А.Иүгініки)	4. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
5. Өлімді тоқтатса тек өнер ғана тоқтатар.	5. Тірі – өлер, ақыры жер жастанар, жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар. (Ж.Баласұғұн)	5. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.
6. Тәкаппарды тәңір сүймес.	6. Тәкаппарлықты басыңнан шығарып, кішіпейілділікті берік ұста. (М.Қашқари)	6. Тәкаппардың кісісі өлсе, жалғыз жылайды.
7. Ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел.	7. Жаман қатын алғанша, қатынсыз жүрген жақсырақ. (М.Қашқари)	7. Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас.
8. Өлген адам тірілмес, шыққан жан қайтып келмес.	8. Өлім келсе – өкінбей-ақ бара бер. (Ж.Баласұғұн)	8. Өлгендер қайтып келмейді.
9. Өзіңнен тумаса ұл өгей: қанша бағып қаққанмен ол саған ұл болмайды.	9. Іш май сұйық майдай бола алмас. (М.Қашқари)	9. Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды.
10. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін жер біледі.	10. Көшіп-қонып көрмеген - жер қадірін не білсін, көшсе қона білмеген, қонса көше білмеген, ақылыңа көнбеген - жұрт қадірін не білсін?! (Асан қайғы)	10. Ел қадірін көрген біледі, жер қадірін жүрген біледі.
11. Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді.	11. Ащы айтты деп кінәлама ақынды, ащы сөздің түбі балдай татымды. (Ж.Баласұғұн)	11. Ақынға керек ақыл көп, асаулық керек аздаған.
12. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім де жетпейді.	12. Атаның ұлы – атасына тартып туар. (М.Қашқари)	12. Атадан жақсы ұл туса елінің қамын жейді.

Сондай-ақ, Қорқыт нақыл сөздерінің тәрбиелік мәнін негізгі екі бөлімге бөліп қарастырсақ болады:

Тәрбие құралы және оқырманын сақтандыруы: Қорқыттың *«Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық»*, *«Жалған сөз бұл дүниеде болмаса игі»*. Адамдарға өтірік айту – арсыздықтың белгісі. Өтірік адамның еңбегін күйдіріп, жоқ ететін қате амалдардың санатына жатады. Қадыр Мырза Әли айтқандай *«Айтар болсаң өтірік, өз аузыңмен айтасың»* демекші, өтірік адамның ашық дұшпаны екенін де Абай атамыз былай айтып кеткен:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз...

Бұл өтіріктің залалы басқаларға өтіп, қоғамдағы әділдік пен тәртіпті бұзып, тұрақтылыққа сызат түсіруі мүмкін. Өтірік жүрген жерде адамның бір-біріне сенімсіздігі пайда болады да, береке кетеді. Қорқыттың нақыл сөздерінде өтірік жайлы мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Сондықтан Қорқыт ата өтірік сөйлеуден сақ болуға шақырады.

«Тәкаппарды тәңірі сүймес» дейді ата-бабамыз. Бұл адам бойына жараспайтын сипаттың қаншалықты зиянды екенін бірі білсе, енді бірі білмей жатады. Тәкаппарлық туралы ой-пікірлер Қорқыттың замандасы А. Иүгінеки *«Және бір керекті сөзім бар саған, мен оны айтайын құлақ қой. Ол сөз – мынау. Тәкаппарлықты басыңнан шығарып, кішіпейілділікті берік ұста. Одан мүлде айырылма. Тәкаппарлық барлық жерде жиіріккенішті қылық»*, *«Біреулер ұлықсынып, «Мен, Мен», – дейді. Ондай адамды халық та, құдай да сүймейді»*, *«Тәкаппар киімін кисең, тез таста»*, *«Мұсылмандықтың белгісі – көнбістік. Егер мұсылман болғың келсе, көнбісті бол. Көнбісті адамды тәңірі жоғары көтереді, Тәкаппарлықты көрсететін адамды төмен құлдилаатады»*. Қорқыт сөзімен үндесіп жатқанын байқауға болады. М.Қашқари тәкаппарлық туралы *«Таққа шығып тұрсаң да, тәңіріңді ұмытпа, Асып-тасқан көңіліңді ақылыңмен шыбықта»*, – деп насихаттайды. Мінекей осы қасиеттерден сақ болу үшін Қорқыт ата келесі нақыл сөзінде: *«Алла, Алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі бермейінше ер байымас»* – деп менмендікті, тәкаппарлықты жеңу арқылы, адамдардың қадірі Алла алдында да, адам алдында да байи түспекші деп ой қорытады.

Таным объектісі ретіндегі қызметі: *«Есекке қанша жүген салғанмен, ат болмас»*. Бұл мақал тура мағынасында емес, астарлы мағынада қолданылып тұр. Қазіргі таңда бұл мақалдың бірнеше нұсқаларын қолданамыз. Мәселен, *«Қара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды»*, *«Есекке жүк артқанмен түйе болмас, Сиырды жиі сауғанымен бие болмас»* секілді бірнеше нұсқалары бар. *«Өзіңнен тумаса ұл өгей: қанша бағып қақанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлкі ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген сөзді айтпас»*. Әрине барлық бала бірдей емес. Қанша өгей болғанымен ата-аналардың және балалардың бір-бірінен жатырқамай, кейде туған әке-шешеден де артық жарасып кететіндерін жиі кездестіреміз. Қазақта *«Бөрі баласын қанша бағып қақсаң да, орманға қарап ұлиды»* деген сөзге сәйкес келіп тұрғандай.

«Мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі», *«Өлімді тоқтатса, тек өнер ғана тоқтатар»*. Адамның тәні өткінші болғанымен, оның жаны, рухы, артында қалған істері мәңгі жасап, ұмытылмайтындығын ұғындырады.

Өлсе өлер, табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайта келіп, ойнап күлмес.
Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – деп жырлаған Абай атамыздың сөздері Қорқыттың сөздерімен үйлесін тапқандай. Тағы да Абайдың,

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,

Өлсең де, өлмегенмен боласың тең, – деп жырлаған Абай атамyz артыңа жақсы іс қалдыруды мақсат тұтқанын жөн дейді. Бұқар жыраудың,
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді – деп жырлады. М.Мақатаевтың,
Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Жыр жазсам, оған жұртым елеңдестің.
Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім – деп жырлаған ақын қалың қазағының жүрегінде өшпестей орын алды. Осы сөзімді қорытындылай келе Абай атамyzдың,
Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.
Ата-бабаларымыз өлімді мойындаса да, өнердің өлмейтінін білген. Сол үшін де Қорқыт өлімнің бар екенін танытып “*Өлмес өмір жоқ, «Сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады», «Өмір барда өлім бар, өзгеру бар»* – деп оқырманына танытады.

5 Қорытынды

Қорытындылай келе, Қорқыт ата мұрасы ертеңгі зиялы азамат ретінде елінің шын патриоты болып өсуімізге ықпалы зор. Сондықтан Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні орасан зор. Қорқыт нақыл сөздерін әр жастағы адам өзінше оқиды, өзіне керегін алып, өзінше ой түйіп өмірлік тәжірибеде қолданады. Абайдың *«өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»* деген өлең жолымен аяқтағымыз келеді. Қорқыттың өзі өлгенімен артында қалдырған мәңгілік өшпес мұрасы әр буынмен астасып ғұмыр кешеді. Жаңа толқынмен келер ұрпақпен дамып, өркендеп қанат жаяды. Саналы болашақ өкілдерінің санасында аңыз емес, абыз кейіпкері ретінде орын табады. Қорқыттың мұрасы – ұрпақтар сабақтастығында айырықша орынға ие болып қалмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ фольклорының тарихы». Алматы, – 1991 ж., – 90 б.
2. Келімбаев Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті». Алматы, 1991 ж., – 126 б.
3. Қашқари М. «Түбі бір Түркі тілі», Алматы, 1993 ж., – 190 б.
4. Кейкін Ж. «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі», Алматы, 2002 ж., – 446 б.
5. Тұрманжанов Ә. «Қазақ мақал-мәтелдері», Алматы, 1993 ж., – 171 б.

Материал редакцияға түсті: 15.04.2022

БЕКБОВЫНОВА, А.Х., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш., ЖАКСЫЛЫК, А.Ж.

ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОСЛОВИЦ КОРКЫТ АТА

Данная статья направлена на углубленное познания наследия Коркыта ата и его сокровищ, творческой мудрости для нашего народа, философского мировоззрения и способности к удивительному кую. Книга Коркыт ата – главная книга истории и культуры нации. Это – мир мыслей, мудрости и поучительных слов.

Ключевые слова: Коркыт ата, притча, книга Коркыт ата.

BEKBOVINOVA, A.KH., KUANYSHBAEVA, G.SH., ZHAKSYLYK, A.ZH.

EDUCATIONAL MEANING OF KORKYT ATA PROVERBS

This article is aimed at deepening the knowledge of the heritage of Korkyt, treasures, creative wisdom of our people, philosophical outlook, the ability to amazing kuyu. The Korkyt ata book is the main book of the history and culture of the nation. A world of thoughts, lectures of wisdom, diamonds of words shrouded in the ocean.

Key words: Korkyt ata, parable, Korkyt ata book.

ӘОЖ 8.1751

Ерманова, С.Б.

*тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

«ҚАЗАҚ ХАНЫ – АЛАША ХАН»

Түйін

Қазақ халқының басын құрайтын ежелгі тайпалардың көпшілігі Оғыз қағанға бағынғанын ескерсек, «Алты Алаш» – деген ұғымды оғыздың алты ұлына ерген ел деп те түсінуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда Алаш деген ортақ түріктік атау Алтын Орда (Қыпшақ мемлекеті.) ыдырағаннан кейінгі кезде қайтадан жаңғырған бауырлас түрік халықтарының басын біріктіру ұраны, ортақ атауы да болған сияқты. Ал, енді қара қазақ шақыратын «Алаш» ұраны «алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда, бұл қалмаққа не қылмадық» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деу қисынға келеді. Бұл орайда Саққұлақ би шежіресін, Ә.Диваевтың, Г.Н. Потаниннің, Ш.Уәлихановтың, А.Янушкевичтің, Ш.Құдайбердиевтің, М. Тынышбаевтың ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, күнделік жазбалары мен ғылыми мақалаларын атаған жөн.

Кілт сөздер: *Алаша хан, алапес болып туған бала, алашаға отырғызып көтерген хан, Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, қалмақты қорқыту үшін “Алаш” сөзін ұран еткені.*

1 Кіріспе

Алаша хан – кең тараған көп нұсқалы генеологиялық миф бойынша, Алаша хан, бір жағынан, алты Алаштың ортақ ата-тегі, екінші жағынан, ісі қазақтың ата-бабасының персонафикацияланған атауы. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын көне аңыздар мен ортағасырлық тарихи хроникаларда кездеседі. Алаша хан ел жадында жауынгер тайпалар көшпелі түркілерді біріктіріп, тұңғыш Алаш (қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер ретінде қастерленеді. Алаша хан есімі кейін тілі, мәдениеті, шаруашылық типі ұқсас тайпалық бірлестіктердің бірыңғай этностену үрдісінің нәтижесінде этнонимдік мәнге ие болды. Алаша ханның нақты қай кезеңде өмір сүргендігі жөнінде мәліметтер жоқтың қасы. Қазіргі зерттеулерде Алаша хан туралы мифтендірілген образдар да жетерлік. Әсіресе, әлеуметтік және мәдени антропология, тарихи социология, этнология саласындағы қалыптасқан методологиялық жетістіктің қалпымен зерделеуде болып отыр. Ұлытау өңірі Қаракеңгір өзенінің бойында XV-XVI ғасырларға жататын «Алаша хан күмбезі» ғимараты қазірге дейін сақталып отыр. Осы Алаша хан күмбезіндегі моланы антрополог О.Смағұлов 1998 жылы қазғаны мәлім. Одан табылған бас сүйекті Москва қаласындағы М.М.Герасимов атындағы пластикалық антропология лабораториясының мамандары жан-жақты зерттеп, сол арқылы жерленген адамның бет-әлпетін қалпына келтірді. Біздің ойымызша аталмыш мазарда жатқан Алаша хан XV ғ.-дың екінші жартысында қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі, әрі алғашқы ханы Керей болуы ықтимал. Аты аңызға айналған ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жеткізген аңыз-әпсаналардың біріндегі Алаша ханның образы тарихи тұлға Шыңғысханға ұқсап келеді.

Әрбір ұлт пен қауым үшін өзінің шығу тегі мен атауын анықтап алу аса маңызды. Өйткені, біз кімбіз, қайдан келдік, қандай ортада өмір сүріп жатырмыз? – деген сауалдарға төл шежіремізді бағалаумен ғана нақты жауап бере аламыз. Жалпы, біз өз-өзімізді танып, өткенімізді парықтап, тарихымызды пайымдаумен ғана келешек үшін ізгі байлам, икемді қадамдар жасай аламыз. Ал, өткенімізді түгендеп, болашағымызды айқындау үшін қаншама тарихи ақтандақтар мен қордаланып қалған ұлттық-әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқатуымыз шарт. Тарих ғылымында шешімін таппай жүрген осындай түйткілдердің бірі «Алаш» атауының қандай мән-мағынасы бар деген мәселе екендігі ғылым көшіне ерген ағайынға аян. Ендеше, бүгін біз «Алаш» атауы жөніндегі аңыз-әпсаналар мен тарихи деректерге талдау жасап көрмекпіз.

2 Материалдар мен әдістер

«Алаш» атауы хақындағы деректерді жіпке тізер болсақ, Адамзат баласының жаратылысын баян ететін сонау ерте замандағы шежірелік дереккөздерден бастап, мифтік аңыз-ертегілер, Орта ғасырларға тән аңыз-әпсаналар мен қолжазбалар, Батыс ориенталистерінің пайымдаулары және қазақ зерттеушілерінің ой-тұжырымдарын түгелдей сүзіп шығуымызға тура келеді. Жалпы, «Алаш» хақындағы деректердің ұқсастығы мен өзгешеліктері, сондай-ақ, зерттеушілердің талдау барысындағы ой-қорытындыларын бағамдап, тарихи шындыққа көз жеткізу үшін арнайы монографиялық зерттеу жүргізу қажет. Десекте, бұл мақаламызда «Алаш» атауы хақындағы деректер мен талдауларды салыстырмалы түрде бағытына қарай былайша жіктеуді жөн көріп отырмыз:

- А) «Алаш» атауы жөніндегі шежірелік деректер.
- Ә) «Алаш» атауына қатысты мифтік аңыз-әңгімелер.
- Б) «Алаш» атауы туралы тарихи шындыққа жақын аңыз-әпсаналар.
- В) «Алаш» атауы жөніндегі ориенталистердің көзқарастары.
- Д) «Алаш» атауы туралы қазақ тарихшыларының пайымдаулары.

Даңқты Рашид ад-Диннің «Жылнамасы» мен Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» әлейім жұртшылыққа, әсіресе түркі қауымына ортақ тарихи шежіре саналады. Осы шежірелерде «Алаш» атауына қатысты деректер де ұшырасады. Мысалы, Рашид ад-Диннің «Жылнамасында» Нұһ пайғамбардың немересі ретінде Абулджа хан атты кісі есімі аталады. [1, 51 б.]. Ал, Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресінде» де Нұһ пайғамбардың ұлы Иафестің алтыншы ұрпағы Алынша хан туралы дерек келтіріледі [2, 13-14 б.].

Осы Алынша ханды Қазақ тарихы үшін құнды деректерді мұра етіп қалдырған Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих Хамса» атты белгілі шығармасында «Алаш» атауына қатысты үшінші уәж ретінде көрсетіп өтеді [3, 56-57 б.]. Белгілі этнограф Ж.Артықбаев бұл шежірелік деректерді талдай келе, Алынша ханға қатысты оқиғалар б.э.б III-II мыңжылдықта болған деп болжайды [4, 63 б.].

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Әбілғазы Баһадүр «Түрік шежіресінде» «Алынша хан көп жылдар бойы патшалық қылды. Нұһ пайғамбар заманынан Алынша ханға шейін барша Иафес әулеті мұсылман еді. Алынша хан заманында жұрт байып, дәулеті тасыды. «Ит семірсе, иесін қабар» деген өзбек мақалы бар еді. Әр кісі өзінің ең қимас адамы не ұлы, не қызы, болмаса аға-інісі өлсе, соған ұқсатып, қуыршақ жасатып қоятын болды. «Бұл пәленшенің суреті» деп оны сүйер еді, ас келгенде оның алдына ас қойып, оның жүзін өбіп, көзін сүртер еді, оған бас ұрар еді. Бұндай әдет қайталана-қайталана пұтқа табынуға әкелді» (Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы. Ана тілі. 1991. 13 б) деп баяндайды. Сондай-ақ, дәл осы деректі Шәкәрім Құдайбердіұлы да «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде келтіріп өтеді [4, 8 б.].

Шынында да Алынша ханның дәуірінде адамдар хақиқи сенімнен ажырап, пұтқа табына бастаған болса, ата-бабаларымыз:

- Алаш, Алаш болғанда,
- Алынша хан болғанда.

Қазақ, қалмақ, ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқұн көлдей бір болған – деп [5, 55 б.]

Алынша ханды мақтап, дәріптеп жырламас еді. Яғни, Құрбанғали Халидтің Алынша хан мен «Алаш» атауын жымдастырғысы келген бұл уәжін дүлдәмалдау тұжырым, тарихи шындыққа жанаспайтын байлам деп қабылдаймыз. Жалпы, Қазақ халқы «Алаш» деп ұрандағанда, арқасы қозып, рухтанып, айбарлана түседі. Олай болса, дүйім елді кәуірлікке ұрыңған дәуірдегі Алынша хан қалайша арда халықтың «Алаш» ұранына айнала алады? Демек, алтын ұрық, текті халықтың ұрпағы екенін паш еткіміз келсе, «Алаш» атауының шығу төркінін басқаша тарқатуымыз қажет-ақ.

Әбілғазы Баһадүр «Түрік шежіресінде» «Алынша ханның егіз туған екі ұлы бар еді, бірі Татар, бірі Моңғол. Алынша хан қартайған соң, елін екі ұлына бөліп берді. Бұл екеуі бір-біріне жамандық ойламай, тату-тәтті, бақытты өмір сүрді» (Әбілғазы. «Түрік шежіресі». Алматы. Ана тілі. 1991.13 б.) деп, Алынша ханнан Моңғол ұлысының тарайтынын жеткізеді. Осы тұста айта кететін бір жайт; зерттеуші Тілеуберді Әбенайұлы түркі мен моңғолдың шежіресін тарататын «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» «Алан-Қауа» есімін Алаш, Алшын, Ашина атауларымен байланыстырады. Ол «қауа» көне түрік тілінде қайнар-көз, ең бастапқы» мағынасын береді дей келе, «Алан-Қауадан» Алаш ұлысын таратады.

Алынша ханның кіндігінен Моңғол ұлысының таралуын мақұл көрсек те, «Алан-Қауа» есімінен Алаш, Алшын, Ашина атаулары шығады дегенге келісу қиын-ақ. Себебі, осы шаққа дейін тарихта «Алшын», «Ашина» атауларын, «Алаш» терминін ұштастыратын сенімді дереккөз табылған емес. Яғни, Т.Әбенайұлының «Алан-Қауа» есімін «Алашпен» байланыстыруын, зерттеушінің субъективті болжамы деп ұғамыз. Дегенмен, Тілеуберді Әбенайұлының «Алаш» терминін Шыңғысханмен шендестіруінде тарихи шындық бар болуы ықтимал. Өйткені, осыған ұқсас өзгеде дерек-көздер баршылық.

Аты аңызға айналған ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жеткізген аңыз-эпсаналардың біріндегі Алаша ханның образы тарихи тұлға Шыңғысханға ұқсап келеді. Бұл аңыз-эпсаның сюжеті тарихтағы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыханның қаза табу оқиғасымен ұқсас. Оған мәтіннен нақты мысал беретін болсақ:

«Алаша ханның Жошыхан деген жалғыз баласы болыпты. Құлан қуамын деп, бала астындағы аты желігіп, құланның әңгісіне еріп, қазасы сонан болып, бала аттан жығылып, құлан теуіп өлтіріпті.

Алаша хан, Жошы хан,
Ақсақ құлан жосыған.
Құлан теуіп өлтірді,
Бұйрығын ақтан келтірді, – дейтұғын сөз сонан қалған.

Сонда хан жалғыз баласы өлген соң, төрт аяқты хайуан малды баласын анасынан айырып:

– Мен де зарлап қалдым. Хайуан мал да менімен қосылып, аза тұтсын! – деп, бір-біріне жамыраттырмай, сегіз күн, сегіз түн ас-су ішпей, теріс қарап жатып алды...» дей келе, Алаша ханның ханымы Ханбибі басалқа айтып, ханды жұбатқанын баяндайды. Ханбибінің орынды уәжіне Алаша хан мойынсұнып, малдарды көгеннен босатқанымен, «...бір бозінген жеріп ботасын алмайды. Сонда хан:

– Осы бота енесін еме алмай, аштан өліп кетсе, обалына мен қалдым-ау! – деп, – осы інгенге ботасын алғызған кісіге қалыңсыз қыз берер едім! – дегенде, бір домбырашы шал қолына сірі тігіп, саусақтарын сауыттап алып, домбыра тартып, күй шертіп, інгенді мас қылып, есінен жаңылтып, ботасын алғызған екен. «Боз інгеннің күйі» деп қазақ домбырашылары күй тартушы еді» [6, 130-131 б.] деген аңыздың желісі Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыханның өлімін баяндайтын «Ақсақ құлан» аңызына қатты ұқсас екенін аңғарамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дәл осыған ұқсас келесі бір аңызды келтіріп өтеді. Тек бұл аңызда домбырашы шалдың аты Кетбұға екендігі, сондай-ақ, Алаша ханның «Енді мұның өшін құланнан аламын – деп, жұртқа сауын айттырып, құлан қууға ат жараттырады» Осы оқиғадан кейін «Құлан өтпес», «Бес құлан», «Еңкей аталған», «Қабак», «Құланжалақ» жер атауларының қалғандығын жеткізеді. Көпейдің құйма құлақ ұлының Алаша хан туралы келесі бір келтірген аңызында «Алаша ханның жетпіс жасқа келіп, бала сүймей, содан кіші қатынынан Жошы ханды көргенін, Жошы хан жеті жасқа келгенде Алаша ханның Домбауыл атты мергенімен құлан атуға шығып, қаза табатынын, Алаша ханға Кетбұғаның күймен ұлының қапияда мерт болғанын жеткізіп, Алаша ханның домбыраның шанағына қорғасын құйғанын баян қылады. Ұлытау өңірінде Алаша ханның ұлы Жошы ханның өлімі туралы мұндай аңыз-әпсананың бар екенін этнограф Ақселеу Сейдімбек ағамыз да растайды. Ол мұндай деректің 1888-1894 жылдары шыққан «Дала уәлаяты» газетінде басылғанын айтты.

Тарихшы Т.Әбенайлы «Құпия шежірерін» құпиясы» атты өзінің іргелі еңбегінде «Дала уәлаяты газетінде» басылған «Предания об Алаша хане и об его сыне Джучи хане» атты мақалада келтірілген аңызды негізге ала отырып, Алаша хан мен Шыңғысханды бір адам деп тұжырымдайды.

Алаша хан мен Жошыхан күмбездерінің Қаракөңгір өзенінің сағасында орналасқанын, сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың келтірген аңыздарының біріндегі Алаша ханның бас мергені Домбауылдың да мазарының осы манда екенін ескерсек, Т. Әбенайұлының бұл тұжырымының қисыны бар. Дегенмен, бұл болжамды тарихи шындыққа айналдыру үшін әлі де іздене түскен абзал. Әсіресе, осы мәселеге қатысты антро-пологиялық және археологиялық зерттеулер жүргізу қажет деп білеміз.

Алаша ханның Шыңғысханға қатыстылығы турасындағы бұл деректерден өзге Қадырғали Жалайыридың «Шежірелер жинағында» да Шыңғысханның әскерінде немесе оның ұрпақтарының «Алаш мыңы» атты қосынының болғандығы айтылады. Мәтінде: «Қатаған қауымы болды, екі сан еді. Майсара – Алаш мыңы болды, ол үш сан еді. Қатаған қауымының өз араларында осы заманға дейін үлкендері белгілі. Ал Алаш мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (ұлықтық) Тебре бекке тиді. Одан Шайх - Софы бекке тиді., одан Итбаға бекке тиді, одан Қараш бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар еді. Олар Өзбекия арасында да мәлім-мәшһүр» деп айтылады.

Ал, «Алаш мыңы» атауының Жошы ұлысына тән (яғни, қазақ қауымына) екендігін тарихшы Ж. Мырзахан да былайша жеткізеді: «...Шыңғысхан тұсында «Алты сан Алаш» (қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, қаракесек) аталып, Жошы ұлысына берілгеннен кейін Ақ орда хандығы құрылғанда ұйытқы болады да, оның қарулы күші екі қанатқа бөлінгенде Алаш мыңы деп аталады»

«Алаш мыңының» Жошы ұлысы, яғни, Ақ орданы, сондай-ақ, Алты сан алаш: қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, қаракесек тайпаларының Қазақ ұлтын құрап отырғанын ескерсек, «Алаш мыңы» атты бұл деректер тарихи-методологиялық тұрғыдан кешенді талдауды қажет етеді. «Шежірелер жинағындағы» «Алаш мыңы» атауы да Шыңғысханның қолы немесе оның кіндігінен тараған бір билеушінің әскері деген мағынада ма, әлде белгілі бір ұлыстан шыққан қосын мағынасында айтылып отыр ма, бұл жағы бізге беймәлім. Себебі, бұл дереккөзде «Алаш мыңымен» қатар айтылған «Қатағандар» (екі сан Қатаған) жеке бір тұлғаның жасағы емес, белгілі бір қауым ретінде көрсетілген. Осы себептен де «Алаш мыңы» атауы да әлі де ізденісті талап етеді деп ойлаймыз.

«Алаш» немесе «Алаша» атауының пайда болуы туралы аңызда ел ішінде ең көп айтылатын мәшһүр аңыздың бірі төмендегіше баяндалады: «Бұқара хандарының бірі Қызыларыстан ханның бәйбішесі сауысқанның аласындай ала бала туады. Алапес баланың дүниеге келуін жаман ырымға балаған Қызыларыстан хан қырық жігітіне баланы өзінің үкімі жүрмейтін жерге апарып тастауды бұйырады. Қырық жігіт Сырдариядан өтіп, Алатау мен

Қаратаудың арасын жайлап, осындағы жұрттың ортасына келіп, баланы өсіреді. Алапес бала он екі жасқа келгенде, Майқы бидің Үйсін деген баласы ит жүгіртіп, құс салып жүріп оған кезігеді. Кешке үйіне барғанда Үйсін Майқы биге даладан көрген баланы баяндайды. Ертесіне Майқы бидің өзі балаға жолығуға барғанда, алапес бала: «Ассалаумағалейеум, тамам ханның қазығы, бұқара жұрттың шірімейтін, сасымайтын, таусылмайтын азығы!» деп сәлемдеседі. Сонда Майқы би: «Уағалейкумсалам, құрсақта жатып, несібесін алыстан тілеп туған балам, болайын деп туған ұл екенсің! Болатын жеріңе жете алмай тұр екенсің! Кел балам, артыма мін!» деп, баланы ауылына алып келіп, асықты жілік ұстатады. Майқы би балаға Үйсінді қосып, жүз жігіт ертіп, Қаратаудан әрмен асып, Шу, Сарысу, Ұлытау, Кішітау, Есіл, Нұра өңірін жайлауды ұсынады. Майқы би соңынан тағы да Ақжол бастаған жүз жігітті аттандырады. Оның артынан жүз жігітке бас қылып Алшынды жібереді. Бәрі жиналып, «Кел, енді ортамыздан хан сайлайық!» деп, алашаға салып, алапес баланы хан көтеріп, «Алаша хан» деп ат қояды. Үйсін бастаған жүз жігіт Ұлы жүзді, Ақжол бастаған жүз жігіт Орта жүзді, Алшын бастаған жүз жігіт Кіші жүзді құрап, «Таңбалы Нұраға» әрбір ру өзінің таңбасын басып, бұл ел «Қазақ» атанады. Мәшһүр бабамыздың «Алаша ханға» қатысты келесі бір жеткізген аңызында жоғарыдағы оқиғаны айта келіп, Арқаға ауып кеткен Алаша ханды қай-таруға Қызыларыстан хан Қотан, Қоғам, Құндыкер, Қобан, Майқы билерге адам жіберіп, олардың Алаша ханды еліне алып келуге кезек-кезегімен үш жүз жігітті аттандырғанын ай-тып өтеді. Барған жүздіктердің Алаша ханның қасында қалып қойып, үлкен елге айналғанын, Алаша ханнан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, олардан Ақсақалкелімбет, Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Науан, Шуан деген ру-аталықтар тарап, Үш жүздің ортаға шыққанын баян-дайды. Жоғарыдағы тақылеттес «Алаша хан» туралы аңыздарды этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбек те жазып қалдырған. «Алаша хан» туралы аңыздың бірінде Майқы бидің орнына Қотан бидің аты өтсе, бірінде Қызыларыстан хан алапес баланы жаман ырымға балап, суға ағызып жібереді. Сырдарияның суынан балық аулаған бір балықшы асырап алады [7, 215 б.].

Тарихшы Құрбанғали Халид та дәл осы желідегі сюжетті аңызды жеткізеді. Бірақ, Алаша ханның соңынан барған жүздіктердің кері қайтпай қоюына байланысты, оларды «қашақ» деп атап, кейін «ш» дыбысының орнына «з» дыбысы қолданылып, олардың «қашақ» емес, «қазақ» аталғанын айтады. Әсілі, «қазақ» терминінің шығу тегі өз алдына бөлек әңгіме. Рас, тарихи еңбектерде «қазақ» атауы «қашақ» сөзінен шықты» дейтін болжам айтылады. Бірақ, қашып жүрген «қашақтардың» өз алдына хан сайлап, «Алаш» атты айбарлы мемлекетке айналды деу де қисынға, тарихи шындыққа келіңкіремейді. («Қазақ» атауына қатысты ойларымызды бұйыртса алдағы уақытта «Қазақ» термині хақында зерттеген жұмысымызда баяндаймыз).

«Алаша хан» туралы басқа аңыздарға қарағанда, Қызыларыстан ханның алапес баласы Алаша хан туралы осы эпсанаға қатысты тарихшылар көбірек талдау жасаған. Мысалы, академик Әлкей Марғұлан «Алаша хан» аңызындағы кейбір атауларға қатысты былай дейді: «Қыпшақ шежіресі» деген кітапта «Алаша ханның екі баласының біреуінен Сейілхан, одан сегіз арыс түрікпен, екіншісінен Жайылхан, одан Қыпшақ, кейін қазақ пен қарақалпақ шыққан, түркіпендер боз оқтан, қазақтар үш оқтан тараған» делінеді.

Қазақтың эпос жырында оғыз бен қыпшақтың бір қосылған дәуірін «Көндігер – Құбан жұрты» дейді. Құбан – еуропа әдебиетінде айтылатын күнбатыс қыпшақ тайпаларының бір аты. Қазақтың шежіресі бойынша «Көндігер – Сырдариядан күнбатысқа не оңтүстікке ауып кеткен тайпаларға берілетін ат. Бұл атпен ескі қазақ тайпалары бір ғана аңызды, не Мысырға ауып кеткен Мамлюк қыпшақтарын әңгіме ететін болған».

5 Қортынды

Әлкей Марғұланның пайымдауынан аңғаратынымыз Алаша ханнан түркінің оғыз және қыпшақ бұтағы тараған. Яғни, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жеткізуінде «Алаша ханнан» Қазақтың үш жүзі ғана тараған болса, ал, Әлкей ағамыз мәтіндегі атауларды талдай келе, бұл аңызда тұтас түркі жұртының рухы мен тарихы қамтылғанын түйіндейді. Әйтсе де,

қазақ тарихшыларының бір сыпырасы «Алаш» атауын қазақ ұлтына ғана телиді. Айталық, тарихшы Нығмет Мыңжан Қызыларыстан ханның ұлы Алаша ханның соңынан ерген жүздіктерден былайша Қазақтың үш жүзін тарқатады: «Жоғарыдғы тарихи аңызда Қотанбайдың балалары деп баяндалатын Үйсін – қазақтың ұлы жүзіне ұйытқы болған белді тайпа; Болат – Қарлұқтардың үш тайпасының бірі, ал, Алшын – кіші жүз одағын қалыптастырған тайпа. «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде «Алаш» сөзі «Қазақ» атауының синонимі ретінде қолданылған. Ел аузына таралған:

Алаш алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда.
Таңбасыз тай,
Еңсіз қой болғанда.
Алаша хан болғанда...»

– дейтін сөздер Алаш жайындағы аңыздың меншікті мүліктің қалыптаспаған (тайға таңба баспайтын, қойға ен салмайтын) заманнан келе жатқанын аңғартады».

«Алаш» атауын тек қазаққа жақын тартушылық төл тарихымыздағы дербес ел атанған кезең үшін саяси-идеологиялық тұрғыда тиімдірек болсада, тарих ғылымындағы уақыт пен кеңістік қағидасы бұлай тұжыруға мұрша бере қоймайды. Академик Әлкей Марғұлан ағамыздың «Алаштан түркінің қос бұтағы оғыздар мен қыпшақтар тарады» деп, «Алаш» атауын тарих қойнауына тереңдетіп, терминнің қолданылу аясын кеңейте түсуі, әсте, негізсіз емес. Сондықтан енді, «Алаш» атауының прототүрік, түркі, түркеш тарихына қатыстығылына тоқталайық.

«Алаша хан» Оғыз қаған болуы мүмкін бе? деген сұраққа, Әлкей Марғұлан ағамыздың «Алаша ханның екі баласының біреуінен Сейілхан, одан сегіз арыс түрікпен, екіншісінен Жайылхан, одан қыпшақ, кейін қазақ пен қарақалпақ шыққан, түркіпендер боз оқтан, қазақтар үш оқтан тараған» (Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми зерттеу мақалалары. Алматы. Жазушы. 1985 . 201 б.) деген пікіріне дереккөз іздейтін болсақ, мұндай нақты дерек түркінің көне жыры «Оғызнамада» айтылады. Оғыз қағанның ғұмырын баяндайтын жырдың соңғы жолдарында оның бәйбішесінен туған Күн, Ай, Жұлдыз атты үлкен ұлдарын Шығыс жаққа, тоқалынан туған Көк, Тау, Теңіз атты кіші ұлдарын Батыс жаққа аң-құс аулап келуге жұмсайды. Аңнан олжалы оралған Күн, Ай, Жұлдыз әкесіне алтын жақ әкеп береді. Көк, Тау, Теңіз де қанжығылары майланып, әкесіне үш күміс оқ әкеп береді. Оғыз қаған ұлдарына разы болып, оларға: «Оқтай болыңдар» деп әкелген сыйлықтарын өздеріне береді. Ұлдары үшін ұлан-асыр той жасап, сол кезде «оң жақта бозоқтар, яғни, Күн, Ай, Жұлдыз, сол жақта үшоқтар, яғни, Көк, Тау, Теңіз отырды».

Көріп отырғанымыздай, «Оғызнама» жырын негізге алсақ, Әлкей Марғұланның айтуындағы Алаша ханымыз Оғыз қағанның нақ өзі болып шығады. Себебі, Әлкей Марғұлан Алаша ханның ұлы Сейілханнан бозоқтарды, Жайылханынан үшоқтарды таратып отыр. Ал, «Оғызнамада» бозоқтардың да, үшоқтардың да әкесі ретінде Оғыз қаған бейнеленген. Ендеше, Алаша хан Оғыз қаған болған болса, онда «Алты Алашымыз» кімдер болып шығады? Біздіңше Оғыз қағанның алты баласы Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңізден тараған елден «Алты Алаш» атауы шықты деп болжам айтуға толық негіз бар сияқты. Сонымен бірге, көне түркінің осы жырында Оғыз қағанның алты адамға ат қойғандығы айтылады. Оғыз қаған діни ғазуатты бастағанда оған алдымен бағынып, қол ұшын созған «Алтын» елі еді. Оғыз қаған Ұрымға шабуылдағанда өзен ортасындағы (арал) қаланы өз еркімен берген Ұрысбектің ұлына «Сақтап» деп ат қойып, Ұрым елін бағындырады. Одан ары жорықта Еділ өзенінен өтерде ағаштан сал жасап, дариядан өткізген Ұлық Ордуга «Қыпшақ» деп ат қояды. Оғыз қаған Мұзтауда сәйгілүгінен айырылып қалған кезде, атын әкеп берген ержүрек батыр жігітке «Қағарлық» (карлық) деп ат қояды. Одан ары жорықта жүріп төбесі алтын, түндіктері күміс, есіктері темір үйді көріп, ішіне кіре алмай тұрғанда, жасағынан Темірду Қағұл деген шебер шығып, есікті ашып береді. Оғыз қаған оған «Қалаш» деп ат қояды. Жүршіт елін шау-

ып, қолға түскен олжа-мүлікті ат-көлік аздық еткен кезде, бір шебер арба жасап, Оғыз қаған оған «Қаңға» (қаңлы) деп ат қояды (Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. Алматы 1986. 39-47 бет.).

Яғни, Оғыз қаған алты ұлына Алтын, Сақтап, Қыпшақ, Қаңға (қаңлы), Қағарлық (қарлық), Қалаштан тараған елді бәсіре етіп берген болса, «Алты Алаш» атауы осыдан шығуы әбден мүмкін. Біздің бұл жорамалымыз бойынша «Алаш» атауы прототүрік дәуіріне тереңдеп, «Алаш» термині Озған пайғамбар (Оғыз қаған) әкелген Хақ дінге мойынсұнған ханиф дініндегі халықтың атауы болып шықпақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Рашид ад-дин. Сборник летописей, Москва-Ленинград, 1952. 81 бет.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы. Ана тілі. 1991. 13-14 бет.
3. Құрбанғали Халид. «Тауарих Хамса». Алматы. «Қазақстан». 1992. 56-57 бет.
4. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы. «Қазақстан» және «Сана» 1991, 84 бет.
5. Құрбанғали Х. «Тауарих Хамса». Алматы. «Қазақстан». 1992, 51 бет.
6. Мәшһүр Ж. 8 том. Алматы, Ел-шежіре. 2008. 130-131 бет.
7. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. Астана, Фоллиант баспасы. 2008. 215-216 бет.

Материал редакцияға түсті: 08.06.2022

ЕРМАНОВА, С. Б.

«КАЗАХСКИЙ ХАН – АЛАША ХАН»

Учитывая, что большинство древних племен, составляющих казахский народ, подчинялись огузскому кагану, понятие «Алты Алаш» можно понимать как страну, последовавшую за шестью сыновьями огузов. С этой точки зрения общетюркское название Алаш, по-видимому, было девизом и общим названием братских тюркских народов, возродившихся после распада Золотой Орды (государства кипчаков).

А сейчас девиз черных казахов «алаш» – «Алаш – когда Алаш, когда Алаша был ханом, что мы сделали с этим калмыком?» В связи с этим летопись Саккулак би, А. Диваева, Г.Н. Стоит упомянуть легенды, дневники и научные статьи, собранные Потаниным, Ш. Валихановым, А. Янушкевичем, Ш. Кудайбердиевым, М. Тынышбаевым по всей стране.

Ключевые слова: *Алаша-хан, ребенок, рожденный с проказой, поднял хана на ковер, мальчик, которого выгнали из Улытау, был командующим, говорят, что он использовал слово «Алаш» для запугивания калмыков.*

ERMANOVA, S. B.

«KAZAKH KHAN – ALASHA KHAN»

Considering that most of the ancient tribes that make up the Kazakh people were subordinate to the Oghuz Khagan, the concept of «Alty Alash» can be understood as a country that followed the six sons of the Oghuz. From this point of view, the common Turkic name Alash, apparently, was the motto and common name of the fraternal Turkic peoples that were reborn after the collapse of the Golden Horde (the state of the Kipchaks). And now the motto of the black Kazakhs is «alash» – «Alash – when Alash, when Alasha was a khan, what did we do with this Kalmyk?» In this regard, the chronicle of Sakkulak bi, A. Divaev, G.N. It is worth mentioning the legends, diaries and scientific articles collected by Potanin, Sh. Valikhanov, A. Yanushkevich, Sh. Kudaiberdiev, M. Tynyshbaev throughout the country.

Key words: *Alasha-khan, a child born with leprosy, raised the khan to the carpet, the boy who was expelled from Ulytau was the commander, it is said that he used the word «Alash» to intimidate the Kalmyks.*

ӘОЖ 17.09.91.

Сатбаева, А.Т.

*КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Федоров ауданы білім бөлімінің
Ленин жалпы білім беретін мектебі*

Мырзағалиева, Қ.М.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Оспанұлы, С.О.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

Ы. АЛТЫНСАРИН ҚАШАН, ҚАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕ, ҚАНША МЕКТЕП АШТЫ?

Түйін

1864 жылы 8 қаңтарда Ыбырай Алтынсариннің Торғайда қазақ даласында бұрын-соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашып, оның өзіне ғана тән ерекшелігі бар бағдарламасын, оқу-құралдарын жинаушы, жазушы, құрастырушы, шаруашылық есеп-қисабын жүргізуші де болғаны бұл күнде баршамызға белгілі жайт. Сондықтан да мақалада, оған көп тоқталмай, басқа мектептер қалай, қашан, қай жерде ашылғаны, оларда кімдер мұғалімдік қызмет атқарғаны жайында әңгіме қозғамақпыз. Өйткені қазір біреу Ыбырай он бір мектеп ашқан десе, енді біреулер 14, енді біреулер 16 мектеп ашқан деген пікір айтып, көпшілік қайсысы дұрыс екеніне көз жеткізе аламай жүргенге ұқсайды.

***Кілт сөздер:** мектеп, мұғалім, болыстық, халықтық, уез, облыс, инспектор, құрал-жабдықтар, бекініс, оқушы, бағдарлама.*

1 Кіріспе

1879 жылы 22 тамызда Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы болып тағайындалды. Ыбырай бұл қызметке тоғыз жылдан кейін, яғни 1888 жылдың 28 қазанында ғана ресми түрде бекітілді. Ол кезде Торғай облысына Елек, Ырғыз, Николаевск (Қостанай) уездері, сондай-ақ Орынбор облысының (РСФСР) бірнеше аудандары, Троицк уезіндегі мектептер де Торғай облысына қарайтын.

Елек уезінде 8 болыс, 41 ауыл, Ырғыз уезінде 7 болыс, 34 ауыл, Николаевск уезінде 8 болыс, 51 ауыл, Торғай уезінде 5 болыс 23 ауыл бар еді. 1845 жылы 21 қазанда Ырғыз-«Орал», Торғай – Орынбор бекінісі» деп аталды. 1891 жылы 25 наурызда облыс 4 уезден тұрды. Ақтөбе (бұрынғы Елек) Ырғыз, Николаев, Торғай. Сол 1895 жылдың 8 ақпанында Николаевск қайтадан Қостанай аталды.

2 Материалдар және әдістер

Ыбырайдың мектеп ашудағы мақсат-мүдесін айқындап, сол жолда аянбай еңбек еткенін, көрген қиындықтарын, қазақ даласында Ыбырай жаққан білім шырағының маңызын

елге жеткізу. Білім, ғылымды насихаттау. Сипаттама, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы, әдіс-тәсілдер қолдану.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

1879 жылы Ырғыз уезінде екі сыныптық училище ашылды. Ыбырай Орынбордан осы мектепке арнап 700 сомға құрал-жабдықтар сатып алды.

Бұл оқу орнының төргі бөлмелеріне уез бастығы мен бір саудагер, кіре берісіне оқушылар мен мұғалім орналасады. Мұны естіп-білген Ыбырай Ырғызға әдейі барып, саудагерді қуып шығып, уезд бастығынан мектепті босатуын сұрайды. Сөйтіп екі бөлмені қайтадан мектеп қарамағына береді. «Училищеге Григорьев пен Сперидоновты мұғалім етіп белгілейді» [1, 130 б.].

1879-1980 жылдары Торғайды жұт жайлап, мал қырылғаны, адам шығыны да болғаны мәлім. Ыбырай осы жұт әкелген нәубет жайында сол тұста шығып тұрған «Оренбургский листок» газетіне «Қазақ даласындағы жұт туралы» деген бірнеше корреспонденция жариялады.

Ұлы ұстаздың аштық жылдарындағы, жұттан кейінгі халықтың ауыр жағдайына жаны қалай күйзелгенін көзімен көрген шәкірті, әрі жолын қуған әріптесі Ғ. Балғынбаев өз естілгенде Торғай облысы басшыларының жұт болмаған Қостанай жақтан азық-түлік алдыруына мүмкіндіктері жетсе де қолұшын бере алмай ақыры тарап кеткенін әңгімелей келе бұл тығырықтан шығу үшін Ыбырайдың уез бастығы полковник Яковлевпен бірлесіп көктем шыға кірпіштен орыс-қазақ училищесінің ғимаратын тұрғызуға бел байлағанын баян етеді. «Осы арқылы аш-жалаңаш жұртты жұмысқа орналастырып, күнделікті талшық ететін қаржы табуына көмектеспек болды, әрі мектеп үйінің салынып қалуын ойластырды, – деп жазды. – Ол соның нәтижесінде кедейлердің өздері тапқан аз ғана ақшаға көктем күндері шектен тыс қымбат болса да Қостанайдан әкелінген азық-түлікті сатып алып күн көруіне айтарлықтай жағдай жасалды. Бұл көпшіліктің ажал тырнағынан құтылып аман қалуына себеп болды».

Бұдан кейін Ыбырай бастамасымен Торғай өзенінен балық аулау ұйымдастырылып, халықтың әл-аухаты түзеле бастайды. 1880 жылы жаңа мектеп те салынып бітеді. Сөйтіп Ыбырай жұрттың сый-құрметіне бөленеді.

Ыбырайтанушы ғалым Әсет Ламашев 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин (Семинарий)» деп аталатын кітабында 4 сәуірде Ыбырайдың В.В. Катаринскийге хат жазып, 1879-1880 жылдың қысы жұтқа әкелгенін хабарлағанын, мектеп салуға Орынбор округінен 2000 сом ақша алғанын, кірпіш құятын адамдар жалдағанын айтады [2, 37 б.].

Бөртеде ашылған мектеп туралы А.В. Васильев «Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы» деп аталатын кітабында «Облыс басшылығы 1881 жылы бір сыныптық мектеп ашуға келісті. 1881 жыдың 23 қазанында Бөрте болысында уақытша Ақтөбе мектебі ашылды. Оған Қазан мұғалімдер семинариясының оқу курсын бітірген Арсений Мазохин мұғалім болып тағайындалды. Бұл мектепте балаларына білім беруге ниетті ата-аналар көп болғандықтан 35 оқушы, сонымен қатар 6 оқушы ақылы негізде алынды [3,90 б.],-дейді. Ә. Ламашев бұл мектепті ұстауға Ыбырай Алтынсариннің жылдық смета жасап, Орынбор оқу округіне қыркүйек айының 4-і күні жібергенін айтады.

А.А. Мазохин татар тілін де, қазақ тілін де білмейтін еді. Осы қиындықтан шығу үшін Ы. Алтынсарин оған көмек қолын созып, «қажетті оқу-жазу құралдарын, заттарды, тіпті мұғалімге қажетті мүліктерді керегінше жинап берді. Мазохинге орысша білетін бір қазақ жігітін көмекші етіп тағайындады» [4, 45 б.].

Осы Бөрте уезінде ашылған мектеп 1884 жылы Ақтөбе қаласына ауыстырылды. Ұлы ағартушының мақсат-мүдесі орындалып, 1883 жылдың 10 сәуірінде Орск қаласында тұңғыш қазақ мұғалімдерін даярлайтын мектеп ашты. Мектептің ашылуы салтанатты өтіп, оған 20 оқушы қабылданды. Мектептің бас инспекторы А.Г. Бессонов, мұғалімдері болып К.К. Вильчинский, А.С. Шустиков, Сейдахмет Сүйінғалиев, И.И. Успенский, М.К. Кормальцев, Мейірман Боранқұлов тағайындалды.

Осы Орск мұғалімдер мектебі 1889 жылы Орынборға ауыстырылды.

Ыбырай 1881 жылғы 4 қазанда .И.Ильминскийге жазған хатында «...қадірлі ақсақалымыздың құрметіне «Яковлев мектебі» деп атамақшымыз», – десе, 1884 жылы 12 қыркүйекте: «...Торғайда, қымбатты және адал ниетті Яков Петровичтің құрметіне «Яковлев мектебі» деп аталсын деген өтінішім бойынша соның атымен аталған қолөнері мектебі ашылды»деп қуана хабарлайды. Мектеп 1883 жылы 15 қарашада жұмыс істей бастады.

Алғаш пансионда жатып оқитын 7, қатынап оқитын 3 бала болды. Ұсталық-токарьлық өнері мен хат танытуды Симбирскідегі граф Орлов-Давыдов (қолөнер мектебінде оқыған), киім тігу өнерін жергілікті татар тігіншісі үйретті.

Ыбырай 1884 жылы 12 қыркүйекте Орынбор әскери губернаторына рапорт жазды. Онда ол Қостанайға қоныс аударған орыстардың балаларын оқытатын училище ашу керектігін айтып, қаражат бөлінуін сұрайды. Ұлы ағартушы «қазір 20 орыс баласын Қостанайдағы қазақ мектебіне алдым, амал не, бұл осынша көп тұрғындар үшін шағын ғана шаралар» [5, 220 б.], – деп жазды. Екі сыныпты бұл училище 1884 жылы 1 қыркүйекте ашылды.

Бұл – Троицк қаласында 1861 жылы іргесі қаланған (Мұғалімі Нұрым Мұңсызбаев) мектеп негізінде құрылды. Оны Қостанайға көшіруге күш салған Ы. Алтынсарин болатын.

А.В. Васильев «Екі сыныптық училищенің ең жақсысы Қостанай училищесі екенін, оның үнемі мектеп инспекторының қарауында болғанын, әрі Баженов, Соколов, А. Ильных, Ғ. Балғынбаев, Оразов сынды өз ісіне адал да жауапты мұғалімдер қызмет жасағанын айтады [3, 104б.].

1887 жылы қазанда Ақтөбе уезінің Бөрте өзенінің жағалауында (Верхнее озерное маңында) тастан қаланған бастауыш мектеп 10 желтоқсанда өз жұмысын бастады. Меңгерушілігін Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы 1886 жылы аяқтаған Оразғали Асауов (1887-1890 жж.), кейін Орынбор рухани семинариясының түлегі Белеконов (1890-1891жж.) атқарды.

Асауов Оразғали Мәмбетұлы (1870-?) – Асау батырдың немересі. Ақтөбе уезінен. 1886 жылы 14 мамырда Орскідегі (кейін Орынбордағы) мұғалімдер мектебін марапаттау медалімен бітірген. 1887 жылы екінші қазанда Торғай облыстық училищелер инспекторы Ыбырай Алтынсариннің жарлығымен Ақтөбе уезінің Бөрте болыстық мектебінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1890-1891 жылдары Ақтөбе екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқытушы, 1898-1912 жылдары Ырғыз уезі кеңесінің іс жүргізушісі, 1912 жылдың қараша айында облыстық басқарама құрамындағы қызметінен босатылып, 1912-1917 жылдары Торғай уезі шаруалар құрылтайының хатшысы қызметін атқарған [5].

Сол жылы 10 желтоқсанда Обаған болыстық мектебі (1891 жылдан Қарағайлықөл, Мендіқара), 15 қыркүйекте Қарабұтақ (1894 жылдан 2 сыныптық училище) болыстық мектеп ашылды.

Обаған мектебінің меңгерушісі әрі ислам дінін үйретуші Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Досжан Тоқтабаев (1887-1892 жж.), мұғалім көмекшілері Қазан мұғалімдер семинариясын тәмамдаған Ормаев (Урмаев) (1890-1891жж.) және Афанасьев (1891) болды. Ислам дінінен Уфа рухани семинариясын бітірген тағы да бір оқытушы Кувшинский (1887 жылдан бастап) сабақ берді.

Қарабұтақта (Ырғыз уезінің Қарабұтақ болысы) мектеп меңгерушісі, Қазан мұғалімдер семинариясының түлегі Меркурьев (1887-1890 жж.) заң, әрі Ислам дінін үйретуші Жүсіпов (1887-1891 жж.) болды.

Қостанай уезінің Шұбар болысында (Жітіқарада) Марынский ауылынан 12 шақырым жерде Бекежановтың үйі жалға алынып 1887 жылы 29 желтоқсанда мектеп жұмыс істей бастады. Мектеп меңгерушісі Шотаев (1887-1890) және Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Ғабдолғали Балғынбаев (1891), Ислам дінін үйретуші Үмбетов (1887-1890 жж.)

Бұл Шотаев Қазақ КСР-дің еңбек сіңірген мұғалімі, педагог-ағартушы, суретші, мүсінші Ахметқазы Шотаевтың (1902-1991) інілерінің бірі – Қазгерей Шотаев. Орскідегі мұға-

лімдер мектебінде (1886-1887) оқыған. 1888-1892 жылдары мұғалімдік қызметте болған [3,122 б.].

Қазақстанда тұңғыш рет Ырғыз қалалық бір сыныптық әйелдер мектебі осы 1887 жылы 15 қыркүйекте жұмысын бастады. Алғаш училищеге 17 қыз қабылданды. Олардың қатарында: Ғ. Шамұратова, Қ. Айтжанова, А. Алдабергенова, Ғ. Мақатаева, Б. Аблезова, Б. Құрмашева, Қ. Ерғожиева және тағы басқа қыздар оқып, білім алған. Оларға барлық жағдай туғызылды. Қыздарға іш киімге дейін беріліп, киімді таңдап киулеріне мүмкіндік жасалды. Интернатта жұмыс істейтіндерді таңдауға да ерекше көңіл бөлінді. Мысалы, училище меңгерушісі Сахарова орыс қыздармен жұмыс жасаса, оның көмекшісі Царегородцева қазақ тілін білгендіктен, әр тәжірбиесі мол болғандықтан, қазақ қыздары тәрбиесіне жауапты болды.

1888 жылы Ақтөбеде қыздар мектебі ашылды. Ол жайында Ыбырай 1888 жылы Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «Ақтөбеде қыздар мектебін аштым, Торғай, Елек уездерінен тағы да екі болыстық мектеп аштым» [6, 183 б.], – дейді.

Ыбырай Алтынсарин 1888 жылғы 27 мамырда Торғай облыстық әскери губернаторына жазған қатынас қағазында оқушылардың жазғы демалысқа шығуына байланысты Батбақарада мектеп үйін салуға қолайлы сәт туып отырғанын айтып, Торғай уезінің бастығына аталған мектепке арналған пәтер салу немесе жалдау туралы ұсыныс жасауын өтінеді. Нәтижесінде сол жылы 9 қарашада Қараторғай болысығы (Қараторғай өзенінің бойында) би Баймұрат Түркебайұлының үйін жалға алынып, мектеп өз жұмысын бастайды.

Мектеп меңгерушісі Орск қазақ мұғалімдер мектебінің оқу курсы бітірген Уризов (1887-1891), кейін Қазан мұғалімдер семинариясын тәмамдаған Лапшин (1891-1892), мұғалімдер көмекшілері қазақ мұғалімдер мектебін бітірген Жабағин (1891-1892), ислам дінін үйретуші Махмудов (1887 жылдан бастап) болады.

Ыбырайтанушы ғалым Әсет Ламашев та Торғай уезіне қарасты Қараторғай болыстық мектебі 1888 жылы ашылып, оған тұңғыш 12 оқушы қабылданғанын айтады [2, 61 б.]. Алайда А.В. Васильев «мектеп 9 қарашада ашылды десе, Ә.Ламашев «қыркүйектің 13 жұлдызында» деп көрсетіпті.

Бұл – қазір Амангелді ауданында ашылған жаңа үлгідегі алғашқы мектеп еді.

Ыбырай 1888 жылы 26 қазанда Торғай облыстық басқармасына «Екі класты орыс-қазақ мектептер жанынан қолөнер кәсіпшілік бөлімдерін ашу туралы» деген хабарламасында 1888 жылдың 19 жұлдызында Торғай екі сыныпты орыс-қазақ училищесінде ағаш ұстасы токарлық ісіне оқытатын, 25 жұлдызында Ырғызда осындай училищесінде қолөнер кәсіпшілік бөлімін ашқанын хабарлайды. Сондай-ақ «Ақтөбе екі сыныпты орыс-қазақ училищесі жанындағы кәсіпшілік бөлімшесін ашу туралы Торғай облыстық әскери губернаторына 1888 жылы 28 желтоқсанда жазған хатында да: «Мәртебелі Сіздің құзырыңызға мына жайды жеткізуді ғанибет санаймын: шәкірттерді ағаш ұстасы-токарлық ісіне оқытып үйрететін қолөнер кәсіпшілік бөлімшесі Ақтөбе екі класты училищесі жанынан үстіміздегі жылдың қыркүйек айының 1 жұлдызында ашылды» дейді [7, 36 б.]. Бұл бөлімшелерді Ыбырай ашқан мектептер қатарына қосқан жоқпыз.

Екі сыныптық Қостанай орыс-қазақ мектебінің оқытушысы Федор Соколов 1889 жылы 28 қыркүйекте жазған Ыбырай Алтынсарин туралы естелігінде ұлы ұстаздың Торғай облысындағы оқу ісінің инспекторы болып тағайындалғанға дейін Троицкіде және Торғайда ғана училище болғанын, инспектор қызметін атқарғаннан кейін 14 училище ашылғанын айтады [4, 386-388 бб.].

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жыл толу қарсаңында Қостанай облыстық атқару комитеті ұлы ұстаздың мектеп ашқан өңірлеріне сапар ұйымдастыру жұмысын өткізу шешімін қабылдап, бір топ педагогикалық институт мұғалімдері мен студенттері, облыстық өлкетану мұражайының қызметкерлері Ыбырай ашқан мектептерді аралап қайтқан еді. Солардың бірі Қостанай қаласындағы Ыбырай іргетасын қалаған мектептің шәкірті, кейін мұғалімі, мектеп директоры болған Беген Қаженұлы Көпеш. Қарт ұстаз сол сапардан жазған «Ыбырай ізімен» деп аталатын мақаласында 1888 жылы Ақтөбеде әйелдер мектебі, сонымен

қатар Ырғыз училищесінде ересектерге арналған кешкі мектеп жұмыс жасай бастағанын баян етеді [8,42 б.].

1888 жылы 21 тамызда Қостанайда бір сыныптық ер балалар үшін орыс мектебі ашылды. Онда 57 бала оқыды. Қазан мұғалімдер семинариясының оқу курсы бітірген Килячков мұғалім болып тағайындалды [3, 102 б.].

Ы. Алтынсарин ашқан мектептер жылынамасы төмендегідей:

№ р/с	Ашылған жылы	Мерзімі	Оқу орны
1	1864	08 қаңтар	Торғай мектебі, Ы. Алтынсарин мұғалім болып тағайындалды
2	1879		Ырғыз уезінде ашылған 2 сыныптық училище
3	1880		Торғай уезінде ашылған 2 сыныптық училище
4	1881	23 қазан	Бөрте уезінде ашылған 2 сыныптық училище (1884 ж. Ақтөбеге ауыстырылған)
5	1883	10 сәуір	Орск – мұғалімдер мектебі (1889 ж. Орынборға ауысты)
6	1883	15 қараша	Яковлев қолөнер училищесі – Торғай
7	1884	01 қыркүйек	Қостанайда ашылған 2 сыныптық уездік училище
8	1887	07 қазан	Бөрте болыстық мектебі
9	1887	10 желтоқсан	Обаған болыстық мектебі (1891 ж. – Қарағайлықөл, Меңдіқара)
10	1887	29 желтоқсан	Жетіқара-Шұбар болыстық мектебі
11	1887	01 қараша	Қарабұтақ болыстық мектебі (1894 ж. бастап 2 сыныптық училище)
12	1887	15 қыркүйек	Ырғызда ашылған әйелдер мектебі (орыс) (1888 ж. бастап 2 сыныптық училище)
13	1888	9 қараша	Қараторғай болыстық мектебі
14	1888	21 тамыз	Қостанайда ашылған ерлер мектебі (орыс)
15	1888		Ақтөбеде ашылған әйелдер мектебі (орыс)
16	1888		Ырғыз кешкі мектебі

Ы.Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін ашылған мектептер

№ р/с	Ашылған жылы	Мерзімі	Оқу орны
1	1891		Торғайда ашылған әйелдер мектебі
2	1891	27 қыркүйекте	Әулікөл болыстық мектебі
3	1892	15 маусым	Қарағайлысай ауыл мектебі (бірінші)
4	1893		Қостанай әйелдер училищесі
5	1895		Қарабұтақ әйелдер училищесі

1883-1891жж.	Бір сыныптық училищелер саны	Оқушылар саны				Барлығы
		№ р/с		Ашылған жылы		
		№ р/с	Ашылған жылы	Мерзімі	Оқу орны	
1883 ж.	1	-	-	10		10
1884 ж.	1	-		10		10
1885 ж.	1	-		10		10
1886 ж.	1	-		10		10
1887 ж.	7	54	17	110		181
1888 ж.	9	116	29	133	19	297
1889 ж.	10	134	31	135	20	320
1890 ж.	12	137	76	132	30	411
1891 ж.	15	340	93	204	33	670

А.В. Васильев Торғай облысындағы бір сыныптық училищелер мен ондағы оқушылар туралы мына төмендегі ақпаратты беріпті. Олардың арасында жоғарыдағы біз жасаған жылнамада көрсеткен мектептер де болуы мүмкін. Оның сыртында қаншама оқу орны ашылған?! Бірақ олар қай елді мекенде ашылды, кімдер ашты, айтылмайды. 1883-1889 жылдары Ы.Алтынсарин облыс инспекторы. Сондықтан да бұл мектептердің ашылуына да ұлы ұстаздың қатысы жоқ дей алмаймыз [3, 104-105 бб.].

5 Қорытынды

Осынша мектеп ашып, оқушыларға сапалы білім, үлгілі тәрбие беруді ғана ойлаған ұлы ұстаздың бұл ісі Ресей империясының мақсат-мүддесімен мүлде қабыспады.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын алғаш зерттеушілердің бірі тарихшы ғалым Б. Сүлейменов Ыбырайдың небір кедергілерге қарамастан жалынды ағартушылық жұмысын тоқтатпауы Торғай соғыс губернаторының наразылығын тудырғанын айтып: «Алтынсариннің жеке бастамасымен барлық жерлерде халық мектептерін ашып, артық қаржы жұмысағаны үшін облыс генералы Проценко оны тіпті сот алдында жауапқа тартпақ болады», – дейді [9, 40 б.]. Алайда Ыбырай адал қызметі арқасында барлық пәле-жала, айыптаулардан аман қалды.

Ұлы ұстаз жаққан шырақтар бүкіл қазақ еліне жарығын шашты.

Әдебиеттер тізімі

1. Алғашқы мектептер. Ақтөбе энциклопедиясы. – Ақтөбе: Отандастар-Полиграфиясы, 2001.
2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин Семинарий.-Алматы: «Ана тілі», 1991.
3. Васильев А.В. Торғай облысындағы халық ағарту ісі және оның қазіргі күйі туралы очерк. – Оренбург, 1896.
4. Ильминский Н. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. – Казань. Типо Литографии В. М. Ключникова, 1891.
5. Қазақ Республикалық Ұлттық Мемлекеттік архив, 25 қор, 2 тіркеу, 59 іс, 1-5 парақтар.
6. Алтынсарин Ы. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: 2 т.
7. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұрасы.– Алматы: Рауан, 1991.
8. Көпеш Б. Ыбырай ізімен. Ыбырай ізбасарлары. – Қостанай: «Шапақ», 2018.
9. Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі. – Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991.

Материал редакцияға түсті 23.05.2022

САТБАЕВА, А.Т., МЫРЗАГАЛИЕВА, К., ОСПАНОВ, С. КОГДА, В КАКОМ НАСЕЛЕННОМ ПУНКТЕ, СКОЛЬКО ШКОЛ ОТКРЫЛ И. АЛТЫНСАРИН?

Как известно, 8 января 1864 года Ибрай Алтынсарин открыл в Торгае в казахских степях беспрецедентную школу, где собирал, писал, составлял и вел хозяйственный учет. Поэтому в статье мы не будем на этом останавливаться, а поговорим о том, как, когда и где открывались другие школы, и кто работал в них учителями. Потому что одни говорят, что Ибрай открыл одиннадцать школ, другие говорят – 14 школ, третьи – 16 школ, и многие люди не знают, какая из них достоверная.

Ключевые слова: школа, учитель, большой, народный, уезд, область, инспектор, техника, крепость, ученица, программа.

SATBAYEVA, A.T., MYRZAGALIEVA, K., OSPANOV, S.

WHEN, IN WHICH LOCALITY, HOW MANY SCHOOLS DID Y. ALTYSARIN OPEN?

As you know, on January 8, 1864, Ibrai Altynsarin opened an unprecedented school in Torgai in the Kazakh steppes, where he collected, wrote, compiled and kept economic records. Therefore, in the article we will not dwell on this, but will talk about how, when and where other schools were opened, and who worked as teachers in them. Because some say that Ibrai opened eleven schools, others say 14 schools, others say 16 schools, and many people do not know which one is reliable.

Key words: school, teacher, big, folk, county, region, inspector, technique, fortress, student, program.

ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

УДК 911.3:338.48.02

Брагина, Т.М.

доктор биологических наук, профессор,
профессор кафедры
естественно-научных дисциплин,
Костанайский региональный университет
имени А. Байтурсынова,
Костанай, Казахстан;
Гл. н.с., Азово-Черноморский филиал ФГБНУ
«ВНИРО» («АзНИИРХ»),
Ростов-на-Дону, Россия

Рулёва, М.М.

магистр биологии, ст. преподаватель
кафедры естественно-научных дисциплин,
педагогический институт им. У. Султангазина,
Костанайский региональный университет
имени А. Байтурсынова,
Костанай, Казахстан

СОСТОЯЛАСЬ IV МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ «БИОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ АЗИАТСКИХ СТЕПЕЙ»

Аннотация

В настоящей статье приводятся сведения об основных направлениях и итогах работы IV Международной научной конференции «Биологическое разнообразие азиатских степей», состоявшейся 14 апреля 2022 года на базе Педагогического института имени У. Султангазина Костанайского регионального университета имени А. Байтурсынова.

Ключевые слова: биологическое разнообразие, степи, лесные экосистемы, водно-болотные угодья, охраняемые природные территории, редкие виды, конференция.

Степные ландшафты Евразии сыграли исключительную роль в эволюции человеческой цивилизации. Уникальные территории степного Казахстана в 2008 году были включены в Список Всемирного наследия ЮНЕСКО в составе объекта «Сарыарка – Степи и Озера Северного Казахстана» (Наурзумский и Коргалжинский заповедники). Это первый объект природного наследия, утвержденный ЮНЕСКО для территории не только Казахстана, но и всех стран региона.

В четвертый раз педагогический институт имени Умирзака Султангазина Костанайского регионального университета имени Ахмета Байтурсынова провел Международную научную конференцию по изучению и сохранению биологического разнообразия азиатских степей. Начиная с 2007 года, конференция стала признанным форумом, где проходит обмен мнениями и научными сведениями ученых, специалистов в области охраны природы, организаторов науки и высшего образования о судьбе биологического разнообразия степной зоны в условиях новых глобальных возможностей и рисков. В 2022 году проведение конференции совпало с празднованием 150-летия ученого, лингвиста и литератора Ахмета Байтурсынова и Дня науки Республики Казахстан.

Конференция проходила 14 апреля 2022 года в г. Костанай (Казахстан). В ней приняли

участие более 130 участников из 7 стран (Германия, Израиль, Казахстан, Литва, Россия, США, Украина) из более, чем 50 организаций (рис. 1-2).

Организатором конференции выступили Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, Педагогический институт им. У.Султангазина, Научно-исследовательский центр проблем биологии и экологии (НИЦ ПЭБ) ПИ, кафедра естественно-научных дисциплин.

С приветственным словом к участникам конференции выступили и.о. председателя Правления-Ректора Костанайского регионального университета имени А. Байтурсынова Е.М. Исакаев; директор Института почвоведения Лейбницского университета, профессор, д-р Георг Гуггенбергер (Германия); д-р О.Б. Шибистова (Институт почвоведения Лейбницского университета, Германия), профессор Института Эволюции С.С. Баринава (Университет Хайфы, Израиль); профессор, д.б.н. С.С. Соловьев (Институт систематики и экологии животных СО РАН, Россия), профессор, д.б.н. Г.С. Айдарханова (Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина), профессор, д.г.н. Р.В. Плохих (Казахский национальный университет им. аль-Фараби); профессор, д.б.н. Н.Е. Тарасовская (Павлодарский педагогический университет) и другие участники.



Рисунок – IV Международная научная конференция «Биологическое разнообразие азиатских степей. 14 апреля 2022 г., г. Костанай, Казахстан

В докладах были рассмотрены итоги исследований и перспективы сохранения биологического разнообразия степных экосистем, островных и ленточных лесов и водно-болотных угодий степной зоны Евразии, охраны природных территорий и популяций видов особого природоохранного значения, формирования экологической сети и вклада вузов в изучение биоразнообразия.

В рамках конференции состоялись пленарное заседание и работа тематических секций. Первый пленарный доклад был посвящен памяти выдающего ученого, исследователя орнитофауны Северного Казахстана, миграционного поведения и особенностей гнездования хищных птиц – Брагину Евгению Александровичу (д.б.н. Брагина Т.М., д.б.н. Ковшарь А.Ф., PhD Катцнер Т., к.б.н. Ковшарь В.А., Брагин А.Е., к.б.н. Ильяшенко Е.И., Рулёва М.М., Бобренко М.А., Зейнелова М.А., Батряков Р.Р.). Затем прозвучал доклад об орнитофауне и редких видах птиц степей Центрально-Тувинской котловины (д.б.н. Соловьев С.А., Севелей Ш.С.). Далее были рассмотрены вопросы состояния растительности степных техногенно нарушенных агроэкосистем (д.б.н. Айдарханова Г.С.). Прозвучал обширный доклад инициатора проведения первой конференции, директора Научно-исследовательского центра проблем экологии и биологии (НИЦ ПЭБ) д.б.н., профессора Т.М. Брагиной о степных экосистемах Казахстана и современных тенденциях их охраны на международном уровне. Были рассмотрены новые подходы к использованию водорослей как индикаторов органического загрязнения на примере озер Щучинско-Боровской курортной зоны (Северный Казахстан) (профессор С.С. Баринава, д.б.н. Крупа Е.Г.). Рассмотрены степные ландшафты Казахстана и

их туристский потенциал в докладе д.г.н., профессора Р.В. Плохих. Представлены наблюдения за гнездованием ушастой совы в сорочьих гнездах на юго-восточной степной окраине г. Павлодара в докладе д.б.н., профессора Н.Е. Тарасовской.

Интересные и содержательные сообщения были заслушаны в следующих тематических секциях:

1. Флора и растительные сообщества степных экосистем.
2. Фауна и животный мир степей.
3. Фито-, зооценозы и состояние водно-болотных угодий степной зоны.
4. Биоценозы лесных угодий степной зоны.
5. Редкие виды степной зоны, проблемы сохранения и восстановления биоразнообразия.
6. Вопросы интеграции естественных наук и образования.

По результатам работы была единогласно принята Резолюция.

Международное сотрудничество в области научных исследований и образовательных программ по изучению и сохранению биоразнообразия и перспективы развития научных центров ВУЗов

В рамках конференции был проведен круглый стол «Взаимодействие с ООПТ в образовательных и исследовательских процессах», который вызвал большой интерес у участников. Было предложено усилить взаимодействие классических вузов и особо охраняемых природных территорий в просветительских, учебных и научных целях.

По результатам работы была единогласно принята Резолюция.

Резолюция

IV Международной научной конференции «Биологическое разнообразие азиатских степей» (14 апреля 2022 г., г. Костанай, Казахстан)

Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, педагогический институт им. У. Султангазина, Научно-исследовательский центр проблем экологии и биологии при поддержке научных и образовательных учреждений, общественного объединения «ОЭО Наурзум», Наурзумского государственного природного заповедника и участников конференции организовали и провели 14 апреля 2022 г. в г. Костанай IV Международную научную конференцию «Биологическое разнообразие азиатских степей».

На конференцию подано и опубликовано 87 научных докладов, представленных более, чем 130 участниками из 7 стран, более 50 организаций.

Приняли участие научные организации и ВУЗы из 7 стран (Германия, Израиль, Казахстан, Литва, Россия, США, Украина): Азово-Черноморский филиал ФГБНУ «ВНИРО» («АзНИИРХ») (г.Ростов-на-Дону, РФ), Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (г.Актобе, РК), Ассоциация «Живая природа степи» (г.Ростов-на-Дону, РФ), Витаутас Магнус университет (г.Каунас, Литва), «Всероссийский научно-исследовательский институт рыбного хозяйства и океанографии ФГБНУ «ВНИРО» (г.Ростов-на-Дону, РФ), ГАУК РО «Донское наследие» (г.Ростов-на-Дону, РФ), Государственное учреждение «Институт эволюционной экологии НАН Украины» (г.Киев, Украина), Государственный заповедник «Ростовский» (г.Ростов-на-Дону, РФ), Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, РК), Иле-Балхашский государственный природный резерват (РК), Институт проблем экологии и эволюции им А.Н. Северцова РАН (г.Москва, РК), Институт Систематики и Экологии Животных СО РАН (г.Новосибирск, РФ), Институт Эволюции, Университет Хайфы (г.Хайфа, Израиль) «Институт зоологии» МОН РК (г. Алматы, РК), Казахская ассоциация сохранения биоразнообразия (г. Нур-Султан, РК), Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова (г.Костанай, РК), Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина (г. Нур-Султан, РК), Казахский научно-исследовательский институт лесного хозяйства и агролесомелиорации имени А.Н. Букейхана (г.Щучинск, РК), Казахского национального университета им. Аль-Фараби (г.Алматы, РК), Костанайский социально-технический университет им. академика З. Алдамжар (г.Костанай, РК), Пензенский государственный аграрный университет (г.Пенза, РФ), Рабочая группа по журавлям Евразии (РФ), Институт ботаники и фитоинтродукции

(г.Алматы, РК), Наурзумский государственный природный заповедник (п.Караманды, РК), Северо-Кавказский федеральный университет (г.Ставрополь, РК), Южный научный центр Российской академии наук (г.Ростов-на-Дону, РФ), Национальный историко-культурный природный музей-заповедник «Улытау» (с.Улытау, РК), Тувинский государственный университет (г.Кызыл, РФ), Южный федеральный университет (г.Ростов-на-Дону, РФ), Керченский государственный морской технологический университет (г.Керчь, РФ), Ben-Gurion University of the Negev (г.Беэр-Шев, Израиль), U.S. Geological Survey Forest and Rangeland Ecosystem Science Center Institute of Soil Science (г.Бойсе, США), Leibniz Universität Hannover (г.Ганновер, Германия).

В соавторстве приняли участие педагоги из организаций среднего профессионального образования и общеобразовательных школ: ГУ «Школа-лицей № 8 для одаренных детей» г. Павлодар, КГУ «Аманкарагайская ОШ имени Н. Островского отдела образования Аулиекольского района» Управления образования акимата Костанайской области, КГУ «Гимназия № 6» акимата г. Нур-Султан, КГУ «Гимназия отдела образования Житикаринского района» Управления образования акимата Костанайской области, КГУ «Чернорецкая средняя общеобразовательная школа № 1», КГУ «Константиновская основная средняя школа», КГУ «Севастопольская общеобразовательная школа отдела образования Сарыкольского района» Управления образования акимата Костанайской области, КГУ «Молокановская основная средняя школа отдела образования Костанайского района» управления образования акимата Костанайской области, КГУ Средняя школа №13 г. Нур-Султан, КГУ «Школа-гимназия № 18 отдела образования города Костаная», Колледж КазГЮУ, Кызылординский государственный университет им. Коркыт ата, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Школа-лицей № 53 Управления образования г. Нур-Султан, «Общеобразовательная школа №20 им. М.Хакимжановой», г.Костанай, Филиал «Назарбаев Интеллектуальные школы физико-математического направления» г. Костанай, Школа-лицей Binom-School Tanym, г. Нур-Султан.

Среди участников конференции было 12 докторов наук, 26 кандидатов наук, 11 PhD и 35 магистров. Работа конференции освещалась средствами массовой информации.

В ходе обсуждения докладов, представленных на конференции, участниками было предложено следующее:

- Продолжить работу по усилению интеграции научных учреждений и вузов в проведении комплексных исследований по совместным проектам и программам, в том числе трансграничных объектов, редких и исчезающих видов растений и животных, мигрирующих видов и охраняемых природных территорий.
- Объединить научный и педагогический потенциал заинтересованных сторон для создания научно-методического обеспечения современных образовательных программ.
- Усилить борьбу с основными причинами утраты биоразнообразия, в первую очередь снизить утрату естественных местообитаний.
- Уделять пристальное внимание сохранению видов, находящихся под угрозой исчезновения, и уязвимым экосистемам для обеспечения их долгосрочной жизнеспособности и разнообразия, а также предотвращать ухудшение, деградацию и нанесение ущерба видам, местам обитания и экосистемам.
- Поддерживать предложения участников конференции о расширении сотрудничества вузов и научных учреждений путем академической мобильности сотрудников и студентов, развития двухсторонних и многосторонних соглашений.
- Привлечь внимание государственных учреждений, отраслевых ведомств и научной общественности к необходимости активизации исследований биологического разнообразия и экологии сообществ в пределах ООПТ и перспективных участков для включения в экологические сети.
- Провести следующую V Международную научную конференцию «Биологическое разнообразие азиатских степей» в 2027 году.

Участники IV Международной научной конференции «Биоразнообразие азиатских степей» (14 апреля 2022г., Костанай, Республика Казахстан), выражают глубокую благодарность администрации Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, Научно-исследовательскому центру проблем экологии и биологии, коллективу кафедры естественно-научных дисциплин за высокий уровень организации конференции и успешное проведение всех мероприятий. Участники и Оргкомитет Конференции выражают благодарность Общественному объединению «ОЭО Наурзум», областным природоохранным структурам, всем учреждениям и организациям за активную поддержку в подготовке и проведении Конференции.

Участники конференции желают всем странам мира, стабильности и сохранения живой природы Планеты.

Материал поступил в редакцию: 01.07.2022

БРАГИНА, Т.М., РУЛЁВА, М.М.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІКТІ САҚТАУ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМДЫҚ НӨЗІНДЕ. «АЗИЯ ДАЛАЛАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІГІ» IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Бұл мақалада 2022 жылдың 14 сәуірінде Қостанай өңірлік университетінің Ө.Сұлтангазин атындағы педагогикалық институтының базасында өткен «Азия далаларының биологиялық әртүрлілігі» IV халықаралық ғылыми конференция жұмысының негізгі бағыттары мен нәтижелері туралы ақпарат берілген А. Байтұрсынов атындағы.

Кілт сөздер: биоәртүрлілік, дала, орман экожүйесі, сулы-батпақты жерлер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сирек кездесетін түрлер, конференция.

BRAGINA, T.M., RULYOVA, M.M.

CONSERVATION OF BIOLOGICAL DIVERSITY IN THE FOCUS OF THE SCIENTIFIC COMMUNITY. IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC CONFERENCE «BIOLOGICAL DIVERSITY OF THE ASIAN STEPPES»

This article provides information on the main directions and results of the work of the IV International Scientific Conference "Biological Diversity of the Asian Steppes", held on April 14, 2022 on the basis of the Pedagogical Institute named after U Sultangazin of Kostanay Regional University named after A. Baitursynov.

Key words: biodiversity, steppes, forest ecosystems, wetlands, protected natural areas, rare species, conference.

ӘОЖ 82.282

Бекбосынова, А.Х.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Туребаева, А.О.

*«6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР, АРАБ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада қазақ мақал-мәтелдеріне өзге тілдердегі мақал-мәтелдермен салыстырмалы теориялық тұрғыда талдау жасалған. Берілген мақала қазақ, ұйғыр, араб мақал-мәтелдерінің ұлттық-мәдени сипаты, қолданыс ерекшелігін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, ұлттық менталитет, бір тағанды мақал-мәтелдер, қос тағанды мақал-мәтелдер, интернационалды мақал-мәтелдер.

1 Кіріспе

Тіл халықтың әлеуметтік, қоғамдық өмірімен, саяси және экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамып, жетілуде. Сондықтан, қоғам өмірінің даму қарқыны әртүрлі тарихи дәуірлерде әртүрлі деңгейлерде көрінетіндіктен, әдеби тілдің даму ауқымы кеңейіп, тарылуда. Бірақ не өзгерсе де, тіл қалай дамыса да, ол адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде өз қызметін жалғастырады. Тілдің мәдениетін, байлығын, көркемдігі мен образын арттыратын лексикалық категория – мақал-мәтелдер. Басқаша айтқанда, тілдің лексикалық құрамының ажырамас бөлігі болып табылатын мақал-мәтелдер тек ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші [1,2].

Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі мақал-мәтелдер саны жағынан ғана емес, сапасы мен мазмұны жағынан да алуан түрлі. Мұның басты себебі – тілдегі ұлттық менталитеттің ерекше және маңызды көрінісі болып табылатын мақал-мәтелдер қазақ және ұйғыр этностарына тән дүниетаным мен тарихи сананың көрнекі дәлелі, халық даналығы мен философиялық ой-пікірлердің, эстетикалық білім мен оқытудың, өркениеттің, мәдениеттің қайнар көзі болып табылады [2,3]. Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі ұқсас және кең таралған мақал-мәтелдерді салыстырудың мақсаты осы тілдердің туыстығын ғана емес, сондай-ақ мүмкіндігінше осы тілдерде сөйлейтін Орталық Азияның ежелгі халықтарының бірі болып табылатын ұйғырлар мен қазақтардың рухани, мәдени және тарихи жақындығын анықтау болып табылады.

Кез келген этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыдан зерттеу белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Әр халықтың өзіндік ерекше тарихы, қоршаған ортасы, әлем туралы білімі мен сенімдері, әдет-ғұрпы мен санасы сол халықтың тілдік бірліктерінде, соның ішінде мақал-мәтелдерде өз іздерін қалдырады. Мәселен, қазақ тіліндегі:

1. Асық ойнаған азар,

Доп ойнаған тозар,

Бәрінен де қой бағып

... жеген озар.

2. Барымталап алған мал емес,

Қуып алған – құн емес деген мақалдарды алайық.

Алғашқы мақалды қарастыратын болсақ, қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, ұрпақтарының асық ойнап, доп теуіп өткізгенін қаламайды. Керісінше, пайдалы іспен шұғылданып, өз тамағын тауып жегенді мақұл көреді. Осылайша, барлық жас ұрпаққа уақытты тиімді де пайдалы іспен өткізу керектің уағыздайды. Екінші мақал, қазақ даласына кеңінен таралған «барымташылықтан» белгілі. Алайда, бұл әрекет дұрыс емес, кепілге алынған мал иесіне мал болып жарымас, біреудің көз жасымен алынған құн да құн болып саналмайтынын туралап түсіндіріп тұр. Осы мақал арқылы қазақ халқының даласында бұрыннан қалыптасқан «барымтадан», «құндылық дауынан» тәлім алады. Мұнда талданған мақал-мәтелдердің қайсы бірін алып қарасақ та, олардың бірі бізге өмір, күнкөріс туралы, енді бірі елдегі ұрылардың ісінен, яғни бүкіл этностың мәдениеті мен салт-санасынан хабар береді.

Ендігі кезекте ұйғыр халқының мақал-мәтелдерінен мысал келтірейік:

1. Һүнири бар қол өлмәс

2.Тазға тазақ бәрсәң, йелим тіләйду

Ұйғыр халқы ерте заманнан қолөнер кәсібімен айналысатындықтан, бұл жердегі бірінші мақал қолөнершілік кәсібіне арналып отыр. Ұйғыр халқында өнерге жақындығы бар адам үлкен беделге ие болып, құрметке лайықты жандар ретінде есептелген. Содан болар, *өнерлі адам ешқашанда өлмейді* деген даналық сөз қалыптасқан. Екінші мақал-мәтел ел аузында жиде ағашынан алынған сұйықтықты кептіріп, шашқа арнайы жағады, сол себепті ел арасында оны «желім» деп атап, соның нәтижесінде мысқыл, әжуа ретінде *«тазға тарақ берсең, шашына желім тілейді»* мақалы пайда болған.

Нәтижесінде, берілген қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдері екі этностың болмысынан хабар беріп отыр.

Қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдері ұқсастығы үш түрлі деңгейде болады. Мәселен, бірінші деңгей – мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрылымы жағынан абсолютті (толық) ұқсастық болып табылады. Мысалы:

Адам адаммен адам (қазақша)

Адам адам билән адам (ұйғырша)

Асы піспестің қазаны оттан түспес (қазақша)

Еши тапмасниң қазини оттин чүшмәс (ұйғырша). Бұл жерде екі тілдегі мақал-мәтелдер өзара абсолютті ұқсас болып тұр.

Екінші деңгейге – азды-көпті өзгерістері бар, алайда мазмұны жағынан ұқсас мақал-мәтелдер жатады. Мысалы:

Ат айналып қазығын табар,

Су айналып жазығын табар (қазақша)

Ат айлинип оқурини тапиду,

Мусапир айлинип юртини тапиду (ұйғырша)

Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп (қазақша)

Агинә инақ болса – ат тола, Игичә – сиңил инақ болса – аш тола (ұйғырша)

Көріп отырғанымыздай, бәрі де мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғым-түсінікті білдіріп тұр, алайда құрылымы жағынан өзгешелік бар. Мәселен, *қазығын, су, жазығын* деген сөздер ұйғыр тілінде *оқурини, мусапир, юртини* сөздерімен алмастырылған, екіншісінде, қазақ тіліндегі *тату, абысын* сөздері ұйғыр тілінде *инақ, игичә-сиңил* сөздерімен ауыстырылған. Алайда бұл алмастырулар жалпы мазмұны жағына әсер етпейді.

Ал үшінші деңгейге – құрылым-құрамы өзгеше, жалпы түрде ұқсастығын сақтаған, мазмұны өзара ұқсас мақал-мәтелдер жатады. Мысалы: «*Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді*» деген мақал ұйғыр тілінде «*Бир бекарчи миңни бекар қилур*» мақалы мәндес келеді. Бұл мақалдың беретін мәні бір адамның істеген жаман қылығы көптің, ұжымның атына кір келтіреді. Ұйғыр тіліндегі нұсқасының аудармасы – «бір жалқау мыңды жалқау етеді». Екі тілдегі мақалдың жалпы мағынасы – бір нәрсенің көптеген адамдарға теріс әсер етуі. Қазақ халқының «құмалақ», «қарын» сөздерін пайдалана отырып, өз мақалын қалыптастырғаны есте қаларлық жайт. Ал ұйғыр халқының мақалындағы «жалқау» сөзі тірек сөз ретінде көрініс тапқан. Демек, осы мақалдардың құрылымы әралуан болса да, мазмұндық жағынан бір түсінікке бағытталып оң бойынан халық тұрмысының көрінісі байқалады.

Ендігі кезекте, мақал-мәтелдерді топтастыру принциптеріне сәйкес Ә.Қайдардың этнолингвистикалық топтастыру принципі бойынша «Адам», «Қоғам», «Табиғат» топтарына қарай топтастырып көрелік. Мәселен, «Адам» тобына сәйкес ас, тамақ тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерге тоқталайық. Мысалы:

Ас иесімен тәтті, табағымен сәнді (қазақша)

Аш игиси билән татлиқ (ұйғырша)

Жақсы ас қалғаниа, жаман қарын жарылсын (қазақша)

Йахши аш ешип қалғучә, йаман қосақ йерилип кәтсун (ұйғырша). Берілген мақал-мәтелдерден қазақ, ұйғыр халықтарының қонақжайлылығы көрінеді. Ас берген үйлерде қонақты күту, дәммен қоса отырып, қонақты сыйлау ежелден келе жатқан дәстүр. Екіншіден, асты қадірлеуге, асты дайындаушы адам еңбегін бағалауға тәрбиелейді.

«Қоғам» тобына қарай топтастырып көрелік. Мәселен, «Қоғам» тобына сәйкес аңшылық тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерге тоқталайық. Мысалы:

Ерді намыс өлтіреді

Қоянды қамыс өлтіреді. (қазақша)

Әрни номус өлтүрәр,

Тошқанни – қомуш. (ұйғырша)

Қазақтар мен ұйғырлар аштық кезінде ем, тамақ мақсатында қоян аулаған. Қазақ және ұйғыр халықтары арасында қоян аулаудың кең таралған түрлерінің бірі – қамыстың кесілген ұшына қоянды арандатып аулау түрі. Аңшылар бұл әдісті, әдетте, қыстың күндері, жер қармен жабылған кезде қолданған. Мұны істеу үшін өзен-көл бойында тығыз өсетін қамыстарды өткір орақпен немесе шалғынмен шауып, ұш жағын өткір қылады. Аң аулайтын иттер қуып келе жатқанда, жабайы қояндар түбірі қияқтап шабылған қамысқа арандап, малтып қолға түседі. Міне, бұл тәсілге байланысты халық арасында:

Ерді намыс өлтіреді,

Қоянды қамыс өлтіреді (қазақша).

Әрни номус өлтүрәр,

Тошқанни-қомуш (ұйғырша), – деген мақал қалыптасқан.

«Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» – ер адам үйленетін кезде қазақ халқында берілетін кеңес. Жалпы, қазақ бесікті қасиетті деп санаған. Яғни, бесік – қазақ халқының ұғымындағы адалдық символы. Мұның мәнісі: Өйткені, бұрын тұрмыстық өмірді көрмей, отбасын құрған жас қыз адал, айладан аулақ болады деп есептеген. Ал ұйғыр халқы нұсқасында «ишик көргәнни алма, бөшүк көргәнни ал» қарама-қарсы мағынаға ие. «Келіншекті ал» деген халық танымында кері кеңес болғанымен, оның астарында тұрмыстық өмірдің мәнін білетін келіншекті ал, себебі ол өмірдің бағасын біледі деп есептеген. Халықтың пайымдауынша: отбасылық өмірдің құндылығын білетін ақылды және байсалды әйел жас, пәк, сұлу қыздан гөрі артық болуы мүмкін деп санайды.

Ине өткен жерден жіп те өтеді (қазақша)

Йиңнә кәйәрдин өтсә, йип шу йәрдин өтиду (ұйғырша).

Қазақ тіліндегі баламасы бастама жасаушы адам өз ісінің шебері немесе қолынан іс келмейтін болса да бір істі өз деңгейіне сәйкес жүзеге асыра алуы сөз болса, ұйғыр тілінде ол «отбасы, бала-шаға» тақырыбындағы мақал-мәтелдер тобына кіріп, ер-азаматы не істесе де, әйелі соны істейді дегенді білдіреді.

Қазақ және ұйғыр тілдерінің мақал-мәтелдері құрылымдық жағынан да ұқсастықтары мен өзгешеліктері бар. Осыған сәйкес олар бір тағанды, қос тағанды, көп тағанды болып бөлінген. Мәселен, бір тағанды мақал-мәтелдер алғашында қарапайым сөз түрінде таралып, кейін уақыт өте келе өлең сөзбен беріле бастаған [2,18]. Мысалы, қара сөз түрінде пайда болған мақал-мәтелдер екі халықта да көптеп кездеседі

Алма ағашынан алысқа құламайды (қазақша)

Пеләктин хәмәс жирақ чүшмәйду (ұйғырша)

Саяқ жүрген таяқ жер (қазақша)

Саяқ жүргән таяқ йер (ұйғырша), яғни бұл мақал-мәтелдер қарапайым сөз түрінде келіп, абсолютті ұқсастыққа ие. Кей кездері мақал-мәтел құрамындағы сөздер мағыналас сөзбен алмастырылуы кездеседі. Мысалы:

Ат тұяғын тай басар (қазақша)

Ат айигини тай басар (ұйғырша)

Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк (қазақша)

Бир хотунниң һйилиси кирик әрниң һйилисидин артуқ (ұйғырша)

Жаман дос көлеңке (қазақша)

Йаман дос сайигә охшаш (ұйғырша) [2]. Бұл жерде тұяқ – *айиги*, есекке жүк – *әрниң һйилисидин артуқ* тіркесі қолданып, көлеңке сөзі *сайигә* сөзімен алмастырылған. Нәтижесінде, мәні өзара бірдей болып келгенмен, екі этнос мақал-мәтелдерін құраушы элементтерінде аз да болса өзгешеліктер кездеседі. Өлең сөз түрінде қалыптасатын мақал-мәтелдері де ұқсас, мысалы:

Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады (қазақша)

Тағ таққа қошулмайду, адәм адәмгә қошилуду (ұйғырша)

Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар (қазақша)

Балилиқ өй - базар, балисиз өй - мазар (ұйғырша) [2]. Кей-кездері қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінде байқалатын ерекшелік, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер көбінесе, ықшамдалу құбылысына ұшыраса, ұйғыр тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі керісінше күрделеніп беріледі. Мысалы, «Ел – елінде, гүл – жерінде», «Ашу – алда, ақыл – соңда» мақалдарында «көрікті» сын есімі мен «келеді» етістігі түсіріліп айтылған. Ұйғыр тілінде «Алтун – қолаштин, қой – бодаштин», «Амут – көлдә, анар – чөлдә» мақалдарда да «өседі» сөздерінің түсіріліп айту құбылысы байқалады.

Бір тағанды мақал-мәтелдердің өзі іштей екі құрамдық бөлшектен, үш құрамдық бөлшектен, төрт құрамдық бөлшектен құралады. Мысалы:

екі құрамдық бөлшектен:

Сезікті секіреді

Тіл тиексіз (қазақша)

Тепишимигичә елишмас

Тил сүйәксиз (ұйғырша)

үш құрамдық бөлшектен:

Көп тілеуі – көл

Естімеген елде көп (қазақша)

Әзимәт – әлгә ғәнимәт

Әрниң атасы – әл (ұйғырша)

төрт құрамдық бөлшектен:

Көп бар жер көңілді

Жан сақтағаниша, ар сақта. (қазақша)

Ана юртниң қойни кәң

Туғулған йәргә тазим әт (ұйғырша)

Екінші түрі қос тағанды мақал-мәтелдер, олардың құрамындағы екі жолдың соңғы сөздері әрдайым ұйқасты келеді. Мысалы:

Судың жолын құм бөгер,

Елдің жолын сұм бөгер. (қазақша)

Әлдин әлгә нәп тегәр,

Нәп тәгмисә, гәп тегәр.

Юрт сөймәсниң имани сус болиду,

Юрт сөйгән әр равруст болиду. (ұйғырша). Міне, бұл мақалдар екі тілде де өзіндік ырғақпен жымдасып, екі жолы да үндесе отырып байланысқан.

Халықтың даналығы мен рухы оның мақал-мәтелдерінде көрініс табатыны, ал белгілі бір халықтың мақал-мәтелдерін білу тілді жақсы білуге ғана емес, сонымен бірге халықтың ойлау тәсілі мен мінезін жақсы түсінуге ықпал ететіні бұрыннан белгілі. Әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерін салыстыру осы халықтардың қаншалықты ортақ екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде оларды жақсы түсінуге және жақындастыруға ықпал етеді. Мақал-мәтелдер халықтың бай тарихи тәжірибесін, адамдардың өмірі мен мәдениетімен байланысты идеяларды көрсетеді. Мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды пайдалану сөйлеу-дің өзіндік ерекшелігі мен ерекше экспрессивтілігін береді. Ендігі кезекте, қазақ және араб мақал-мәтелдеріне тоқталып өтетін болсақ: Араб тіл білімінде қазіргі күнге дейін мақал-мәтел мен фразеологизмдер, даналық сөздер жік-жікке бөлінбейді. Бұлардың бәрі «әмсал» термині аясында қарастырылып, жалпы анықтамаға ие болады [4,6]. «Әмсал» терминін – тілдегі бірліктерді, шешендік сөздерді, үлгі мен өсиетке ишарат сөздер, мақалдар, мәтелдер, мақалға ұқсас даналық сөздер, өсиет беретін тұрақты тіркестер, қысқа насихаттар мен мысал-дар т.б. қамтиды [3,17]. Араб мақал-мәтелдерін зерттеп, жинастыру VIII-XII ғасырлардан бастау алды. Сол кезеңнің зерттеушілері Хамза Исфхани, Муфаддал ад-Дабби, ал-Муфаддал бин Салама, ал-Асқари, Мухаммед бин ал-Анбари, аз-Замахшари және т.б. болған. Жалпылама, араб мақал-мәтелдерін зерттеуші 44 автордың еңбектерінен, осы кезеңге тек 14-і ғана жеткен. Араб тіліндегі сөз өнерін, соның ішіндегі даналық сөздерді зерттеу еңбегі деп – М.Қашқаридің

«Диуани Луғат ат-Түрік» еңбегін айтуға болады. Жалпы, еңбек бойынша 270 түркі мақалы белгілі бір сөзге мысал ретінде берілген. Соның ішінде 20 шақты түркі мақал-мәтеліне араб мақал-мәтелінің эквиваленті келтірілген. XX ғасыр басында араб мақал-мәтел-дерін зерттеуді шетел арабистері қолға ала бастады. Араб әмсалдарын тереннен зерттеген ғалымдар Г.Ш.Шарбатов, У.Тейло, Ч. Оуэн, К.Брокельман, А.Б.Халидов, И.Ю.Крачковский және Чан Тхи Хонг Ван болды. Араб әмсалдары үш топқа жіктеледі: *тарихи, әлеуметтік, табиғатқа қатысты* [4,8].

Тілдердегі кейбір мақал-мәтелдер соншалықты ұқсас келуінен, кейде бірдей ойды құрайтын интернационалды мақал-мәтелдер деген ұғымды туғызуы мүмкін. Мысалы:

أفضل وقت متأخر من عدمه (арабша)

Ештең кеш жақсы (қазақша)

Лучше поздно чем никогда (орысша)

Best late than never (ағылшынша).

Сондай-ақ араб және қазақ тілдеріндегі кей мақал-мәтелдер ұлттық-мәдени сипатты білдіретін сөздермен келеді. Мысалы:

арабта: عندما أقول له البرسيمون, يقول لي الفحم (Мен оған құрма десем, ол маған көмір дейді)

«Құрма» – арабтардың ең сүйікті жемістерінің бірі, рамадан айында мұсылмандар құрмамен ауыз ашады.

қазақта: Мен не деймін, кобызым не дейді.

«кобыз» – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.

Араб және қазақ тілдеріндегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, өзіндік ерекшелігін, жанұя тіршілігін анықтайтын – «үй», «үй жануарлары», «ұлттық тағам» және «туыстық қарым-қатынас» қатысты мақал-мәтелдерінде ұқсас эквиваленттер жиі кездеседі. Мұны араб және қазақ халықтарының тарихи ұқсас тұрмыс-тіршілігімен (көшпелі) түсіндіруге болады [4,11].

Туыстық байланысты білдіретін мақал-мәтелдер араб және қазақ тілдерінде жиі қолданылады. Оның ішінде ата-анаға, ағайын-туысқа байланысты көптеген мақал-мәтелдер бар:

Арабша: العالم هو ألف المنعطفات ، فإنك لن تجد المزيد من الأراضي من أحضان أمك (Дүниені мың айналсаң да, ананың құшағынан артық жер таппайсың).

Қазақша: Шешесі бәдіктің қызы бәдік; Шешесің көр де, қызын ал.

«Зат есім + етістік қою» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *бәс қою* «салып қалу». *Мына ауру аяғыңа бәс қоямын да ойбайлатамын* (Ойыл), *шөл қою* (Түрікм.) «суармау», *жала қою* (Больш.) «жала салу».

«Зат есім + етістік түсу» үлгісімен алдыңғы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *мойнына түсу* (Маң.) «мойындату», *тойға түсу* (Түрікм.) «тойға бару», *түсел түсу* (МХР.) «(үйден) адам үзілмеу, көп адам келу», *шылан түспеу* (Моңғ.) «іріктке май түспеу», *қайыққа түсу* (Там.) «түйенің қаюы», *күн түсу* (Еңб.) «жай түсу».

«Зат есім + етістік қалу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты қимыл-әрекеттің іске асуын білдіретін күрделі етістіктер жасалады: *көзінде қалу* (Арал) «көзге түсу», *әнтенде қалу* (Көкп.) «құр қалу», *шерет қалу* (Абай) «шүй қалу, жырытпай қалу».

«Зат есім + етістік шығу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты әрекеттің іске асуын, орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *үдесінен шығу* (Арыс) «аяқтап бітіру, орындау», *чықарға чығу* (Ақс., Көкп.) «тысқа шығу», *танасы шығу* (Тарб.) «тас-талқаны шығу», *деңгел шығу* (Больш.) «тең шығу, қатар болу», *шырпыны шығу* (Ұлы.) «жанын салу, бәйек болу», *күлпәржі шығу* (Түрікм.) «быт-шыты шығу», *шекеден шығу* (Түлк.) «миды ашыту, басты ауырту, шетіне шығу «елден ерекше болу». *Ол адам баласының шетіне шыққан кісі* (Арал).

«Зат есім + етістік ашу» үлгісімен алғашқы сыңарға қатысты іс-қимылдың орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *көзалақ ашу* (Көкп.) «көзі алақтау», *үстін ашу* (Түрікм.) «әшкерелеу, бетін ашу», *күлмәнін ашу* (Торғ.) «сырын ашу, әйгілеу», *шау ашу* (Қоң.) «дауыс қарлығу».

«Зат есім + етістік келу /келмеу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты әрекеттің орындалуын білдіретін құранды етістіктер жасалады: *сасы келмеу* (Қарм.) «шамасы келмеу», *асқардан келу* (Об.) «күтпеген жерден келу», *түйдек келу* (Еңб.) «топтанып келу», *шоласы келмеу* (Шел., Кег.) «шамасы келмеу», *қатысы келмеу* (Талд.) «түрі, бейнесі келмеу», *шарқаты келмеу* (Түрікм.) «шамасы, әлі келмеу».

Бұдан басқа зат есімдер мен етістік ұру, соғу, қағу, сұрау, шағу, қайту, таю тігу т.б. сөздердің тіркесуі арқылы жасалған бірен-саран құранды етістіктер кездеседі: *қадам ұру* (Арыс) «қадам басу, адымдау», *шөл қағу* (Шевч., Маң.) «шөлдеу, сусау», *егін соғу* (Рес. Омбы) «егін жинау», *қатер сұрау* (Жән.) «науқастың көңілін сұрау», *күн шағу* (Маң.) «күн өтіп кету», *қажары қайту* (Арал) «қарқыны, беті қайту», *тәртіптен таю* (Арал) «тәртіпке бағынбау», *шынжыр тігу* (Өзб.) «кесте тігу түрі».

«Сын есім + етістік болу» үлгісімен бірінші сыңарға қатысты сын-сипатты білдіретін құранды етістік жасалады: *айық болу* (Қош.) «ашылу, ашық болу», *Күн ертең айық болса, чөп жиямыз* (Қош.), *сипыл болу* (Қош.) «түк қалмау, жоқ болу», *әшкерелі болу* (Арал) «белгілі болу», *албарлы болу* (Жанг. Гур.) «әбігер болу», *ауа жайлы болу* (Волг.) «жүк ті болу», *арзу болу* (Маң.,Сыр.) «ынтық болу», *ақиық болу* (Арал, Қаз.) «жария болу, таныс болу», *аймандай болу* (Қорд., Кег.) «әшкере болу», *мошабай болу* (Қарақ.) «шаршау, қажу», *мұралы болу* (Қыт.) «жолы болу», *шилi болу* (Қыт.) «ығыр болу», *кес болу* (Қ.орда., Қарм.) «әңгімеге алдандыру, аландату, бөгет болу. Қарағым, Ұзақбай, орақ орған адамдарға кес болма, жұмысқа бар. (Қ.орда., Қарм.).

Бұдан басқа сын есімдер мен етістік *түсу, тарту, жасау, өту, тұру* т.б. сөздердің тіркесуі арқылы аздаған құранды етістіктер жасалады: *қиын түсу* (Түрікм.) «қиын жағдайда болу», *тәуір тарту* (Кег.) «сауыға бастау», *күйлі жасау* (Түрікм.) «ауқатты тұру», *зор өту* (Ұзын.) «зорығу», *бодамсыз тұру* (Больш.) «тәуелсіз, еркін болу».

«Үстеу + көмекші етістік» үлгісімен жасалған құранды етістіктер кездеседі: *селкеу қарау* (Абай) «немқұрайды қарау», *мұқым болу* (Ырғ.) «мұқият болу», *пақас отыру* (Жанг.) «берік, орнықты отыру», *салқа жорту* (Маң) «бірқалыпты бүлкілдеп жүру», *аяқ үстінде жүру* (Чап.) «бос жүру», (Маң.) «кепілде болу», *тақа біту* (Абай) «түк қалмау» т.б.

Еліктеу, одағай сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесуінен бірен-саран құранды етістік жасалады: *сәлп ету* (Арал) «жалп ету», *тәйт демеу* (Арал) «үндемеу, үн шығармау».

5 Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақалада говорлардағы сыңарлары комплективтік қатынастағы объективтік, пысықтауыштық, байланысты білдіретін күрделі етістіктер мен олардың тобына жататын құранды етістіктердің өзіндік сипаты, бір-бірінен айырма – ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен бірге олардың қай-қайсысы болсын дербес мағыналы сөздерден жасалып, күрделі қимыл атауын білдіретіні, сөйлемде бір мүшенің қызметін атқаратыны сияқты ортақ белгілеріне тоқталдық. Қазақ тіліндегі күрделі етістік жасауға тірек болатын, көмекші етістік қызметін атқаратын етістіктер (*ал, бер, сал, кел, кет, шық, түс т.б.*), солар арқылы жасалған күрделі етістіктің мол қоры, күрделі етістік жасайтын негізгі үлгі «көсемше етістік + етістік» жалпыхалықтық тілге де, говорларға да ортақ сипатта екені, жалпыхалықтық тілден ерекше күрделі етістіктер говорларда көп емес екені анықталды. Көсемше етістік пен *жүру, жіберу, келу, болмау, қалу, қою, тұру* т.б. сияқты етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі етістіктер өнімсіз түрде жекелеген аудандарда ғана кездеседі. Сондай-ақ, бұдан басқа *керек, шығар* модаль сөздерімен тіркескен, құрамы тұлғалық өзгеріске ұшыраған (*барғым бар, келгісі жоқ*) етістік тұлғалар талданды.

Мақалада сонымен бірге, говорлардағы құранды етістіктер, олардың күрделі етістіктерге жақын белгілері талданды. Сөзжасам тұрғысынан зат есім мен *болу, алу, салу, ету, жасау, қою, түсу, шығу, келмеу* етістіктерінің, сын есім мен *болу, түсу, тұру* етістіктерінің, үстеу мен *қарау, болу, жүру* т.б. етістіктердің тіркесуі арқылы бірқатар құранды етістіктер жасалғаны анықталды. Басқа сөз таптарының қатысуымен жасалған құранды етістіктер бірен-саран ғана.

Әдебиеттер тізімі

1. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. Москва: Наука, 1982, – 150 с.
2. Ряшенцев К.Л. Сложные слова и их компоненты в современном русском языке: Учеб. пособие. – Орджоникидзе, 1976. – 285 с.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002. – 783 б.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен мәселелері (орысшадан аударған Ғ. Қалиев) Алматы, сөздік, 2004. – 535 б.
5. ҚТАС – Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005. – 821 б.
6. ҚТДС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1969. – 426 б.; 1 кітап, Алматы: Ғылым, 1996. – 196 б., 2 кітап, Алматы, Ғылым, 1999. – 237 б.

Материал редакцияға түсті: 08.06.2022

ИСАКОВА, Ш.К.

ОБРАЗЦЫ СОСТАВЛЕНИЯ СЛОЖНЫХ РАЗГОВОРНЫХ ГЛАГОЛОВ

В статье рассматриваются сложноподчиненные глагольные лица, образующие устойчивую форму в говорах, имеющие отличительные черты в их создании, значении, употреблении, модели их создания.

Ключевые слова: *говорение, сложные слова, атрибутивная связь, комплетивная связь, сложный глагол, лексема, аналитическая личность.*

ISAKOVA, SH. K.

SAMPLES OF COMPOSING COMPLEX GOVORLARDAGS A DETAILED COMMENT IS GIVEN

The article deals with complex verb persons forming a stable form in dialects, having distinctive features in their creation, meaning, use, and models of their creation.

Key words: *speaking, compound words, attributive connection, complementary connection, compound verb, lexeme, analytical personality.*

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ 82

Бекбосынова, А.Х.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Бектемисова, А.А.

«6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ (ТЕҢЕУ, ЭПИТЕТ ҚОЛДАНЫСЫ)

Түйін

Мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармаларында кездесетін теңеу мен эпитеттің қолданылу ерекшелігі, ағартушының теңеу мен эпитетті берудегі озық ойлары, олардың тәрбиелік мәні толығымен талданған. Сондай-ақ, осы тақырып аясында жазылған ғылыми еңбектерге тоқталып, ғалымдардың пікірлерін сараладық. Оларды топтарға бөліп қарастырдық.

Кілт сөздер: көркемдік ерекшелік, теңеу, эпитет, ұлттық таным.

1 Кіріспе

Ыбырай Алтынсарин шығармалары арқылы халықтың санасын оятып, көзі ашық, оқыған қазақ азаматын қалыптастырғысы келді. Осы жолдың бір тармағы – көркем шығарма. Ел жүрегіне тек педагогикалық идеясымен емес, шығармашылығы арқылы да жол таба білді. Осы арқылы көпке әсер еткісі келді. Бұл қадамы – қазіргі ұлы ақындардың қадамынан да артық қадам.

Ыбырайдың шәкірті, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты, екінші бір затқа салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 186], – дейді.

Шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай алғаш көрсеткен еңбек негізі А. Байтұрсынұлынан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы теңеуді «әншейін», «әдейі» деп екіге бөліп қарастырған. Жалпы, қазақ тіліндегі теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген филология ғылымының докторы, профессор Тұрағұл Қоңыров. Ғалым «Қазақ теңеулері» атты зерттеу кітабында теңеулерді толықтай қамтып, көптеген мағлұматтар беріп, теңеулерді 10 түрге бөледі.

- «1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;
- 2) -ша, -ше жұрнағының көмегімен;
- 3) шығыс септігі (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) жалғауының көмегімен;
- 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;

- 5) бейне сөзінің көмегімен;
- 6) тең сөзінің көмегімен;
- 7) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 8) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 9) аралас тәсілдің (бейне және -дай,-дей; бейне және секілді) көмегімен;
- 10) қосалқы тәсілдер көмегімен;» [2, 8].

Осы еңбектен ғалымның осы салада ерекше еңбек сіңіргенін байқаймыз. Десек те, ғалым көрсетіп берген жұрнақтар мен бірнеше сөздер арқылы ғана көбінесе теңеулер жасалынады. Яғни, үлес салмағының бірдей еместігін байқаймыз. *Тең, ұқсас, бейне* сөздерімен жасалған теңеулерді ауық-ауық кездестіреміз.

Осы синтаксистік құрылымы, функционалдық топтары жөнінде жасалған теңеулерден бөлек басқалай аталатындары да бар. Оны біз А.Х.Бекбосынованың «С.Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты кандидаттық диссертациясында теңеулерді бөліп қарастырғанынан біле аламыз. *Этномаркерлі, прецеденттік, сентенция, сенсорлық-перцептивтік, тұрақты, семантика-стилистикалық, метафоралық және эпитеттік, метонимиялық және синекдохалық, гиперболалық және литоталық, градациялық, синонимдік және антонимдік теңеулер* жайлы хабардар болдық.

Бекбосынова А.Х. Сырбай ақынның шығармашылық лабораториясына дендей еніп, теңеулерді топтастырған. «Әр ұлттың тілі мен діліндегі ұлттық ерекшелігі де осы теңеуден көрінеді. Әр ұлттың өз танымына жақын сөздерді қолдануы заңды да. Себебі тіл иесінің ой-өрісі мен концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние-ғаламның үзіктерін өзінше жеткізіп, бейнелеп суреттейді және ол өз тіліндегі ғалам бейнесіне сай болады» [3, 11].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық әдіс, баяндау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Ғалымдардың еңбектеріне тоқталып, ағартушының өлеңдерінде берілген теңеу мен эпитеттерді салыстырып, рет-ретімен жүйеледік. Сәйкесінше, бұл мағлұматтарды талдау әдісі арқылы мазмұны мен пішіні жағынан ерекшеліктерін анықтадық.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында теңеу молынан кездеседі. «Сөз басы» өлеңінде:

«Надандықтың белгісі –

Еш ақылға жарымас.

Жайылып жүрген **хайуандай**

Ақ, қараны танымас [4, 6]», – дейді. Надан адамның ақылы кем екенін, жайылып жүрген жануардай ақ-қараны айырмайтын, санасы жоқ екенін айтады. Ал, «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде:

«Адамды **құстай** ұшырды,

Мал істейтін жұмысты

От пен суға түсірді.

Теңізде жүзді **балықтай**,

Дүниені кездік жалықпай.

Желкілдеп шыққан **көк шөптей**,

Жаңаөспірім достарым [4, 8]», – деп өнер-білімнің адамзатты қандай дәрежеге жеткізетінін, өркениетті елдің технологиясы қаншалықты дәрежеде дамитынын сол кезде айтып кеткен. Қиыннан қиыстырып, көркемдік қуатын күшейтіп жазған осы бір өлең әлі де болса өзінің өзектілігін жоймаған өлең десе болады.

Ыбырай шығармаларында ата-ананы құрметтеу керектігі жақсы қамтылған. Мәселен, «Бұл кім?» өлеңінде:

«Аялы қолда талпынтқан,

Қаймақты сүттей қалқытқан.

Суық болса жөргегін,

Қорғасын оқтай балқытқан.

Айналасына ас қойып,

Изені **көлдей** шалқытқан» [4, 9]», – деген өлеңінде ананың құдіретін шынайы келтіре білген, сендіре білген. Ананың аялы алақаны баланы кілегейі толы, бетіне қаймағы шығып тұрған сүттей қалқытуы, астындағы жаялығы яки жөргегі суық болса, қорғасыннан оқ жасаған сәттегідей ып-ыстық етіп балқытуы, бәрі-бәрі ананың балаға деген махаббатын анық, айқын көрсетіп тұрғандай.

Ақын өлеңдерінің дені – өсиет өлеңдер. «Береке кеткен елдерде» атты өлеңінде берекесі кетіп, іргесі сөгілген елде «**Алатаудай** атаға, ұл қышқырса керек-ті» деп келтіреді. Шынында берекесі жоқ елде өзінен жасы үлкен, абыройы мол ақсақал мен қарияларға жас балалардың қырын қарап, қыңыр сөйлейтіні анық.

Ыбырай ақын – табиғат жыршысы. «Жаз», «Өзен» өлеңдерінде табиғатты суреттеп, әспеттеп жазады. Мәселен:

«Ұйқыдан көзін ашқан **жас балаша**,

Жайқалып шыға келер жердің гүлі [4, 18]», – деп жердің гүлін тәтті ұйқысынан еркелеп енді оянған жас балаға теңейді. Сәуірде Жер-Ана бусанып, бар тіршілікке жан бітіп, бойға нәр жинап енді оянған даланы ұйқысынан оянған жас балаға елестетеді.

«Адамзат нәр ауасын **судай** жұтар,

Жетпеген үлкендікке жас балалар,

Шөл тартқан **айуандарша** құмарланып.

Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып.. [4, 18]», – деп келтіруінің өзінде де бір мән бар. Осы бусанған табиғаттың ауасы жанға шипа, дертке ем. Шипалы ауаны су ішкендей сіміріп, шөл тартқан айуандарша деп төрт түліктің төресі түйені меңзеген сыңайлы. Ал, енді «Өзен» деген өлеңінде:

«Таулардан өзен ағар сарқыраған,

Айнадай сәуле беріп жарқыраған [4, 20]», – деп таудан бастау алған тұмса бұлақ айнадай жарқырап, нұрланып тұратынын жазады. Сол өзеннің суынан «өксіген оттай жанып жануарлар» рақат тауып, жан сарайлары ашылып, сусауы басылады.

Ыбырай ақын И. Крыловтың мысал өлеңдерін тәржімалағаны мәлім. Көбіне-көп қазақ жағдайына, тұрмысына лайықтап, елеп-екшеп аударған. «Қайырымды түлкі» атты өлең:

«Бір мерген **бозша** құсты атып алды,

Қоймады өлтіріп-ақ жалғыз жанды» [4, 22]», – деп басталады. Құстың түсіне дейін теңеп келтірген ақынның көркемдік құралды орынды пайдаланғанын көруге болады.

Теңеуді жалғаусыз, әртүрлі көмекші сөздермен де келтіруге болады. Сондай сөздің бірі – «бейне» сөзі. И. Крыловтан аударған «Егіннің бастары» атты өлеңінде:

«Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,

Бейне бір жалғыз өзін көпке санап [4, 24]», – деп жалғыз өзі басын көтеріп тұрған бидайдың әрекетін өткір тілімен турап өтеді.

Ыбырайдың тағы бір аудармасы «Қарға мен түлкі» өлеңінде:

«Мақтау сөзге семіріп **судай** тасып,

Пәрменінше «қарқ!» етті ауызын ашып [4, 25]», – деп қарғаның мақтау сөзге судай тасығанын, лепіргенін тап-тұйнақтай етіп келтіреді.

Джули Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде: «Дәстүрлі әдеби троптар (құбылту) сөздің әдеттегі мағынасын толықтыру немесе ауыстыру арқылы оның мазмұнын байытады. Милтонның «Жоғалған жұмақ» поэмасының бірінші кітабында періштелерді Флоренцияның оңтүстігіндегі Валломброза маңындағы бұлақтың бетіне төгілген жапырақтармен салыстыратын керемет теңеу бар. Мұндай теңеулер, дәлірек айтсақ, мәтін ішіндегі салыстырулар, өлең жолдарындағы көркем кестеленген сәнді өрнекті еске түсіреді. Сайтан өзінің бүкіл әскерін жинап алып, жер бетіне жіберген сәтінен бастап **теңеулер** басталады» [5, 40], – деп дәлме-дәл анықтама берген болатын.

Көркемдегіш құралдың бір түрі – эпитет. «Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [6, 145].

Эпитет арқылы автордың ғұмырды, табиғатты, әлемді білуін, алғырлық, байқам-паздық, суреткерлік қабілеті шындалғанын біле аламыз. Профессор Рабиға Сыздық: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың, бір белгісін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың, табиғи қалыпты белгісі емес» [7, 87], – дейді. Есіркепова К.Қ: «Эпитет – тіл өрнегіндегі өте жиі көрінетін әрі бояу ерекшелігі де құбыла құлпырып келетін құбылыс» [8, 85], – деп атап өтеді.

Көбіне, көп ақын шығармашылығын зерттеген кезде, эпитетті көзге іле бермейді. Алайда ақынның өмірге деген көзқарасын, суреткерлік қырын осы бір көркемдегіш құрал арқылы біле аламыз. Ыбырай шығармашылығындағы эпитеттерді «ұлттық таным», «заттың түр-түсі», «кісінің кескін-келбеті, бітім-болмысы» деп топтарға бөлген болатынбыз.

Ұлттық танымды білдіретін эпитеттер: Иманды ер («Өсиет өлеңдер»), әзіз ер («Өсиет өлеңдер»), Алатаудай ата («Береке кеткен елдерде»).

Затты әр қырынан көрсететін эпитеттер: Сиса көйлек («Сөз басы»), аяңшыл ат («Сөз басы»), кірлі көйлек («Бұл кім?»), асқар тау («Өсиет өлеңдер»), арық мал («Өсиет өлеңдер»), жаман айғақ («Әй, достарым»), рақмет туы («Жаз»), нұрдың буы («Жаз»), жердің гүлі («Жаз»), жаңбырлы күн («Жаз»), нәр ауа («Жаз»), хош иіс («Жаз»), қызыл алтын («Жаз»), боз үй («Жаз»), көк шалғын («Өзен»), әділ қазы («Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз»), жалғыз қарға («Қарға мен түлкі»).

Кісінің кескін-келбетін, бітім-болмысын бейнелейтін эпитеттер: Есті бала («Сөз басы»), есер бала («Сөз басы»), Кәріп көңіл («Өсиет өлеңдер»), есіл көңіл («Өсиет өлеңдер»), қасы кара («Әй, жігіттер!»), қызыл жүзді («Әй, жігіттер!»), қамқор ана («Ананың сүюі»), жалғыз жан («Қайырымды түлкі»), сар мойын («Қайырымды түлкі»).

5 Қорытынды

Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы теңеу мен эпитеттер ойды көркем әрі бейнелі жеткізудің ең бір тиімді тәсілі ретінде қолданылған. Сонымен қатар, ақынның өзіндік қолтаңбасын аңғартуға да қызмет еткен. Теңеулердің басым көпшілігі негізінен: 1) *-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін* жұрнақтарының көмегімен; 2) *-ша, -ше* жұрнағының көмегімен жасалған. Ал эпитеттерге келсек, ағартушының эпитеттерді беруінің ерекшелігіне байланысты жоғарыда үш түрге бөліп қарастырған болатынбыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Алаш»: – 2003, – 407 бет.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 бет.
3. Бекбосынова А.Х., Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. – Қостанай. ЖСШ «Центрум», 2014. – 152 бет.
4. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар. – Алматы: Раритет, 2008. – 208 бет. – «Балалар әдебиетінің алтын қоры» сериясы.
5. Әдебиет теориясы: Антология. 1-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 бет.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. –170 бет.
7. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Зият Пресс, 2004. – 64 бет.
8. Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай. ТОО «Центрум», 2010. – 153 бет.

Материал редакцияға түсті: 15.06.2022

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БЕКТЕМИСОВА, А.А.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И. АЛТЫНСАРИНА
(ПРИМЕНЕНИЯ СРАВНЕНИЙ, ЭПИТЕТОВ)**

В статье подробно проанализированы особенности употребления сравнений и эпитетов, встречающихся в произведениях И. Алтынсарина, передовые мысли просветителя, их воспитательное значение. Также остановились на научных трудах, написанных в рамках этой темы, проанализировав мнения ученых. Разобрали их на группы.

Ключевые слова: художественная особенность, сравнение, эпитет, национальное познание.

BEKBOSSYNova, A.H., BEKTEMISOVA, A.A.

**ARTISTIC FEATURES OF THE WORKS OF I. ALTYN SARIN
(THE USE OF COMPARISONS, EPITHETS)**

The article analyzes in detail the features of the use of comparisons and epithets found in the works of I. Altynsarin, the advanced thoughts of the educator, their educational significance. We also focused on scientific works written within the framework of this topic, analyzing the opinions of scientists. We sorted them into groups.

Key words: artistic feature, comparison, epithet, national cognition.

ӘОЖ 811/811.879

Божекенова, Ж.Т.

биология магистрі,
жаратылыстану ғылымдары пәндері
кафедрасының аға оқытушысы

Кожмухаметова, А.С.

жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
жаратылыстану ғылымдары пәндері
кафедрасының аға оқытушысы,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтурсынов атындағы,
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан

**«ЦИТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГИСТОЛОГИЯ» ПӘНІНІҢ МЫСАЛЫНДА ОҚУ ҮРДІСІНДЕ
CLIL ҚОС ТІЛДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

Түйін

Мақалада CLIL технологиясын қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары туралы айтылады. Бұл технологияны оқу процесіне енгізудің негізгі теориялық ережелері, әдістемелік принциптері мен үлгілері, сонымен қатар оны «Цитология және гистология» пәнін оқыту кезінде қолдану мысалдары келтірілген.

Кілт сөздер: CLIL технологиялары, пән мазмұны, тілдік мазмұн, лингвистикалық және коммуникативті құзыреттер.

1 Кіріспе

Бүгінгі таңда қазіргі қоғамда ұлтаралық және мәдениетаралық кеңістікте заманауи тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері өте өзекті, сонымен бірге екінші тілді меңгеру кәсіби білім мен мүмкіндіктерді кеңейту құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты тілдерді оқытудың жаңа білім беру технологиялары пайда болуда.

Осы технологиялардың бірі CLIL шет тілін пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту болып табылады (Content and Language Integrated Learning). CLIL екінші тілді үйренуді басқа

пәндерді меңгеру құралы ретінде қарастырады, осылайша білім алушының оқуға деген қажеттілігін қалыптастырады, бұл оның коммуникациялық қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар ана тілінде де ойлауға мүмкіндік береді. CLIL дидактикалық әдіснаманың келесі анықтамасы ең көп кездеседі – студенттердің жалпы білім беру білімдері мен дағдыларын қалыптастырып, дамытатын контекстінде шет тілінде тілдік және коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық әдістеме.

2 Материалдар мен әдістер

Кез келген оқу пәннің шеңберінде оқытушылар студенттердің пәндік және шет тілін даярлық деңгейіне қарай қолда бар оқу материалдарын өз бетінше бейімдейді немесе әзірлейді. CLIL-де оқу материалдарының көпшілігі қолданатын тілдің немесе тапсырмалардың күрделілігіне байланысты бейімделуді қажет етеді. Оқытушылар ұсынған сайттардан да мәселе туындауы мүмкін. Барлық ресурстар студенттерге шет тілін меңгеру деңгейі бойынша қаншалықты қолайлы екенін алдын ала тексеру керек. Студенттер осы пәнді оқу процесінде жағдаятты есептерді шешу үшін пайдаланатын шет тілін биология пәнінің оқытушылары да қажетті деңгейде меңгеруі керек. Мұны жағдаятты есептің мысалы арқылы көрсетуге болады:

Situational task: The cells lining the intestine have a brush border. In some pathological conditions, it is destroyed.

Questions: 1. What is the brush border formed by? 2. What function does it perform? 3. What function of intestinal cells will be affected?

CLIL бойынша білім алушылар берілген тіл үлгісін қайталау үшін оны бірнеше рет тыңдау керек.

CLIL-дің 4 компоненті. CLIL сабақтарын жоспарлау кезінде Д. Койл әзірлеген 4-С принципіне сүйену керек.

1. Мазмұны: цитология және гистология дегеніміз не? (жасуша, ұлпа, ұлпа қызметтері).

2. Қарым-қатынас: білім алушылар сабақ барысында қай тілде сөйлеседі? Мысалы, жасушалардың құрылысы мен ұлпалардың түрлерін зерттеуге арналған биологиялық терминология.

3. Таным: белгілі бір биологиялық мәселені шешу үшін оқушыларға қандай ақыл-ой операциялары қажет? Мысалы, анықтау, жіктеу, пайымдау, жалпылау.

4. Мәдениет: сабақта мәдени компонент бар ма, яғни әр түрлі мәдениеттердің студенттері эпителий ұлпасының жіктелуін басқаша орындайды ма?

Білім алушылар биологиялық тілді және ауызекі тілді пайдалана білуі тиіс. Әрбір пән өзінің арнайы тілін пайдаланады (content-obligatory). Оған арнайы пәндік лексика мен терминдер, грамматикалық құрылымдар мен функционалды сөз өрнектері жатады. Мұның бәрі оқу пәні аясында жаңа білім алу, білім алмасу, топтық талқылауға қатысып тапсырмаларды орындау және т. б. үшін қажет. Жалпы ауызекі тіл (content-compatible language) бұл, мысалы, мектеп бағдарламасы аясында және ЖОО-да шет тілін оқыту барысында меңгерген тілді қолдану, осы тілде студенттер CLIL сабақтарында сөйлесе алады.

Мысалы, бір ұлпадағы жасушалардың атқаратын функцияларына байланысты ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талқылау үшін биология пәнінің оқытушысы ағылшын тіліндегі келесі тілдік өрнектерді бөліп көрсете алады:

Content-obligatory language	Content-compatible language
Cell, tissue, cell shape, function localization, intercellular connections I complete the comparison table	The same, different, general, structure, contain, produce This mean

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

CLIL сабағын жоспарлау. Бар білімді өзектендіру.

Сабақтың тақырыбы бойынша бұрыннан бар білімді жаңартудан бастау маңызды және пайдалы. Сабақ тақырыбы бойынша ана тілінде студенттердің жеткілікті білімі болуы мүмкін, бірақ бұл ақпаратты шет тілінде жеткізуде қиындықтар туындайды.

Мысалы, ми шабуылы кезінде студенттер жаңа тақырып бойынша мәселені ана тілінде талқылап пікірталас өткізеді, содан кейін шешімдерін шет тіліне аударады.

«Кіріс мәліметтер» және нәтиже.

Оқытушы CLIL сабағында қандай «кіріс мәліметтер» ұсынатындығын жоспарлауы керек. Ақпарат қалай ұсынылады? Ауызша немесе жазбаша түрде, электронды немесе қағазға басылып беріле ме? Бұл ақпарат фронтальды, топтық немесе жұптық жұмыс үшін пайдаланылады ма? Оқытушы сонымен қатар оқу нәтижесін жоспарлауы керек. Студенттер мазмұнды қалай іске асырады және талқылайды? Шет тіліндегі лексикасы мен сабақтың «тілі» қандай? Талқылау ауызша, жазбаша немесе практикалық дағдыларды көрсету арқылы өтеді ме? Тапсырма қалай орындалады: жеке, топтарда немесе жұпта ма? Бағалау критерийлері қандай?

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт.

Бөлінген уақыт – бұл оқытушының шет тілінде қойылған сұраққа жауап құрастыруға арналған үзіліс. Егер пән ана тілінде оқытылмаса, студенттерге жауап беру үшін көбірек уақыт қажет болуы мүмкін, әсіресе оқудың бастапқы кезеңдерінде. Оқытушы барлық студенттерге пікірталасқа қатысуға мүмкіндік беретін үзіліс жасауы өте маңызды.

Жұптық немесе топтық жұмыс.

Оқу процесінде арнайы пәндік лексика мен тілдік клишелерді қолдануды ынталандыратын тапсырмаларды қамтиды. Жұпта жұмыс істеу кезінде лексиканы қолданып бекіту үшін бос орындарды арнайы ақпаратпен толтыруға, сөздер мен кескіндерді, суреттерді сәйкестендіруге (labelling), диалогтарды құруға және т.б. бағытталған тапсырмаларды қолдануға болады. Топтық жұмыс өткен тақырып бойынша презентациялар құруды көздейді. Жаттығулар жаңа пәндік және тілдік материалдарды игеруге және бекітуге бағытталуы керек.

Танымдық сынақ (Cognitive challenge).

Әдетте студенттерге шет тілінде танымдық қабілеттерін дамыту үшін айтарлықтай қолдау қажет. Олар шет тілі сабақтарында қолданылатын ауызекі сөйлеу тілін ғана емес, пәндерді оқуға қажетті академиялық тілді де дамытуы керек. CLIL арқылы оқу кезінде оқудың басында да студенттерге түсінуге қиын ұғымдар мен терминдердің үлкен көлемі қиындықтар туғызады.

Бұл кезеңде студенттерге белгілі бір қолдау көрсету маңызды. Ол үшін «scaffolding» стратегиясын уақытша пайдалану ұтымды.

Мысалы, оқытушы сөйлемнің басын тақтаға жазады, ал студенттер сөйлемді өз бетімен аяқтау керек.

We found that the	in the preparation	_____ cell of the _____ tissue
We found that the in the preparation blood cell of the connective tissue.		

Білім алушылардың ой-өрісін дамыту.

Оқытушылар ақыл-ой операцияларының дамуына түрткі болатын сұрақтар қоюы керек. Мысалы, осындай ашық сұрақтар - Ұлпа дегеніміз не? Қай жерде орналасқан? Ұлпаның қандай түрі? Ол қандай функцияны атқарады? т.б. немесе тілдің күрделі құрылымдарды қолдануды талап ететін сұрақтар: Неге? Қалай? Қалайша? т.б. CLIL контекстінде білім алушылар сұрақтарға жауап іздейді. Тиімді жұмыс істеу үшін CLIL оқытушылары:

- дұрыс айтылымды тындау үшін аудио дыбысталуы бар онлайн сөздіктерді пайдалануы керек;
- барлық студенттердің пәндік салада қарым-қатынасқа қажетті функционалдық тілді білуіне көз жеткізу, мысалы, препаратты түсіндіру, себеп-салдарды сипаттау;
- студенттерге қажетті арнайы пәндік сөздік қорына назар аударып, сөздерді тақырып бойынша жазу, мысалы: жасуша, ұлпа, ұлпа түрлері, қызметі;
- ақпаратты берудің және жұмысты ұйымдастырудың сан алуан формаларын қолдану, білім алушылардың жеке және шығармашылық іс-әрекетіне бағдарлау тиіс.

Бұл шет тілі сабақтарына тән белсенділік пен коммуникативті тәсіл аясында жүргізілсе, базалық пәндерді оқу студенттер үшін әлдеқайда қызықты әрі нәтижелі болады деген сөз.

5 Қорытынды

CLIL технологиясын қолданудағы көптеген қиындықтарға қарамастан, оны енгізу қажеттілігі айқын. Бұл әдістеменің басты артықшылықтарының бірі студенттердің шет тілдерін үйренуге деген ынтасын арттыру болып табылады. Тіл нақты коммуникативті міндеттерді шешу үшін қолданылатындықтан, тілді меңгеру мақсаты айқын. Сонымен қатар, студенттер меңгеріп жатқан тілдің мәдениетін жақсырақ үйренуге және түсінуге мүмкіндік алады, тілдік материалының ауқымды көлемін өз бойынан өткізеді, сонымен, студенттің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі қалыптасады. Бұл – табиғи тілдік ортаға толықтай ену болып табылады.

Әдебиет тізімі

1. Сафарова А. М. Изучение иностранного языка с применением элементов современной методики CLIL в образовательном процессе // Педагогическое мастерство: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2016 г.). – М.: Буки-Веди, 2016.
2. Richards, J. C. & Rogers, T. S. (2014). Approaches and methods in Teaching. Cambridge: CUP.
3. BOOK_CLIL.pdf (nu.edu.kz).
4. The CLIL Resource Pack – Photocopiable Resource Book (ORG).pdf (vk.com).

Материал редакцияға түсті: 26.05.2022

БОЖЕКЕНОВА, Ж.Т., КОЖМУХАМЕТОВА, А.С.

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ДВУЯЗЫЧНОГО ОБУЧЕНИЯ CLIL В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ НА ПРИМЕРЕ ДИСЦИПЛИНЫ «ЦИТОЛОГИЯ И ГИСТОЛОГИЯ»

В статье рассказано о преимуществах и трудностях использования технологии CLIL. Приведены основные теоретические положения, методические принципы и модели реализации данной технологии в образовательном процессе, а также примеры ее применения, в частности при обучении дисциплины «Цитология и гистология».

Ключевые слова: технологии CLIL, предметное содержание, языковое содержание, лингвистические и коммуникативные компетенции.

BOZHEKENOVA, ZH.T., KOZHMUKHAMETOVA, A.S.

APPLICATION OF BILINGUAL LEARNING TECHNOLOGY CLIL IN THE EDUCATIONAL PROCESS ON THE EXAMPLE OF THE DISCIPLINE "CYTOLOGY AND HISTOLOGY"

The article describes the advantages and difficulties of using the CLIL technology. The main theoretical provisions, methodological principles and models of the implementation of this technology in the educational process, as well as examples of its application, in particular when teaching the discipline «Cytology and Histology» are given.

Key words: CLIL technologies, subject content, language content, linguistic and communicative competencies.

ӘОЖ 8.81

Ысқақова, Ш.Ғ.

Тіл және әдебиет теориясы

Кафедрасының аға оқытушы,

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Сабыржан, Н.С.

Қазақ тілі мен әдебиеті»

оқу бағдарламасының 3 курс студенті,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,

Ө.Сұлтанғазин атындағы

педагогикалық институты,

Қостанай, Қазақстан

ТӨЛЕН ӘБДІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АУЫСПАЛЫ НӨЛДІК МОРФЕМАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйін

Нөлдік морфема – тіл білімінің енді дамып келе жатқан, кенже қалған саласы. Берілген мақала Төлен Әбдіктің шығармаларындағы ауыспалы нөлдік морфеманың қолданысын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: *грамматика, нөлдік морфема, ауыспалы нөлдік форма, септік.*

1 Кіріспе

Тілдегі барлық құбылыстардың бірден ғылымда таныла бермейтіні белгілі. Тілдік құбылыстардың сыры бірте-бірте ашыла түседі. Осындай тілдік құбылыстың бірі – нөлдік морфема мәселесі.

Нөлдік морфема тілде ықшамдылық, жинақтылық, ұтымдылық үшін қолданылады. Қазақта «Аз сөз алтын, көп сөз көмір» деген мақала қысқа сөйлеп ойды толық, нақты, дәл жеткізуді халықтың жоғары бағалайтынын білдіреді. Керісінше, «Көк мылжың» сияқты тіркестер көп сөзділікті жаратпаудан, ұнатпаудан шыққан. Бұл сөзді бағалаған халқымыздың салтының сөзге, сөйлеу білуге қояр шартының бірі іспетті.

Грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағынамен тығыз байланысты, оны білдірудің бір жолы, амал-тәсілі деп қабылдасақ, тіл жүйесінде грамматикалық мағынаның ешбір грамматикалық формасыз берілетін жағдайлары да кездеседі. Нөлдік форма жалпы түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне де тән сипатымен ерекшеленеді. Қазақ тілінде мұндай форма, негізінен, ілік, табыс септіктерінің жалғаусыз түрі мен бұйрық райдың екінші жақ жекеше түріне тән. Нөлдік форма сырттай түбір тұлғамен ұқсас болғанымен, сөз түбірінің барлығын грамматикалық нөлдік форма деп қарауға болмайды. Грамматикалық форма сөйлеу үдерісінде сөздерді өзара байланыстырып, әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Нөлдік форма мен грамматикалық форма грамматикалық мағынаны білдіру қызметімен ерекшеленеді. Нөлдік форманың өзіндік белгілерін анықтауда Ы. Маманов, С. Исаев, Н. Оралбай, Ж. Балтабаева т.б. ғалымдар оның түрлі ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Мәселен, С. Исаев, Н. Оралбай «белгіленушісі, яғни мағынасы бар», «сөздердің түрлену жүйесінен, парадигмадан орын алады», «парадигмада оппозиция болады» десе, Ә. Төлеуов, Н. Сауранбаев, Ж. Балтабаевалар «қосымша сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбай қолданылады, бірақ жалғанбаса да мағына білдіреді» деген тұжырым жасайды [1, 16 б.].

2 Материалдар мен әдістер

Қазақ тілінде мағына тек белгілі бір дыбыстық құрамнан тұратын морфема арқылы белгіленеді деп ешкім айта алмайды. Себебі қазақ тілінде сөздің ешбір қосымшасыз семан-

тикалық тәсіл арқылы екпіннің де мағынаға қатысты жағдайлары кездеседі, қосымшалары толық емес, ал морфемалардың берілуі тілден кең орын алады.

Нөлдік морфема сөздің мағыналы кіші бөлшегі сөзде болмай, ол мағынаны түбір сөз ешбір морфемасыз білдіргенде қолданылады [2, 201 б.].

Нөлдік форма жайында тіл білімінде әр түрлі пікір бар. Кейбір ғалымдар арнайы формасыз-ақ грамматикалық мағына бар жердің бәрін нөлдік форма деп қарайды. Мысалы, О.Н. Суник түрік тіліндегі *иш* сөзі *иш* деген түбір зат есім мен бұл жерде жекелікті білдіретін нөлдік форма тудырушы қосымшадан тұрады. Сөйтіп, атауыш сөздердің негізгі түбірі күйіндегі тұлғалардың бәрі нөлдік грамматикалық форма дейді.

Қазақ тіліндегі нөлдік формаға мынадай мысал келтіруге болады:

Жартасқа бардым, күнде айғай салдым,

Одан да шықты жаңғырық (Абай). – деген сөйлемде *бардым, айғай салдым, шықты* етістіктері мынадай грамматикалық мағыналарды білдіреді.

1) қимыл, салттылық мән: *бар, айғай сал, шық* түбірлері арқылы

2) жедел өткен шақ – *ды, ді* тұлғалары арқылы (*бар-ды, айғай салды, шықты*), алғашқы екі етістікке жекеше, I жақ, - *м* тұлғасы арқылы (*барды-м, айғай салды-м*) және үшінші етістікте 3-жақ мағынасы бар. Бірақ оны көрсететін арнайы форма берілмеген: *шықты – О*. Міне, бұл – *нөлдік форма* [3, 175 б.].

Тәуелдік категориясының ішкі мағыналық ерекшеліктерін білдіретін жалғаулары бола тұра, олардың кейбір ішкі мағыналары қолданыста жалғаусыз берілетін кездері кездеседі. Тәуелдік мағынаның қолданыста көрсетілген жалғауларсыз да берілуі бар екенін ғалымдар ертеден-ақ байқаған. Тек ғылымның даму дәрежесіне байланысты оны нөлдік морфема деп атамаған. Мысалы:

Кейімеші жар ізгі,

Кейімеші, тәңірім.

Осы өлеңдегі **жар** деген сөз 1-жақ жекеше тәуелділіктің нөлдік формасында қолданылған. Егер ақын **жарым ізгі** деп бұл сөзді тәуелділіктің жалғауымен қолданса, өлең буын саны келіспес еді, сондықтан ақын **жар** сөзін нөлдік формада қолданған [4, 140 б.].

Сандылық категориясының көптік мағынасын білдіретін жалғауы бары белгілі. Жалғауы бола тұра, көптік мағына қолданыста көптік жалғаусыз нөлдік морфема (жалғау) арқылы да беріледі. Мысалы, *Өткен жылдың егіні жақсы болғандықтан, Қызылжар да, жолшыбайғы ауыл, селолар да мейлінше күйлі, көңілді екен* (С. Мұқанов).

Тілімізде бір тұлғалы бірыңғай мүшелердің соңғысының қосымшасын сақтап, алғашқыларын нөлдік формада қолдану қалыптасқан заңдылық деуге болады. Сондықтан ауылдар болып көптік тұлғасында, формасында айтылуға тиісті сөз сөйлемде нөлдік формада қолданылған [4, 142 б.].

Ілік септіктің нөлдік тұлғасы түрлі-түрлі байланыс, қатынастық мағынаны білдіруіне байланысты тілде өте жиі қолданылады, яғни байланыс, қатыс мағыналарының түрлілігі нөлдік тұлғаның жиі қолданылуын туғызған [4, 157 б.].

Табыс септіктің нөлдік формасының мәтінде қайталануды болдырмау үшін, стильдік қолайсыздықты тудырмау үшін, ақындардың өлең сөзінде ұйқас үшін, өлең жолының буын санына сәйкестік іздеумен байланысты, мақал-мәтелдерде ойды қысқаша жеткізу мақсатында қолданылатыны айқындалды.

Қайталау стильдегі үлкен кемшілік саналатыны белгілі. Қайталау бірыңғай мүшенің бір ерекшелігі. Бірыңғай мүшелер бір тұлғада бірінен соң бірі тізіліп қолданылатын сөздер екені белгілі, олардың саны үштен, төрттен аса береді. Мысалы, *Балаларға футболды, жүгіруді, күресуді, баскетболды, волейболды үйретуді жоспарлаймыз* (Т. Молдабекұлы). Осы сияқты бір сөйлемде табыс септік тұлғасының бірнеше сөзде қайталануы әсемділік, стильдік қолайлылық туғызып тұрған жоқ. Табыс септіктің нөлдік тұлғасы мен қосымшалы тұлғасының аралас қолданылуы тілдегі грамматикалық тұлғалардың қайталанбауына қолайлы

жағдай жасайды, мағынаның анықтығына, ойдың түсініктілігіне әсер етеді, тілдің мүмкіндігін, орамдылығын арттырады [4, 174 б.].

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы Т. Әбдіктің «Әке» және «Оң қол» әңгімелерінде кездесетін **ауыспалы нөлдік морфема:**

Ілік септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. **...есік Ø алдына** шыға берген бойда шақырайған күннен қорғанып, көздерін жан-жағына алып-қашып әлек болды [5, 6 б.].

2. Үш ай қыста, бір жарым ай көктем төсек тартып жатқан жанға дәл қазір шақырайған **күнØ** сәулесінен өткір, қатерлі ештеңе жоқ еді [5, 6 б.].

3. ... ұзақ уақыт **төсекØ** зардабын тартып, аурудан есеңгіреп, өңі жуған шүберектей құп-қу болған жан ғана, бәлкім, түсінсе түсінер... [5, 6 б.].

4. Кенет жақын тұстан мәңіреген **сиырØ** дауысын есітіп, бірақ өзін көре алмай, жан-жағына алақтап отырғанда... [5, 8 б.].

5. – Қайным-ау **елØ** қатарына қосылып, жол жүргенің құтты болсын [5, 8 б.].

6. әйелі **ҰлтуØ** телевизердің әңгімесі деп Американың қайсыбір жерлерін **дауылØ** соққанын, **қысØ** ортасында болған жылы ауа райынан қалың **қарØ** ерте еріп, Еуропаның қалаларын **суØ** басып қалғанын айтатын [5, 10 б.].

7. Апам **үйØ** шаруасымен жүр [5, 22 б.].

8. **ЕрегісØ** басы – боқ жеме [5, 28 б.].

9. **ТіршілікØ** иісі сезілмейді [5, 29 б.].

10. Мұқаштың әйелі көзіне көрінген **мүлікØ** пен малдың бәрін қарғап-сілеумен кешке әрең басылды [5, 40 б.].

Барыс септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. Жолдағы бұталған **отын Ø** мен жаңғырыққа, шылапшынға сүріне, сипалап жүріп есікке келдім [5, 1 б.].

Табыс септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. ...жүгіріп келген қоңқақ **мұрынØ** қара баланы да біреуге ұқсатқандай болып еді [5, 6 б.].

2. Сол кезде «**сорпаØ** әкел» деген айғай шықты [10].

3. Кешке **қойØ** сойып, Айсаларды шақырды. [11].

4. Үш солдат келіп, **биеØ** саудырып тұрған жерінде Нұржанды атып кетіпті [12].

5. Әбсаттарды да, **НұржанØ**, Дүйсендерді де көрдік [5, 16 б.].

6. Біз секілді қара халыққа **жерØ** қаздың не, **шөпØ** шаптың не – бәрібір [5, 19 б.].

7. Тырекең қып-қызыл болып қайта-қайта **нанØ** шайнай береді [5, 28 б.].

8. **ҚойØ** сойып, **қонақØ** күтіп отырсың [5, 32 б.].

9. Келесі күні Өмірзақтың машинасымен **ауылØ** аралауға шықтым [5, 52 б.].

10. Басына жібек **шәліØ** бүркенген Кәмшат түрегеп тұр [5, 53 б.].

Тәуелдік жалғаудың көпше түрі:

1. ...тағатсыз күтіп тұрғандай еркелеп, өзімсінгенін, **бетіØ** мен мойнын сүйіп, қолдарына дейін аймалап жатқанын айтсайшы [5, 11 б.].

2. Біздің **үйØ** фермада болатын [5, 38 б.].

3. Біздің **үйдіңØ** дәл қасында Мұқаш шалдікі бар [5, 40 б.].

4. Сол күннен бастап ауыл адамдары біздің **үйгеØ** бір аяушылықпен қарайтын болды [5, 44 б.].

5. Біздің **кластағыØ** жалғыз екпінді мен болатынмын [5, 48 б.].

6. Бірақ біздің **тұқымғаØ** тіл мен көз үйір еді [5, 48 б.].

7. Шүкір **заманØ** тыныш, **елØ** аман... [5, 37 б.].

Жатыс сепігінің ауыспалы нөлдік морфема:

1. Үш ай **қыстаØ**, бір жарым ай **көктемØ** төсек тартып жатқан жанға дәл қазір шақырайған күн сәулесінен өткір, қатерлі ештеңе жоқ еді.

Көптік жалғау арқылы жасалған ауыспалы нөлдік морфема:

1. Біреулер **атӨ**, біреулер **өгізӨ**, тіпті ештеңесі жоқтар сиырларын жегіп жүрді [5, 19 б.].

5 Қорытынды

Қорыта келгенде, нөлдік морфема тілде ойды қажетті түрде жеткізудің ерекше тәсілі. Ақындар мен жазушылар шығармасының тілге жатық келіп, жеңіл оқылуы үшін көбіне осы тәсілге жүгінетіні белгілі. Ғылыми мақала Төлен Әбдіктің шығармаларындағы ауыспалы нөлдік морфеманы табуға арналған. Жалпы алғанда, Төлен Әбдік өзінің әңгімелері мен повестерінде ауыспалы нөлдік морфеманы стильдік жағынан да ойды жеткізе білу жағынан да сәтті қолдана алған.

Әдебиеттер тізімі

1. 1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы – 1973ж. – 180 б.
2. 2 Қалыбаева А. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 192 б.
3. 3 Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: 2007. – 336 б.
4. 4 Омарова А. Қазіргі қазақ тіліндегі нөлдік морфема. А., 2004, 46-123 б.
5. 5 Әбдікұлы Т. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.

Материал редакцияға түсті: 08.06.2022 ж

ИСКАКОВА, Ш.Г., САБЫРЖАН, Н.С.

В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТОЛЕН АБДИК ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕРЕХОДНОЙ НУЛЕВОЙ МОРФЕМЫ

Нулевая морфема – это уже развивающаяся, более поздняя область языкознания. Представленная статья посвящена исследованию употребления чередующейся нулевой морфемы в произведениях А.А. Толстого.

Ключевые слова: грамматика, нулевая морфема, переменная нулевая форма, падеж.

ISKAKOVA SH.G., SABYRZHAN, N.S.

IN THE WORKS OF TOLEN ABDIK USING A TRANSITIONAL NULL MORPHEME

The zero morpheme is an already developing, later field of linguistics. The presented article is devoted to the study of the use of alternating zero morpheme in the works of A. A. Tolstoy.

Key words: grammar, zero morpheme, variable zero form, case.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

UDC 371.72

Bekmukhambetova, L.S.

*Master of economics, Kostanay regional university
named after A. Baitursynova,
sports and physical education theory and practice of
hardening teacher of the department,*

Ibraeva, R.G.

*Pedagogical sciences candidate Kostanay regional
university named after A. Baitursynova,
theory and practice of physical culture and sports
associate professor of the Department,
Kostanay, Kazakhstan*

IS SOCIAL-PEDAGOGICAL ASPECTS OF A HEALTHY WAY OF LIFE PUPILS OF KOSTANAY

Abstract

In work results research of social and pedagogical monitoring activity of school students of Kostanay concerning sports activity are presented. It is carried out social and pedagogical monitoring which was directed on studying activity of school students concerning sports activity including with use means of physical culture. As technological base for implementation of the project work specially developed questionnaires were chosen and the analysis is carried out. The developed analysis and justification of the importance and relevance of a problem of formation positive the relations of school students to physical culture, as to means of strengthening of health, including with use of results of social and pedagogical monitoring.

Key words: *health, monitoring, sport, physical development, activity.*

1 Introduction

According to the message of the President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, in his message to the people of Kazakhstan dated January 29, 2010, pointed out that a healthy lifestyle and the principle of a person's joint responsibility for their health «should become the main thing in state policy in the field of healthcare and everyday life of the population» [2]. To form the responsibility of the younger generation for their own health is our fundamental task. Up to 30% of Kazakhstanis should be involved in mass sports. Only in this case will progress be made. The health of each person, as a component of the health of the entire population, becomes a factor determining not only the usefulness of his existence, but also the potential of his capabilities.

The level of health of the people, in turn, determines the measure of socio-economic, cultural and industrial development of the country. From the point of view of sustainable and stable growth of the welfare of the population, the healthcare industry. From the point of view of sustainable and stable growth of the welfare of the population, the healthcare sector, which is a single developed, socially oriented system designed to ensure accessibility, timeliness, quality and continuity of medical care, is one of the main priorities in the republic [3].

Children are our contribution to the society of the future. The level of well-being and stability of any country in the following decades will depend on their health and how we ensure their growth and development, including adolescence, until reaching adulthood [3]. The phenomenon of «health» has a certain specificity. The difficulty of studying the state of health is that the

basis of adolescent behavior related to health is a variety of, sometimes conflicting, needs [5]. The concept of «physical activity» largely reflects a person's socially motivated attitude to physical culture. The goal of physical education is to achieve a certain level of physical activity [7]. According to V.K. Balsevich, physical activity of a person should be considered as the main sphere of formation of physical culture of a person [1].

An integral part of a healthy lifestyle is physical activity, which is understood as human activity aimed at achieving physical perfection, which is characterized by specific qualitative and quantitative indicators [6]. The concept of «physical activity» largely reflects a person's socially motivated attitude to physical culture. The goal of physical education is to achieve a certain level of physical activity. According to V.K. Balsevich, physical activity of a person should be considered as the main sphere of formation of physical culture of a person [4].

